

# Сіздің жаңа өміріңіз





# Сіздің жаңа өміріңіз

Бірінші басылым

Луиз Джетер Уокер

Өз бетінше жұмыс жасауға арналған құрал  
Ғаламдық Университет оқытушыларының көмегімен дайындалған



Халықаралық университеттің жергілікті адресі:

«Қазақстандағы Құдай Ассамблеясы»  
Қауымдастық нысанындағы  
заңды тұлғалардың бірлестігі  
050039 Алматы қаласы  
Байрон көшесі, 84  
Қазақстан Республикасы

School for Evangelism and Discipleship  
Global University  
1211 South Glenstone  
Springfield, MO 65804  
USA

Translated from the Eleventh Edition 2007. PN 11.17.01 (English)  
First edition 2020 (Kazakh)  
© 2020 Global University  
All rights reserved.

---

© 2020

CL1110kz

Kazakh: *Your New Life* by L. Jeter Walker

Егер басқаша көрсетілмесе, Жазбалардағы үзінділер Киелі Кітаптың 2010 жылғы аудармасынан алынған. Авторлық құқық © 1993, 1996, 2000, 2010 «Жаңа өмір» баспасы. Рұқсат бойынша пайдаланылады. Барлық құқықтар сақталған.

Қазақстан Республикасында басылған.

# Мазмұны

---

МӘСІХШІЛІК ӨМІР СЕРИЯСЫ .....	4
КІРІСПЕ .....	5

## 1 ТАРАУ

1 Сіз жаңа өмір бастадыңыз .....	14
2 Сіз жүруді үйренудесіз .....	24
3 Сіздің Әкеңіз сізбен сөйлеседі .....	36
4 Сіздің рухани өскіңіз келе ме? .....	48
5 Жаңа өмір – жаңа іс-әрекеттер .....	58

## 2 ТАРАУ

6 Сіз ұстанатын жаңа қағидалар .....	76
7 Сіздің көмекшіңіз бар .....	84
8 Сіздің өміріңіз нұрға кенеледі .....	94
9 Отбасыңыздың бақытты болғанын қалайсыз ба? ..	106
10 Сіздің жаңа бостандығыңыз .....	118
ӘР ТАРАУДА АЛҒАН БІЛІМІҢІЗДІ БАҒАЛАУ СҰРАҚТАРЫ .....	132
СОҒҒЫ СӨЗ .....	141
ОҚУШЫ САУАЛНАМАСЫНЫҢ СҰРАҚТАРЫ .....	142

## Мәсіхшілік Өмір Сериясы

### **Сіздің жаңа өміріңіз**

Сіздің Киелі Кітабыңыз

Иса кім?

Қауым

Жеке Ізгі хабармен бөлісу

Киелі Кітап этикасы

Сіз сиынғанда

Киелі Кітапты қалай оқу керек?

Сіздің досыңыз және көмекшіңіз

Мәсіхшілік табыну

Мәсіхші жұмысшылар

Неке және үй

Құдайдың жоспары – сіздің таңдауыңыз

Жохан жазған Ізгі хабар

Біз сенеміз

Қауымдар не істейді?

Тәлім беру қызметі

Мәсіхші қоғам өмірінде

## КІРІСПЕ

*Сіздің жаңа өміріңіз* – жаңа сенушілерге арналған практикалық шәкіртшілік бағдарламасының он сегіз курсының бірі. Мәсіхшілік өмір сериясы – оқушыларға Мәсіхпен қарым-қатынастарында өсуге, Құдай Сөзіне сай әрекет етуге, өмірлеріне деген Құдайдың мақсатын жақсы түсінуге көмектесетін оқу құралы.

Оқушылар негізгі мәсіхшілік тақырыптарды қайталанып отыратын алты тақырып арқылы оқиды. Курстардың стилі әңгімелесу формасында және оқуға жеңіл етіп жазылған. Төмендегі кестеде Мәсіхшілік серия бөлімдерінің қалай сұрыпталғаны көрсетіледі.

	1 - бөлім	2 - бөлім	3- бөлім
<b>Рухани өмір</b>	Сіздің жаңа өміріңіз	Сіз сиынғанда	Құдайдың жоспары – сіздің таңдауыңыз
<b>Киелі Кітап</b>	Сіздің Киелі Кітабыңыз	Киелі Кітапты қалай оқу керек	Жохан жазған Ізгі хабар
<b>Теология</b>	Иса кім?	Сіздің досыңыз және көмекшіңіз	Біз сенеміз
<b>Қауым</b>	Қауым	Мәсіхшілік табыну	Қауымдар не істейді?
<b>Қызмет</b>	Жеке Ізгі хабармен бөлісу	Мәсіхші жұмысшылар	Тәлім беру қызметі
<b>Мәсіхшілік этика</b>	Киелі Кітап этикасы	Неке және үй	Мәсіхші қоғам өмірінде

## Осы курсты оқу жолдары

Осы курс сіз өз бетіңізше оқу үшін жазылған. Дегенмен осы курсты әр түрлі топтарда да оқуыңызға болады. Егер осы курсты өз бетіңізше оқысаңыз, оқу құралының нұсқауларын орындау арқылы тапсырмаларды орындай аласыз. Егер басқа оқушылармен топта оқысаңыз, қосымша мұғалімнің де нұсқауларын мұқият орындаңыз.

## Осы құралды қолдану тәсілдері

Әр сабақты оқуға кететін уақыт – курсты бастамай тұрып тақырыпты каншалықты білу және оқу қабілетіңіздің деңгейіне байланысты. Сабақты оқуға кететін уақыт сіздің нұсқауларды мұқият орындап, өз бетіңізше оқу қабілетіңізді жақсартуыңызға да байланысты. Курстың авторы мен өзіңіздің алға қойған мақсаттарыңызға жету үшін жеткілікті уақыт бөлетіндей оқу уақытының кестесін жасаңыз.

Оқуыңызға көмектесу үшін әр сабақта кіріспе, оқылатын тақырыптар, сабақтың мақсаттары, тақырыпқа байланысты тапсырмалар, сабақтың соңында оқу үлгеріміңізді бақылау үшін тапсырмалардың жауаптары берілген.

## Оқу үшін ұсыныстар

1. Осы сабақтарды оқу үшін тыныш, тұрақты бір уақыт бөліңіз. Оқу – күнделікті өміріңіздің бір бөлшегі болса, сабаққа зейін қоюңыз жеңіл болады.
2. Әр сабақты мінәжат етумен бастаңыз. Ашылып тұрған Киелі Кітаппен, Киелі Рухпен және осы курста сіз Киелі Рухтың сыныбындасыз. Жаратқан Иеден сабақты түсінуге және сол сабақты өміріңізде қолдануға көмектесуін сұраңыз.
3. Сабақтың кіріспесін, оқылатын тақырыптарын, сабақтың мақсаттарын жібермей оқыңыз. Бұлар маңызды нәрселерге зейін қоюыңызға көмектесіп, нені үйрену керектігіңізді көрсететін тақырыптың шолуы.
4. Сабақты мұқият оқып шығыңыз. Киелі Кітап аяттарын тауып, көмек болатын ескертпелер жазыңыз. Киелі Кітап аяттары сабақтың маңызды тармақтарын нығайтады.



5. Тапсырмалардағы сұрақтардың жауабын белгіленген жерлерге жазыңыз. Ұзақ жауаптарды дәптеріңізге жазуыңызға болады. Дәптеріңізге жауаптарды жазғанда, сабақтың реттік санын және тақырыбын белгілеңіз. Жауаптарын алдын-ала қарамаңыз. Тапсырмаларға өз жауабыңызды беру – оқыған тақырыбыңызды есте сақтауға көмектеседі. Тапсырмаларға жауап бергеннен кейін, сабақтың соңында берілген жауаптармен салыстырыңыз. Қате берген жауаптарыңызды қайта қарап шығыңыз. Сіз келесі сұрақтарға жауаптарды байқаусыз көріп қалмау үшін жауаптар ретімен берілмеген. Тапсырмадағы сұрақтар өте маңызды. Сабақтарда ұсынылған негізгі пікірлерді есте сақтауға және үйренген қағидаларды өміріңізде қолдануға көмектеседі.
6. Әр тараудың соңында тарауда алған біліміңізді бағалау сұрақтарына жауап беріңіз.
7. Уақыт бөліп, өзіңізге ыңғайлы қалпында оқыңыз.

## Сұрақтарға қалай жауап беру керек

Осы курста әр түрлі сұрақтар түрі қолданылған. Төменде жиі қолданылған түрлі сұрақтардың және жауаптарының үлгісі берілген.

### *Дұрыс жауаптарды таңдауға берілген сұрақтар:*

Көрсетілген жауаптар нұсқасының дұрысын таңдау керек.

### Мысалы:

**1** Аптада неше күн бар?

**а)** 10 күн

**ә)** 7 күн

**б)** 5 күн

Дұрыс жауап «ә» – 7 күн. Оқулықтағы сұрақтарға жауап бере отырып, дұрыс жауаптың алдындағы әріпті шеңбермен қоршаңыз.

(Кейбір тапсырмаларда бірнеше жауап дұрыс болуы мүмкін. Дұрыс жауаптың бәрін белгілеген жөн.)

### *Дұрыс-Бұрыс*

Дұрыс-Бұрыс тапсырмасында дұрыс сөйлемдерді таңдау керек.

### Мысалы:

Төмендегі жауаптардың қайсысы ДҰРЫС?

- а) Киелі Кітап 120 кітаптан тұрады.  
 Ә) Киелі Кітап бүгінгі заманның сенушілеріне арналған хабар.  
 б) Киелі Кітаптың барлық авторлары еврей тілінде жазды.  
 В) Киелі Кітап Киелі Рухтың жетелеуімен жазылған.

ә) және в) жауаптары дұрыс. Жоғарыда көрсетілгендей, дұрыс деп тапқан жауаптарыңызды шеңбермен қоршайсыз.

### Жұбын табу

Жұбын табу тапсырмасында бір-біріне мағыналары сай келетін сөздер мен сөйлемдерді анықтау керек. Мысалы қандай да бір есімге сай келетін сипаттама немесе Киелі Жазба кітабына сай авторды табу қажет болуы мүмкін.

### Мысалы:

Әр сөйлемнің алдындағы орынға соған сай (жауап) жетекшінің есімі берілген нөмірді жазыңыз:

- |  |         |
|--|---------|
| 1. а) Синай тауында Он Заңды қабылдады | 1) Мұса |
| 2. ә) Исраилді Иордан арқылы алып өтті | 2) Ешуа |
| 3. б) Иерихонды айналып жүрді          |         |
| 4. в) Перғауынның сарайында өмір сүрді |         |

а) және в) сөйлемдері Мұсаға, ал ә) және б) сөйлемдері Ешуаға байланысты. Сізге а) мен в)-ның алдына 1 санын, ал ә) мен б)-ның алдына 2 санын жазу керек.

### Әр тарауда алған біліміңізді бағалау

Осы курстың соңында тарауда алған біліміңізді бағалау сұрақтарын және жауап беруге арналған беттерді көресіз. Берілген нұсқаларды мұқият орындаңыз. Жауап беруге арналған беттерді толтырып, жауаптарыңызды тексертуге оқытушыңызға жіберіңіз. Ғаламдық университетте оқымасаңыз да, тараудың бағалау сұрақтарын толтырудың пайдасы бар. Ұлттық және жергілікті бөлімдер арқылы оқитын оқушылар тарауды бағалау сұрақтары жайлы оқытушымен немесе директормен байланысуы керек.

## Қосымша көмек

Жауаптарыңызды сізге жақын арадағы ХСИ орталығына қалай жіберу керектігі туралы «Әр тарауда алған біліміңізді бағалау» бөлімінде жазылған. Мекен-жайы оқулықтың бірінші бетінде көрсетілген. Егер мекен-жайы жоқ болса, онда жауабыңызды төменде көрсетілген (ағылшын тілінде) ХСИ орталығына жіберіңіз.

## Автор жайында

Луиз Джетер Уокер өмір бойы адамдарға мәсіхшілік ақиқаттарды түсіндіруге көмектесті. Мәсіхшілік білім беруде Бакалавр және Магистр дипломдары бар. Құдай Ассамблеясына (ҚА) қызметші ретінде тағайындалған. Оның кітаптары мен оқу материалдары Перу, Куба, Орталық Америка, Батыс Индия және Бельгиядағы 62 жылдан астам қызметінің тәжірибесін көрсетеді.

*Сіздің жаңа өміріңіз оқу құралын бастауыңызды Құдай жарылқасын! Жүрегіңіз Құдай Сөзінің ақиқатына ашық болсын!*

## Алғы сөз

Сіз Иса Мәсіхті Құтқарушыңыз ретінде шақырған сәтте ғажайып жағдай болды. Түнектен жарыққа шықтыңыз. Күнәларыңыз кешірілді, Құдайдың отбасының мүшесі болдыңыз. Жаңа өмірді қабылдадыңыз. Осы кітап – Исаның сіз үшін істеген әрекеті арқылы алған жаңа өміріңіз жайлы үйретеді.

Сіздің жаңа өміріңіз – Әкеңізден тікелей берілген сый. Бұл өмір – мәңгілік! Мәңгілік өмір – Көктегі Құдайдан келгенімен де, сіз қазір осы әлемде сол өмірді сүре бастайсыз. Құдайдың күші күннен күнге Оған ұқсағаныңызша, сізді өзгертеді. Құдайға мойынсұнған сайын сіз ескі қалауларыңыз бен әдеттеріңізден арылып, өміріңізде керемет өрнектер қалыптасады.

Осының бәрі қалай іске асады? Құдайдың баласы болғаннан кейін не болады? Қандай ерекшелігі бар? Көктегі Әке сіздің қалай өмір сүргеніңізді қалайды? Сізден не қалайтынын Ол сізге қалай жеткізеді? Сізге қандай көмек береді? Осы курс жоғарыдағы сұрақтарға жауап беру үшін жазылған. Сіз Құдай берген жаңа өмір туралы маңызды шындықты түсінесіз.



---

## **Сабақтар**

- 1** Сіз жаңа өмір бастадыңыз
- 2** Сіз жүруді үйренудесіз
- 3** Әкеңіз сізбен сөйлеседі
- 4** Сіз рухани өскіңіз келе ме?
- 5** Жаңа өмір, жаңа іс-әрекеттер

# 1 Сіз жаңа өмір бастадыңыз

---

Қырықбуын көбелекке айналғанда не болады? Тұқым қалай мықты ағашқа айнала алады? Осы таңғажайып өзгерістер мен үрдістерді табиғат заңы басқарады. Енді сіз мәсіхші болғаннан бастап, сізде рухани өмір пайда болып, сіздің өміріңізде қырықбуын мен тұқымнан әлдеқайда зор ғажайып өзгерістер болады. Құдай сізді Өзінің Ұлы Иса Мәсіхке ұқсас етеді!

Сіз көбелек сияқты бостандықтың рахатын және Құдайдың өміріңізге деген керемет жоспарын көресіз. Ағаш сияқты өсіп және ол сияқты жеміс бересіз. Осының бәрі сізбен, сіз жоғарыдан туылғандықтан және Құдай отбасының мүшесі болғандықтан іске асады. Енді сіз ерекше адамсыз – сіз Құдайдың баласысыз.

Бірінші сабақта Киелі Кітап сізде болған өзгеріс жайлы не айтатынын көресіз. Сіз өзіңіздің жаңа артықшылықтарыңыз бен міндеттеріңіз жайлы білесіз. Сіз өзіңіз көктен туылған отбасы жайлы үйренесіз. Құдай рухани бауырластарыңызбен сіздің құруыңызды қалайтын жаңа қарым-қатынас жайлы үйренесіз.



## ***Сабақтың қысқаша мазмұны***

---

А. Сіз Исаға бет бұрғанда не болды?

Ә. Енді сіз не істеуіңіз керек?

Б. Сіздің жаңа отбасыңыз.

## ***Сабақтың мақсаттары***

---

1. Киелі Кітап сіздегі өзгерістер жайлы не айтатынын көрсету.
2. Сіздің мықты мәсіхші болуыңыз үшін не істеу қажеттігін көрсету.
3. Сіздің Құдайдың баласы ретіндегі жаңа қарым-қатынасыңызды сипаттау.

## **А. СІЗ ИСАҒА БЕТ БҰРҒАНДА НЕ БОЛДЫ?**

Өркімнің Киелі Кітапты оқып-зерттеуіне көптеген себептер бар. Біз мына үшеуін қарастырайық: 1) артықшылық; 2) рухани өсу жолдары; 3) Құдайдың бізге деген жоспарын үйрену әдісі.

**1 Мақсат.** Киелі Кітап сіздегі өзгерістер жайлы не айтатынын көрсету.

Сіз Иса Мәсіхті Құтқарушыңыз ретінде қабылдағаннан бастап, сізде жаңа өмір басталды. Иса – таусылмайтын, кемерінен асқан қуанышты өмір Беруші. Сіз Тәңірге өзіңіздің күнә мен қателіктерге толы өміріңізді бердіңіз, ал Ол сізге Өзінің күнәні жеңіп, жеңіске жеткен өмірін берді. Құдайдың баласы ретінде сіз енді керемет өмірді бастадыңыз.

## ***Тапсырма***

---

- 1 Сіздің жаңа өміріңіз мынаған байланысты –
  - а) Сіздің мәсіхші болу әрекеттеріңізге.
  - ә) Өмір Беруші Иса Мәсіхке.
  - б) Қауымға қосылуыңызға.

## 2 Сіздің жаңа өміріңіз ... басталды

- а) Иса Мәсіхті Құтқарушыңыз ретінде қабылдаған сәттен
- ә) мәсіхшілік жайлы бәрін түсінгеннен кейін
- б) жақсы адам болуға шешім қабылдағаннан кейін



Иса Мәсіх сізде өмір сүргендіктен, сіз жаңа өмірге ие болдыңыз. Бұл туралы Құдай Сөзі Киелі Кітапта жазылған.

«Құдай оларға осы құпия хабарда басқа ұлттар үшін қаншама мол жарылқау бар екенін білдірмек болып шешті: Мәсіх жүректеріңнен орын алды, сол себептен болашақ ұлылықтан үміттісіңдер» (Қол. 1:27).

*НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!* Аяттың соңындағы сілтеме (Қол. 1:27) Киелі Кітаптың қай жерінде жазылғанын айтады. Кітаптың атын, тараудың әлде тараулардың және аяттың немесе аяттардың нөмірін көрсетеді.

## Тапсырма

**3** Иса Мәсіх сізде өмір сүру арқылы келетін жаңа өміріңіз жайлы ... білдіңіз.

- а) ғылым және философиядан
- ә) әр түрлі діни ілімдерден
- б) Құдай Сөзі – Киелі Кітаптан



Мәсіхтің сізде өмір сүруі арқылы сіз мәсіхші бола аласыз. Кейбір адамдар мәсіхшілік өмір – көңілсіз де сұрқай сопылық тіршілік, яғни көптеген әр түрлі ережелерге мойынсұнуға міндеттейді деп ойлайды. Бұдан үлкен қателік болуы мүмкін емес! Сіздің Мәсіхтегі жаңа өміріңіз сіз ойлағаннан әлдеқайда қуанышты, асып-тасыған және жайқалған өмір болып табылады. Иса былай деді: «Ұры ұрлап, сойып, құрту үшін келеді. Ал Мен адамдар шынайы өмірге ие болсын және өмірі рухани игілікке толы ағыл-тегіл мол болсын деп келдім» (Жох. 10:10).

## Тапсырма

---

- 4 Жохан жазған Изгі хабар 10:10 аяттағы Исаның сөздерін бірнеше рет оқып шығып жаттап алыңыз.
- 5 Иса Мәсіхтің келу себебі:
- а) сізді күнәңызға бола жазалану үшін.
  - ә) сізге ағыл-тегіл мол өмір беру үшін.
  - б) ережелер мен тәртіп орнату үшін.

Мәсіх берген жаңа өміріңізде сіз жаңа түсінікке, жаңа көзқарасқа, жаңа мақсат пен жаңа мағыналы өмірге ие боласыз. Күнәнің ауыртпалығы алынып, сіздің күнәларыңыз кешірілді. Құдайға және жақыныңызға деген жаңа сүйіспеншілік сіздің жүрегіңізді толтырып, сізге тыныштық пен қуаныш алып келді. Барлық жақсылық пен әсемдікті жаңаша бағалап, сіз Құдайдың күші мен сүйіспеншілігін сезесіз. Жаңа мақсат – Құдайға ұнау және басқаларға көмек беру, сіздің өміріңіз бен ісіңізге жаңа бағыт береді.

Қырықбуын көбелекке айналғанда, ол бұрынғы істей алмаған нәрселерді істей алады. Ол бұрын жорғалап жүрген жердің үстімен ұша алады. Сіз бұдан да үлкен өзгерісті бастан өткіздіңіз. Киелі Рух жасаған өзгерістер өміріңіздің барлық саласына әсер етеді. Сіз, шын мәнінде, өлімнен өмірге өттіңіз! Сіз енді айыпты күнәкар емессіз! Сіз Құдайдың кешірімін алдыңыз, енді сіз Құдайдың баласысыз! Енді шынайы еркіндік пен қуанышқа толы жаңа өмірге ие бола аласыз!

## Тапсырма

---

- 6 Сіз Исаны өзіңіздің Құтқарушыңыз болуға шақырғаннан бастап, сіздің өміріңізде қандай өзгерістер болғанын өз сөзіңізбен сипаттаңыз.

.....

.....

- 7** Сіз жоғарыдан туылып, Құдайдың отбасына қосылғанда – ... жаңа өмір бастадыңыз.
- а)** барлық мұқтаждықтардан азат
  - ә)** өз қалауыңызбен әрекет ететін ерікті
  - б)** Құдайға және жақыныңызға деген сүйіспеншілікке толы



## Ә. Енді Сіз Не Істеуіңіз Керек?

**2 Мақсат.** Сіздің мықты мәсіхші болуыңыз үшін не істеу қажеттігін көрсету.

Сіз Құдайдың отбасындағы жаңадан туылған нәресте іспетті Оның сүйіспеншілікке толы қамқорлығының рахатын көресіз. Оның сіздің деніңіздің сау және күшті болуға көмектесу пейілін қабылдауыңыз керек. Ол сізге жаңа болмыс берді, сіз өз тарапыңыздан оны дамыту үшін күш салуыңыз керек.

Осы кітап жаңа болмысыңызды дамытуға көмектеседі. Сіз осы сабақтарды зерттей отырып, өзіңізге Құдайдың баласы ретінде берілген жаңа артықшылықтарыңыз бен жауапкершіліктеріңіз жайлы үйренесіз. Жердегі өміріңізде олардың күллі рахатын көріңіз. Көктегі үйінде Өзімен бірге өмір сүруіңіз үшін Исаның сізді жанына алатын күні де туады, сол үй бұл әлемдегі нәрселерден мыңдаған есе керемет болады.

Ең бастысы Мәсіхпен тығыз байланыста тұрып, Оның сізге сыйлаған жаңа өмірінде нығайып өсу. Иса былай деді: «Менімен тығыз байланыста тұрыңдар, сонда Мен өздеріңмен тығыз байланыста тұрамын. Сол секілді сендер де Менімен тығыз байланыста тұрмасаңдар, рухани өнім бере алмайсыңдар» (Жох. 15:4-5). Пауыл былай жігерлендіреді:

«Сендер Иеміз Мәсіх Исаны қалай қабылдаған болсаңдар, солай Онымен тығыз байланыста жүріңдер! Негіздерің Мәсіхте болып, терең тамыр жайып, өсе беріңдер; өздеріңе үйреткен сенімді мықтап ұстанып, Құдайға шексіз алғыс айтатын болыңдар!» (Қол. 2:6-7).

## Тапсырма

---

- 8** Осы курстың мақсаты – сізге ... көмек беру.
- а) діни сұқбатта
  - ә) мәсіхшілер орындауға тиісті ережелерді үйренуге
  - б) Құдайдың баласы ретінде берілген жаңа артықшылықтарыңыздың рахатын көруге
- 9** Сіз өзіңіздегі жаңа мәсіхшілік болмысыңызды дамыту үшін...
- а) Мәсіхпен тығыз байланыста болуыңыз керек.
  - ә) Исаға ұқсауға бар күшіңізді салуыңыз керек.
  - б) басқа мәсіхшілердей әрекет етуіңіз керек.



## Б. Сіздің Жаңа Отбасыңыз

**3 Мақсат.** Сіздің Құдайдың баласы ретіндегі жаңа қарым-қатынасыңызды сипаттау.

### Құдай – сіздің Әкеңіз

Бүкіл әлемді жаратқан Құдіретті Құдай енді сіздің сүйікті Әкеңіз болды. Сіз Оны қатығез, сізден алыс, қол жетпейтін біреу деп ойламаңыз. Ол қазір сіздің оң жағыңызда және сіздің барлық мәселелеріңізді шешуге көмектескісі келеді.

Енді сіз Құдайдың баласы болғандықтан, сіздің Әкеңіз Өзімен ашық әрі сеніммен, баласы өзінің мейірімді және сезімтал әкесімен сөйлескеніндей сөйлесуіңізді қалайды. Күн демей, түн демей әр уақытта мінәжат етіп, Онымен сөйлесіңіз. Оған өзіңіздің барлық мұқтаждықтарыңызды ашып айтыңыз, барлық жарылқаулары үшін Оған алғыс білдіріңіз. Оны сізге қатысты нәрсенің бәрі де қызықтырады. Сізге көркем сөздер немесе жаттанды дұға айту керек емес; жай ғана Оған жүрегіңізден шыққан сөздеріңізді жеткізіңіз.

## Тапсырма

---

- 10** Жаңа өміріңізде Құдай сіз үшін –
- а) сізден алыс Біреу.
  - ә) сүйөші Әкеңіз.
  - б) тапсырманың орындалуын қадағалайтын мырза.
- 11** Сіз жаңа өміріңізде қалай мінәжат ете алатыныңызды сипаттайтын сөйлемнің алдындағы әріпті шеңбермен қоршаңыз.
- а) Шын жүрегіңізбен сөйлесу арқылы.
  - ә) Жаттанды, мұқият іріктелген сөздер арқылы.
  - б) Көктегі Әкеге бала сияқты келу.
  - в) Мейлі күн, мейлі түн болсын, қалаған уақытта.
  - г) Оның сізді сүйетінін білу.
  - ғ) Тек қана қауым ішінде.



## Иса Мәсіх – сіздің Ағаңыз

Құдайдың отбасында Иса Мәсіх – сіздің Ағаңыз. Ол сізді қатты сүйгендіктен, сізді құтқару үшін өлді. Енді Ол сіздің күнәні жеңіп, қуанышты өмір сүруіңізге көмектесуді қалайды. Өзі адамға айналып, жер бетінде өмір сүргендіктен, Ол сіздің мұқтаждықтарыңызды түсінеді. Оған құтқарылғаныңыз үшін және Оның сізге күнделікті көрсетіп жатқан көмегі үшін алғыс айтыңыз.

## Тапсырма

---

- 12** Өз сөзіңізбен келесі сөйлемді толықтырыңыз:

Иса Мәсіх – мені түсінетін Ағам, өйткені Ол .....

.....

.....



## Киелі Рух – сіздің Көмекшіңіз

Киелі Рух – сіздің өміріңізде жоғарыдан туылу кереметін жасаған Үшбірліктің бір тұлғасы. Ол сіздің күнакар болмысыңызды өзгертіп, сізді Құдайдың баласы етті.

Дегенмен әлі де ескі болмысыңызбен күресуге тура келеді, сондықтан Киелі Рух сіздің жүрегіңізде өмір сүріп сізге көмектесу үшін келді. Егер сіз Оған сеніп, мойынсұнып Онымен бірлесе жұмыс істесеңіз, Ол сізге не істеу керектігін үйретіп, сізге қажетті күш береді.

### ***Тапсырма***

---

**13** Жоғарыдан туылу сізде... көмегімен болды.

- а) Киелі Рухтың
- ә) ізгі хабаршының
- б) бағушының

**14** Киелі Рухтың мақсаты –

- а) сізді әрбір қателігіңіз үшін жазалау.
- ә) Құдай сізден не қаласа, соны күштеп істету.
- б) сізде өмір сүріп, сіздің дұрыс істерді істеуіңізге көмектесу.

---

## Басқа мәсіхшілер сіздің бауырларыңыз

Жоғарыдан туылған әрбір мәсіхші Құдайдың баласы болып есептеледі. Құдай – біздің Әкеміз болғандықтан, біз, сенушілер, өзара мәсіхтегі бауырластармыз.

Алдыңғы мәсіхшілер сіздің Құдайдың баласы болып, Оның отбасына қосылғаныңызға қуанады. Олар сіздің рухани өсуіңізге, әрі мықты мәсіхші болуыңызға көмектесуге әрдайым дайын.

Егер сізде қиындықтар туындаса, бағушымен немесе қауымдағы басқа мәсіхші бауырластарыңызбен сөйлесіңіз. Олар сізбен бірге сиынып, сізге қолынан келгенше көмек береді.

## Тапсырма

---

**15** Сіздің жаңа өміріңізде басқа мәсіхшілер сізге бауыр, өйткені...

- а) олар қауымға барады.
- ә) олар дінді жақсы деп санайды.
- б) оларда да сіздегідей Көктегі Әке бар.

**16** Сіздің жаңа отбасыңызда сіздің Онымен ерекше қарым-қатынасыңызды сипаттайтын Тұлғаның реттік санын Оның сипатына сәйкес сөйлемнің алдына қойыңыз.

- ... а) Сізге Құдайдың еркін орындауға көмектесу үшін сізде өмір сүреді. 1) Құдай
- ... ә) Мұқтаждықтарыңызбен бөлісіп, сізбен бірге сиынады. 2) Иса Мәсіх
- ... б) Сізді түсінетін, сіздің Ағаңыз. 3) Киелі Рух
- ... в) Сізді сүйеді және сіздің Әкеңіз болады. 4) Басқа мәсіхшілер
- ... г) Сізді құтқару үшін өлді.





## **Өзіңіздің жауаптарыңызды тексеріңіз**

Тапсырмадағы сұрақтарға жауаптар сіздің келесі сұрақтарға жауаптарды уақытынан бұрын көріп қоймауыңыз үшін әдеттен тыс ретпен берілген. Тек өзіңізге қажетті сандағы жауапты іздеңіз, басқа жауапқа қарамауға тырысыңыз.

**10 ә)** сүюші Әкеңіз

**1 ә)** Өмір беруші Иса Мәсікке.

**11 а)** Шын жүрегіңізбен сөйлесу арқылы.

**б)** Көктегі Әкеге бала сияқты келу.

**в)** мейлі күн, мейлі түн болсын, қалаған уақытта.

**г)** Оның сізді сүйетінін білу.

**2 а)** Иса Мәсіхті өзіңіздің Құтқарушыңыз ретінде қабылдаған сәттен бастап.

**12** Сіздің жауабыңыз шамамен былай болу керек: Ол адамға айналып жерде өмір сүргенде, осы сияқты мәселелермен кездесті.

**3 б)** Құдай Сөзі – Киелі Кітаптан.

**13 а)** Киелі Рухтың.

**5 ә)** сізге ағыл-тегіл мол өмір беру үшін.

**14 б)** сізде өмір сүріп, сізге дұрыс істерді істеуге көмектесу.

**7 б)** Құдайға және жақынына деген сүйіспеншілікке толы.

**15 б)** оларда да сіздегідей ортақ Көктегі Әке бар.

**8 в)** Құдайдың баласы ретінде берілген жаңа артықшылықтарыңыздың рахатын көруге

**17 а)** 3) Киелі Рух

**ә)** 4) басқа мәсіхшілер

**б)** 2) Иса Мәсіх

**в)** 1) Құдай

**г)** 2) Иса Мәсіх

**9 а)** Мәсіхпен тығыз байланыста болуыңыз керек.

## САБАҚ 2 Сіз жүруді үйренудесіз

---

Сіз жүруді үйреніп жүрген нәрестені бақылап көрдіңіз бе? Нәресте тәлтіректеп, аяқтарын шалыс басып, бөлмеде қолы жеткен нәрселерді ұстайды. Бірақ қаншама қуаныш десеңізші! Оның жүзі бүкіл әлемді билеп алғандай күйде! Иә, осылайша бірде жүріп, бірде тоқтап, бірде құлап, бірақ қайта тұрып ары қарай жалғастыра береді, бала осылайша жүруді үйренеді. Жүріп кетуге деген талпынысы өте күшті. Баласының осы талпынысын және әр қадамын қолдап оған көмектесу үшін оны жақсы көретін ата-анасы әрдайым қасында болады.

Бір жағынан сіз де осы нәресте сияқтысыз. Сіз Құдайдан жаңа өмір алдыңыз. Баланың жүріп үйренгені сияқты, сізге де жаңаша өмір сүруді үйренуге тура келеді. Жетістікке жетемін деген ұмтылысыңыз күшті болу керек. Сіздің Көктегі Әкеңіз әрдайым сіздің жаныңызда, көмектесуге дайын. Бірақ сіз талпынуыңыз керек. Сіз қолыңызды Оған ұстатып, әрі қарай ұмтыла беріңіз. Егер сіз осылай істесеңіз, онда күннен-күнге жүрісіңіз жақсарады. Сіздің қадамдарыңыз нық әрі сенімді болады. Сіз сирек сүрінетін боласыз. Сіздің мүмкіншілігіңіз өсіп және өміріңіздегі Құдайдың керемет жоспарын орындайсыз.

## ***Сабақтың қысқаша мазмұны***

---

- А. Өз қолыңызды Құдайдың қолына ұстатыңыз.
- Ә. Мұқтаждықтырыңызды Құдайдың көмегімен шешіңіз.
- Б. Құдайдың айтқанын орындаңыз.

## ***Сабақтың мақсаттары***

---

1. Мәсіхпен бірге жүрудің нені білдіретінін сипаттау.
2. Жабырқау, қарсылық пен күмәнді қалай жеңуді білу.
3. Құтқарылғаныңызға нық сенімді болуға қадам жасау.

## **А. Өз Қолыңызды Құдайдың Қолына Ұстатыңыз**

### **1 Мақсат.** Мәсіхпен бірге жүрудің нені білдіретінін сипаттау.

Баласының алғашқы қадамдарын көргенде, ата-ана қандай бақытты болады десеңізші! Ал сіздің Көктегі Әкеңіз Өз баласының мәсіхшілік өміріндегі жетістіктеріне одан да бетер қуанады. Құлап қаламын деп қорықпай, тек қолыңызды Әкеңіздің қолына ұстатыңыз, Ол сізге көмектеседі. Әр күні оянғанда, сол күнде істейтін әрбір ісіңізде Оның көмегін сұраңыз.

## ***Тапсырма***

---

- 1 Жаңа өміріңізде жүруді үйрену үшін ...
  - а) өзіңізге және мүмкіншілігіңізге сенім артуыңыз керек.
  - ә) қолыңызды Оған ұстатып, Оның көмегіне сүйенуіңіз керек.
  - б) не істеу керектігін білгенше күтуіңіз керек.



## Ә. МҰҚТАЖДЫҚТАРДЫ ҚҰДАЙДЫҢ КӨМЕГІМЕН ШЕШІҢІЗ

**2 Мақсат.** Жабырқау, қарсылық пен күмәнді қалай жеңуді біліңіз.

### Шайтан сізді күйретуге ұмтылды ма?

Шайтан немесе әзәзіл Құдайдың және әрбір мәсіхшінің жауы болып есептеледі. Ол сізді сүріндіріп құлатуға ұмтылады. Ол сізге қарсы қудалау, мазақтау, күмән мен еліктіруді қолдануы мүмкін. Ол сізге құтқарылғаныңызға күмән туғызуға тырысады. Шайтан әрдайым мәсіхшілерге қарсы күрес жүргізіп, оларды Құдайдан ажыратуға тырысады. Ол, әсіресе, жаңадан туылған мәсіхшілерге көңілдеріне күмән жіберіп, бастарына қиыншылықтар туғызып, шатастырып бағады. Ол сіздің Құдаймен бірге жүріп үйренгеніңізді қаламайды.

Сонымен Құдаймен бірге жүруді үйреніп жатқанда бірнеше қақтығыс сезсеңіз, оған таң қалмаңыз. Нәресте жүгіріп жүріп, кейде орындыққа соғылып бір жерін ауыртып алуы немесе тепе-теңдікті жоғалтып құлап та қалуы мүмкін, бірақ бұл қайтадан жүруден бас тартуға себеп болмайды ғой.

### *Тапсырма*

---

**2** Дұрыс жауаптардың алдындағы әріпті шеңбермен қоршаңыз.

- а)** Шайтан жаңадан туылған мәсіхшілердің көңілдерінде құтқарылғандарына күмән туғыза бастайды.
- ә)** Егер сізде жабырқау пайда болса, бұл Құдайдың сізге қаһарының белгісі.
- б)** Сіз мәсіхші болғандықтан, кейін сізде ешқандай мұқтаждық болмайды.
- в)** Сіз жаңа туылған мәсіхші ретінде шайтанның өзіңізге қарсы күресетінін білуіңіз керек.

Ең бастысы, есіңізде болсын, сіздің Көктегі Әкеңіз шайтаннан әлдеқайда күшті әрі Ол сіздің қолыңыздан ұстап тұр. Жохан жазған Ізгі хабар 10:28 аят былай дейді: «Соларға мәңгілік өмір беремін. Олар ешқашан жойылмайды, ешкім оларды Менің қолымнан тартып та алмайды».

## Тапсырма

---

**3** Исаның Жох. 10:28 аяттағы сөздерін жаттап алыңыз.

### Исаның аты үшін азап шектіңіз бе?

Сіздің отбасыңыз немесе кейбір достарыңыз сізді Иса Мәсіхке сенгеніңіз үшін күлкі етсе, оған таңданбаңыз да, қайғырмаңыз да. Олар сізді қудалауы да мүмкін. Сіз үшін айқышта өлген Исаның атына бола азап шегу – үлкен құрмет және артықшылық. Біз *өз айқышымызды алып*, Исаның соңынан ереміз, сол арқылы Оның құрбандығын бағалайтынымызды Оған білдіреміз.

Ең бастысы, Тәңір Иеміз Өзі үшін азап шеккендерге сыйлық уәде етті. Лұқа жазған Ізгі хабар 9:23 аятта былай деп жазылған: «Бұдан кейін Иса халықтың бәріне арнап мынаны айтты: Маған еріп шәкіртім болғысы келген әркім өз еркі бойынша өмір сүруін қойсын, әрі айқышын арқалаған кісідей азапты өлімге күн сайын дайын болып Менің жолыммен жүрсін!».

«Әділдік үшін қудаланғандар бақытты: Құдай Патшалығы сондайларға арналған! Адамдар сендерді Маған бола қорлап, қудалап, әр түрлі жала жауып жамандаса, бақыттысындар! Қуана шаттаныңдар, себебі көкте сендерді зор сыйларың күтіп тұр! Жұрт сендерден бұрынғы пайғамбарларды да солай қудалаған» (Мат. 5:10-12).

## Тапсырма

---

**4** Исаның айтуы бойынша, Оның атына бола азап шексеңдер, онда...

- а)** көңілдерің жабырқап қапаланыңдар.
- ә)** ашуланып, тойтарыс беруге дайын болыңдар.
- б)** бақыттысындар, өйткені Ол сендерге сый береді.

## Сіздің рухыңыз түсіп, сізді күмән мазалай ма?

Сізге дұрыс әрекет ету қиын болса, көңіліңіз түспесін. Жаңадан туылған мәсіхші қателік жіберген кезде, шайтан оны мынандай ойлармен: «Не істегенімді қарашы? Құдайдың баласы болмауым керек, әлде басқаша жасауым керек пе еді?» – деп түнілдіруге тырысады

Кейбір мәсіхшілер көңілдері толқып абыржиды. Олар: «Мен мәсіхші болып өмір сүре алмаймын, бұл мен үшін тым ауыр. Ескі өміріме оралу керек сияқты. Мен өз өмірімде мәсіхшілер айтатын ерекше өзгерісті көріп тұрған жоқпын. Құтқарылудың қуанышын да еш сезбеймін. Мен тіпті мәсіхші емес те шығармын», – деп ойлайды.

Ал сізді осындай күмәнді ойлар мазалады ма? Есіңізде болсын, бұндай ойлар сізді осыған сендіріп, сізді түнілдіріп ойсыратуға тырысатын жауыңыздан келеді. Құтқарылуды қабылдағанда, адамдардың барлығы бірдей үлкен қуанышты бастарынан өткізбейді, сондықтан өз сезім-түйсіктеріңіз үшін қобалжымаңыз. Сіз Құдайдың баласы атану үшін Исаның не істегені жайлы неғұрлым көбірек біле берсеңіз, соғұрлым қуанышқа кенеле бересіз. Құдайға Оның жарылқаулары үшін неғұрлым көп рақмет айта берсеңіз, соғұрлым сіздің қуанышыңыз да көбейеді. Есіңізде болсын, құтқарылуыңыз сіздің сезіміңізге негізделмеген; қайта Құдайдың әділдігіне және сіздің Оған өз өміріңіз бен жаныңызды сеніммен тапсыруыңызға негізделген.

Егер сіз сүрініп немесе құлап қалсаңыз, бұл енді қайтып жүре алмайтыныңызды немесе сіздің Құдайдың баласы емес екендігіңізді білдірмейді. Құдайдан құлағаныңыз үшін кешірім сұраңыз да, тұрып, ары қарай жүре беріңіз.

Ал егер өзгерістерге келетін болсақ, сіздің Құдайға ұнамды өмір сүру тілегіңіз бен өзіңіздің қателіктеріңізге өкінуіңіз сіздің жоғарыдан туылғандығыңызды және сіздегі жаңа табиғатты айғақтайды. Сондықтан еңсеңіз түспесін. Есіңізде болсын, кейбір балалар жүруді үйренген кезде, басқаларға қарағанда қиындықтарға көбірек тап болады.

## Тапсырма

---

- 5** Дұрыс жауаптардың алдындағы әріпті шенбермен қоршаңыз.
- а)** Шын мәсіхшілер өздерін әрқашан бақытты сезінеді.
  - ә)** Құдай өздерін құтқарғанда, барлық мәсіхшілер бірдей қуанышты сезеді.
  - б)** Құдайға Оның жарылқаулары үшін алғыс білдіру арқылы қуанышыңыз көбейеді.
- 6** Сіздің құтқарылуыңыз мынаған негізделген:
- а)** сіздің сезіміңізге.
  - ә)** Құдайдың сізге және Өзіне арналған сеніміңізге деген адалдығына.
  - б)** сіздің жақсы істеріңіздің санына.



## Сіздің рухыңыз түсіп, сізді күмән мазалай ма?

Сүйіспеншілікке толы ата-ана баласы құлағанда ұрсып, жарақаттанып қалса, оны жалғыз тастап қалдырып кетеді деп ойлайсыз ба? Жок, мүмкін емес! Олар оны көтеріп жұбатады және бала жақсы жүруді үйренгенше талпыныстарын қолдайды. Құдай Өзінің жаңадан жүріп бастаған баласы үшін жердегі ата-анадан кем көмектеседі деп ойлайсыз ба? Әрине, жоқ! Оған бет бұрып: «Әке, менің қолымнан жетелеп жүріп үйреткенің үшін алғысымды білдіремін! Мен әлсізбін, бірақ істеуім керек нәрселерді орындауға маған көмектесетініңді білемін», – деп мінажат етіңіз.

Құдай мәсіхшілік өміріңізде сізді Киелі Рухымен және Өзінің Сөзі Киелі Кітап арқылы жетелейтінін біліуіңіз керек. Киелі Кітапты оқып, күнделікті сиыныңыз. Бұл сіздің күмәндарыңыздан арылып, сүрінбей жүруіңізге көмектеседі.

## Тапсырма

---

- 7** Егер бір ұнамсыз іс жасап қойсаңыз, онда сіздің Көктегі Әкеңіздің ... күтесіз.
- а) сізді кешіріп, жақсырақ істеуге көмектесуін
  - ә) ашуланып, сізді Оның баласы болу құқығыңыздан айыруын
  - б) сізді кінәлі сезімде жалғыз қалдыруын
- 8** Күнделікті өміріңізде Құдай сізді жетелеп алып жүруі үшін не істеуіңіз керек?

.....

.....



## Б. Құдайдың Айтқанын Орындаңыз

**3 Мақсат.** Құтқарылғаныңызға сенімді болу үшін бірнеше қадам жасаңыз.

Құтқарылу үшін Құдайдың сізге қойған талаптарын орындадыңыз ба, мүмкін соны білгіңіз келетін шығар. Құтқарылу үшін адамнан не қажет екенін Мәсіх ашық түсіндірді. Енді сіз өз жағыңыздан керектінің бәрін істедіңіз бе, қарап көрейік. Құдай сізден екі нәрсе сұрайды: тәубе етіп, Ізгі хабарға сену.

### Тәубе ету

Марқа Исаның сөздерін былай деп жазады: «Енді уақыт жетіп, Құдайдың Патшалығының жер бетіне орнайтын кезі таяп қалды! Теріс жолдан қайтып, Құдайдың жолына түсіп, Ізгі хабарға сеніңдер!» (Мар. 1:15). Тәубе ету дегеніміз – істеген күнәларыңызға өкініп, олардан теріс айналу дегенді білдіреді.

Сіз Құдайды тыңдамағаныңызға өкінесіз бе? Сіз шын мәнінде өзіңіздің күнәларыңыздан арылғыңыз келе ме, әлде сізді ұстап тұрған күнә бар ма? Сіз өз жолыңыздан бас тартып, осы сәттен бастап Оған ұнамды нәрселерді істеуге дайынсыз ба?



## Тапсырма

---

- 9** Құтқарылу үшін Құдай сіздің не істеу керектігіңізді көрсететін сөйлемдердің алдындағы әріпті шеңбермен қоршаңыз.
- а)** Жаза көтеру.
  - ә)** Қауымға қосылу.
  - б)** Ізгі хабарға сену.
  - в)** Бірнеше күн ораза ұстау.
  - г)** Күнәларға өкініп, тәубеге келу.
  - ғ)** Жақсы істер істеу.
  - д)** Қауымға құрбандық беру.
- 10** Марқа жазған Ізгі хабар 1:15 аяттағы Исаның сөздерін жаттап алыңыз.
- 11** Тәубе ету дегеніміз – ...
- а)** істеген күнәларға өкініп, олардан теріс айналу.
  - ә)** діни қызметкердің алдында барлық күнәларыңды мойындау.
  - б)** өзіңнің өзгергің келетіні жайлы басқа адамдарға айту.



Сізге жаманшылық жасағандықтан, кешіргіңіз келмейтін адам бар ма? Өшпенділік пен реніш көптеген адамдарды Құдаймен қарым-қатынастан алшақтатады. Құдай – сүйіспеншілік және Ол өшпенділік пен жалған сенімге толы жүректе өмір сүре алмайды. Егер сіз біреуді жек көрсеңіз, дәл қазір оны кешіріңіз. Құдайдан өзіңізге жамандық жасаған адамдарды сүйуге көмектесуін сұраңыз. Иса былай дейді: «Ал егер басқалардың күнәларын кешірмесендер, онда көктегі Әкелерің сендердің де күнәларыңды кешірмейді» (Мат. 6:15).

Егер сіз әлі де өзіңіздің шын жүректен тәубе еткеніңізге күмәндансаңыз, онда дәл қазір барлық күнәларыңызға өкініп, өз жолыңыздан бас тартып, өміріңізді Құдайдың басқаруына беріп, жағдайыңызды өзгертуге болады.

## Тапсырма

---

**12** Егер сізге біреу адамгершілікке жатпайтын іс істесе, онда сіз былай істеуіңіз керек...

- а) осы адамның қаншалықты жаман екендігін басқаларға айту.
- ә) оны дереу кешіру.
- б) кек қайтаруды жоспарлау.



## Иса Мәсіхтің Ізгі хабарына сеніңіз

«*Ізгі хабар*» сөзі – жақсы хабар дегенді білдіреді. Дәлірек айтсақ, Иса Мәсіх арқылы берілетін құтқарылу жайлы жақсы хабар. Төмендегі Ізгі хабар тәлімдерін Киелі Кітаптан табуға болады. Өзіңіз сенетін пікірлердің жанына «иә» деп жазыңыз.

- Құдай сізді соншалықты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын сіздің күнәларыңызды Өз мойнына алып, жазалану үшін жерге жіберді.
- Иса сіздің күнәларыңыз үшін өлді. Оны өзіңіздің Тәңіріңіз және Құтқарушыңыз деп қабылдаған кезде, Ол сізді күнәдан босатады.
- Иса өлімнен тіріліп, көкке қайтып оралды. Ол сіз үшін мінәжат етіп, сізге көкте орын дайындауда.
- Исаны Құтқарушыңыз ретінде қабылдағаннан бастап, сіз Құдайдың баласысыз және сіз енді жаңа өмірге иесіз.
- Иса жерге қайта оралады, сөйтіп өз халқын Өзінің мәңгілік үйіне алып кетеді.
- Сіз Иса Мәсіх жайлы осы жазылғанның бәріне сенесіз бе?
- Оны өзіңіздің жеке Құтқарушыңыз ретінде қабылдадыңыз ба?

Сіз Оған сеніп, Оның уәделеріне сенім артыңыз. Лұқа осы уәдені былай деп жазады: «Иеміз Иса Мәсіхке сен, сонда өзің де, үй ішің де құтқарыласыңдар!» (Елш. 16:31). Жохан да былай жігерлендіреді: «Бұл куәліктің мәнісі мынадай: Құдай бізге мәңгілік өмір сыйлады. Осы өмір Оның рухани Ұлында: Құдайдың рухани Ұлымен байланысы бар адам шынайы өмірге ие, ал Онымен байланысы жоқта шынайы өмір де жоқ» (1 Жох. 5:11-12).

## Тапсырма

---

**13** Сіз қалай ойлайсыз, неге Иса Мәсіхтің ізгі хабары «жақсы хабар» немесе «қуанышты хабар» деп аталады.

.....

.....

**14** Жоханның 1-хаты 5:11-12 аяттарды жаттап алыңыз.

Исаға сену – Оған сенім артуды білдіреді. Ол сізді түсінеді және сүйеді. Сондай-ақ Ол сіз үшін Әке алдында сиынады. Құдай Исаны осы қызметке тағайындады. Пауыл былай деп жазады: «Құдай — біреу-ақ, Құдай мен адамдар арасын Келістіруші де Біреу, Ол — адам (болып дүниеге келген) Иса Мәсіх» (1 Тім. 2:5). Петір де былай тәлім берді: «Исадан басқа ешкім де бізді (Құдайдың қаһарынан) құтқара алмайды! Аспан астында бізді құтқаратын басқа ешкімнің есімі адамдарға бұйырылмаған!» (Елш. 4:12).

«Иса оған былай деді: «Жол, шындық және өмір – Менмін; Мен арқылы болмаса ешкім де Әкеге келмейді» (Жох. 14:6). Құдайға апаратын басқа жол жоқ. Ешкім де екі жолмен бірдей жүре алмайды. Шынайы жол – тек Исаның артынан еру. Одан тыс сізді Құдайға жеткізеді деген қандай да бір жолды тастауыңыз керек. Бүкіл сеніміңізді Оған артуыңыз керек.

Егер сіз шын тәубеге келіп, Құдайдың уәделеріне сене отырып, жалғыз Құтқарушы – Иса Мәсіхке сенім артсаңыз, онда құтқарылдыңыз.

## Тапсырма

---

**15** Төмендегі Исаның мінездемелерінің қайсысы Оның Құдайға апаратын жалғыз жол екендігін білдіреді?

- а) Мейірімді және дана Ұстаз.
- ә) Риясыз және сүйіспеншілікке толы.
- б) Кішіпейіл, бірақ күшті.
- в) Біздің күнәларымыз үшін жанын қиған Құдайдың керемет Ұлы.

Иса сіздің Құтқарушыңыз екеніне көз жеткізгіңіз келе ме? Өзіңіздің өміріңізді Оған тапсырып, Оның соңынан еруде сенімді болуды қалайсыз ба? Онда Оған сиыну арқылы келесі сөздерді айтыңыз:

## Мінәжат

*Құдайым, Сенің маған деген сүйіспеншілігің үшін және Өзіңнің жалғыз Ұлың Иса Мәсіхті менің орныма өлуге жібергенің үшін Саған ризамын. Мен Оны өзімнің Құтқарушым және Тәңірім деп қабылдаймын. Менің күнәларымды кешіріп, Өзіңнің балаң етіп қабылдағаның үшін ризамын Саған. Барлық жағдайда Саған мойынсұнып, игі істермен Өзіңе ұнамды болуға көмектесші. Мен өзімді Сенің қолыңа беремін. Өмір бойы Сенің соңыңнан еруге көмектесші. Амин.*

## Өз жауаптарыңызды тексеріңіз

---

- 8** Киелі Кітапты оқу және сиыну.
- 1 ә)** қолыңызды Оған ұстатып, Оның көмегіне сүйенуіңіз керек.
- 9 б)** Ізгі хабарға сену.  
**г)** Күнәларға өкініп, тәубеге келу.
- 2** Дұрыс жауаптар **а)** және **в)**
- 11 а)** істеген күнәларға өкініп, олардан теріс айналу.
- 4 б)** бақыттысындар, өйткені Ол сендерге сый береді.
- 12 ә)** оны дереу кешіру.
- 5** Дұрыс жауап **б)**
- 13** Сіздің жауабыңыз: Інжіл дегеніміз – «Ізгі хабар», өйткені ол бізге құтқарылу алу үшін еңбек сіңірудің қажет емес екендігін айтады. Егер біз күнәларымызды мойындап, Оған сенсек, Иса Мәсіх оны бізге сый ретінде тегін береді.
- 6 ә)** Құдайдың сізге және Оған деген сеніміңізге деген адалдығына.
- 15 в)** Біздің күнәларымыз үшін жанын қиған Құдайдың керемет Ұлы.
- 7 а)** сізді кешіріп, жақсырақ жасауға көмектесуін

## САБАҚ **3** Сіздің Әкеңіз сізбен сөйлеседі

---

Қойлар қай уақытта тау бөктерінде жайылу керек, қай уақытта қораға қайту керек екенін қайдан біледі? Олар неге бейтаныс адамның соңынан ермейді? Қойлар өз бақташысының дауысын естіп соңынан ереді және бұл оларды қорғайды. Қой өз бақташысының даусын біледі, өйткені ол оны кішкентай қошақан кезінен бағып қамқорлап келеді. Ол басқа ешкімнің де соңынан ермейді.

Кейбір мағынада сіздің Құдаймен қарым-қатынасыңыз осы қой мен бақташының қарым-қатынасына ұқсас. Құдай сізді жетегіне алып, қамқорлағысы келеді. Ол сізге тура жолды көрсетіп, қауіп-қатерден сақтау үшін күнделікті сізбен сөйлеседі. Егер сіз әрдайым Оны тыңдасаңыз, соғұрлым Оның дауысын қатесіз ажырата аласыз. Басқалар сізді күмәндандыруға тырысқанымен де, сіз ненің дұрыс екенін білесіз.

Осы сабақ сізге Құдайдың сізбен қалай сөйлесетінін түсінуге көмектеседі. Кейде Ол сізге тікелей тіл қатады. Кейде Өзінің сөзі – Киелі Кітап арқылы тілдесетін болады. Ал тағы басқа жағдайларда басқа мәсіхшілер арқылы сөйлейді.

Сіз осы сабақты оқу арқылы Оның қандай әдісті қолданғанына қарамастан, Әкеңіздің дауысын тануды үйренесіз.

## ***Сіз осы сабақта келесі тақырыптарды оқып-білесіз***

---

- А. Құдай сізбен сөйлесуді қалайды.
- Ә. Құдай әр түрлі жолмен сөйлейді.
- Б. Құдайда сізге арналған Кітап бар.
- В. Құдайдың дауысын қалай есту керек.

## ***Осы сабақтың мақсаты***

---

1. Құдайдың сізбен неге сөйлескісі келетінін көрсететін себептерді айту.
2. Құдайдың сізбен сөйлесетін бірнеше жолдарын көрсету.
3. Құдайдың сізге арналған Кітабын сипаттау.
4. Күнделікті Құдайдың дауысын қалай естуді білу.

## **А. ҚҰДАЙ СІЗБЕН СӨЙЛЕСУДІ ҚАЛАЙДЫ**

**1 Мақсат.** Құдайдың сізбен неге сөйлескісі келетінін көрсететін себептерді айту.

Қандай әке тек күлімсіреп қана жауап беруге тиісті сәби болса да, өзінің балаларымен сөйлесуді ұнатпайды? Сіздің Көктегі Әкеңіз де Өзінің балаларымен сөйлескенді, оларға сүйіспеншілігін көрсеткенді, үйреткенді, мұқтаждарын қанағаттандыруды ұнатады. Оның дауысын естігіңіз келе ме?

## ***Тапсырма***

---

- 1 Құдай сізбен сөйлескісі келеді, өйткені Ол...
  - а) сізді Көктегі Әкеңіз ретінде жақсы көреді.
  - ә) барлық нәрсені жаратты.
  - б) не қаласа, соның бәрін істей алады.



## Ә. Құдай Әр Түрлі Жолмен Сөйлейді

**2 Мақсат.** Құдайдың сізбен сөйлесетін бірнеше жолдарын көрсету

Еврейлерге хат 1:1-2 аяттар былай дейді: «Өткен заманда Құдай әлденеше рет түрлі жолдармен өз хабарын ата-бабаларымызға пайғамбарлар арқылы жеткізіп отырған. Ал осы соңғы заманда Ол бізге хабарын Өзінің рухани Ұлын жіберіп жеткізді. Құдай Сол арқылы әлемді жаратып, Оны барлығының иесі етіп тағайындады». Төменде Құдайдың сізбен сөйлесу жолдары берілген.

### Тікелей жүрекке

Киелі Рух Исаның жаныңызда екенін сізге білдіреді. Ол бізге ар-ұжданымыз арқылы не істеу керек екенін сездіріп немесе нені істемеу керектігін ескертеді. Киелі Рух біз үшін рухани ақиқатты түсінікті етеді. Кейде Құдай сіздің бір нәрсе істегеніңізді қалайтынын сезесіз. Сиынғанда Құдайдың сізге сөйлеуін сұраңыз және жүрегіңізден Оның дауысын есту үшін күтіңіз.

### Тапсырма

---

**2** Құдай сіздің жүрегіңізге қалай тікелей сөйлей алады? Екі дұрыс жауапты шеңбермен қоршаңыз.

- а)** Біреу сізбен сөйлесіп тұрғандай, анық дауыс естисіз.
- ә)** Құдайдың сізден бір нәрсе істегеніңізді қалайтынын сезесіз.
- б)** Құдайдың дауысы міндетті түрде түс немесе бір көрініс арқылы естіледі.
- в)** Бір рухани ақиқат кенеттен нақты және түсінікті болады.

---

### Жарылқаулары арқылы

Көптеген мәсіхшілер жоғарыдан туылған уақыттан бастап бүкіл әлем оларға өзгеше көрінетінін айтады. Айналаңызға қарап, Құдайдың жарылқауларын сіз де жаңаша бағалай бастаған шығарсыз. Сіз табиғаттың кереметтерінде Оның қатысы барын сезіне аласыз. Құдай сізге музыка және өнер арқылы да сөйлеуі мүмкін. Сіз басқа мәсіхшілердің жақын достығы арқылы да Оны



сезе аласыз. Сізді қоршаған мыңдаған жарылқаулар сізге Құдайдың мейірімділігі жайлы айтады. Мінәжаттарыңызға жауап беру арқылы Құдай сізге сөйлейді. Сенімнің көзімен Құдайдың сізге: «Мен сені жақсы көремін. Сені жарылқағым келеді», – деген дауысын ести аласыз.

## ***Тапсырма***

---

- 3** Құдайдың сізге деген сүйіспеншілігін көрсететін жарылқауларды атап өтіңіз.

.....

.....



## **Ол басқа мәсіхшілер арқылы сөйлейді**

Кейде отбасында ересек балалар кішкентайларға былай дейді: «Жоқ, олай етпе! Анам осылай істегенінді ұнатпайды!» немесе «Қара, әкем осыны қалайды».

Құдай да осылай Мәсіхтегі аға-әпкелері арқылы өз балаларына сөйлейді. Ол біздің басқа мәсіхшілермен жиі қарым-қатынаста болып, солар арқылы жігер, кеңес және көмек алуымызды қалайды. Пауыл бізді былай жігерлендіреді: «Қайта, Киелі Рухқа кенеле беріндер! Сендер Мәсіхті қастерлейтіндіктен, бір-біріңе мойынсұныңдар!» (Еф. 5:18, 21).

## ***Тапсырма***

---

- 4** Сіздің өміріңізде басқа мәсіхшілердің сізден Құдайдың не қалайтыны жайлы түсінуге көмектескен жағдайлары болды ма?

.....

.....

.....

- 5** Сізді жақсы мәсіхші болуға біреу жігерлендірді ме?

Кім? .....

- 6** Құдайға өзіңізге басқа мәсіхшілер арқылы сөйлегені үшін алғыс айтыңыз. Біреулерге құтқарылу алуға көмектесу немесе басқаларды Жаратқан Иенің артынан еруге жігерлендіруі үшін сізге тіл қатуын сұраңыз.



## Рухани дарындар және қызмет ету арқылы

Киелі Рух қауымға көптеген алуан түрлі рухани дарындар берді. Құдай сол дарындар арқылы сөйлейді. Ол Құдайдың қауымға деген үндеуін бағушыларға, ұстаздарға, Ізгі хабаршыларға және мәсіхші жазушыларға береді. Құдай Өзі туралы айту үшін барлық мәсіхшілерді қолданғысы келеді. Сондықтан сіздің қауым жиналысына неғұрлым жиірек барғаныңыз өте маңызды. Қауымға барған сайын Көктегі Әкенің сізге айтқысы келетін үндеуіне құлақ асыңыз. «Өйткені екі-үш адам Менің атымнан жиналса, Мен де сол жерде араларында боламын» (Мат. 18:20).

## Тапсырма

- 7** Құдайдың адамдарға қалай сөйлейтіні жайлы төменде айтылғандардан үш жауапты таңдаңыз:

- а)** Ізгі хабаршының уағызы арқылы.
- ә)** Медиум-спиритистер арқылы.
- б)** Балгерлер арқылы.
- в)** Мәсіхші бағушылар арқылы.
- г)** Мәсіхшілік әдебиеттер арқылы.

- 8** Қауымда болған кезде Құдайдың сізге тіл қатуын күтесіз бе?

.....

- 9** Осы кітап арқылы Құдай сізге сөйледі ме? .....
- Әр сабақта Оның сізге тіл қатуын сұраңыз.



## Өлең арқылы

Құдай сізге рухани әндердің немесе туындылардың сөздері арқылы жиі сөйлейді. Құдай кейбір рухани өлеңдердің сөзін, сондай сөздерге мұқтаж болып тұрған кезіңізде, есіңізге жиі салып тұратынына әлі таң қалатын боласыз. Пауыл Ефестегі сенушілерді: «Бір-бірінді Забур жырлары, мадақтау өлеңдері және Киелі Рух дарытқан әндер арқылы жігерлендіріп, Иемізді ән-күймен шын жүректен дәріптеңдер» (Еф. 5:19) – деп шақырады.

### Тапсырма

---

- 10** Тәңірден сіздің қауымда айтылатын өлеңдер мен гимндердің сөздерін тезірек жаттап алуға көмектесуін сұраңыз. Үйде, мүмкіндігінше, сол өлеңдерді жиі айтып жүріңіз.
- 11** Сіз өлең айтып жүргенде, өлеңнің сөздерінде не жайлы айтатынын ойланып жүруді әдетке айналдырыңыз. Сіздің өміріңізде орындалса екен деген рухани ақиқат жайлы айтылатын ән бар ма? Төменде берілген орынға сол ақиқатты жазып, Құдайдан соны өміріңізде қолдануыңызға көмектесуін сұраңыз.
- .....
- .....



## Киелі Кітап арқылы

Құдай сізге өзінің Киелі Кітабы арқылы сөйлейді. Бұл – Құдайдың жолдауын білдіретін ең сенімді әдіс. Бағушы сізге деген Құдайдың еркі қандай екенін әрдайым біле алмайды. Мәсіхтегі аға-әпкелеріңіз сізге бұрыс кеңес беруі мүмкін. Түс және аяндар да әрқашан Құдайдан келе бермейді. Түсіңізге күндізгі ой-толғаныстарыңыз немесе түпсанаңыздағы нәрселер кіруі мүмкін. Кейде Құдай сізден әлдебір нәрсені іске асырғаныңызды күтетін сияқты болып көрінеді, дегенмен бұл тек сіздің жеке арманыңыздың түрткісі. Сонымен Құдайдың дауысын қалай тануға болады?

Құдайдың сізге деген жолдауы Киелі Кітапта жазылған. Сіз Құдайдың басқаша тіл қату жолдарын Құдайдың Киелі Кітаптағы айтқан сөздерімен тексеруіңіз керек. Міне, сондықтан қазір істеп жатқаныңыздай, Құдай Сөзін зерттеп оқу өте маңызды. Осы жеңіл құрал арқылы Киелі Кітапты жақсырақ түсінетін боласыз. Сонымен қатар Киелі Кітап тәлімдерін өміріңізде қалай қолдануды үйренесіз.

«Рухани көзімді аша гөр менің, Тәліміңнен кереметтер көрейін» (Забур жыры 118:18).

«Сенің айтқан сөздерің, Жаратқан Ием, Көкте тұр мәңгілікке бекітілген!» (Забур жыры 118:89).

«Сенің сөздерің қадамдарымды жарқыратады, Өмір жолыма шам-шырақтай нұрын шашады» (Забур жыры 118:105).

«Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады, Білімсіздердің де санасын оятып ашады» (Забур жыры 118:130).

«Түп-тамырымен ақиқат Сенің сөздерің, Әділетті де мәңгілік әрбір шешімің» (Забур жыры 118:160).

## Тапсырма

---

**12** Құдайдың жолдауын білдіретін ең сенімді әдіс?

- а) Құдай Киелі кітапта не айтатынын зерттеп білу.
- ә) Достарымыздың кеңесін тыңдау.
- б) Өз сезімдерімізге арқа сүйеу.



## Б. Құдайда Сізге Арналған Кітап Бар

**3 Мақсат.** Құдайдың сізге арналған кітабын сипаттау

### Тікелей жүрекке

Киелі Кітап 66 кітаптан тұрады. Шамамен 1600 жыл ішінде әртүрлі 40 адам жазды. Осы адамдар – Құдайдың таңдап алған адамдары еді, не жазу керектігін білуге көмектесу үшін Құдай оларға Киелі Рухын жіберді. Нәтижесінде бізде Құдайдың өзімізге арнаған жолдауы бар. Алпыс алты кітап бірігіп Киелі Жазба деп аталады. Осы барлық кітаптардың арасында керемет үйлесім бар. Олардың барлығы бір тақырыпты бірлікте дамытып жетілдіргендіктен, барлық кітаптардың тек бір автордан – Құдайдан келгенін білеміз.

## Тапсырма

---

**13** Төмендегі сөйлемдердің қайсысы дұрыс?

- а) Киелі Кітап әр түрлі 66 кітаптан тұрғанымен де, тек бір ғана тақырыпты меңзейді.
- ә) Киелі Кітаптың ішіндегі әр кітапты жазған әрбір адамды Киелі Рух жетеледі.
- б) Киелі Кітаптағы 66 кітаптың барлығы бір уақытта жазылған.



Сенімге ерекше берілген адамдар Құдай рухтандырған алпыс алты кітаптың ерекше сапасын мойындады. Иса туылғаннан кейін шамамен екі жүз жылдан кейін алпыс алты кітап жиналып бір кітап, Киелі Кітапқа, айналды. Киелі Кітап дегеніміз – Құдайдың кітаптары деген мағынаны білдіреді. Алдыңғы 39 кітап Тәңіріміз Иса Мәсіх туылғанға дейін жазылған. Олар «Көне Келісім» деп аталады. Киелі Кітаптың екінші бөлімі «Жаңа Келісім» деп аталады. Ол Иса Мәсіх жерге келіп, Құдай мен адам арасындағы жаңа келісімді бекіткеннен кейін жазылған 27 кітапты құрайды. Екінші бөлімдегі кітаптар жаңа келісімнің шарттарын береді.

Көне Келісімнің үлкен бөлігі алдымен еврей тілінде, ал Жаңа Келісім – грек тілінде жазылған. Көне Келісімнің кішігірім бөлігі арамей тілінде жазылған. Құдай Өз кітабын барлық адамзатқа беріп, әрбір адамның осы кітапты оқығанын қалайды. Құдай Өзінің балаларына оны әр қилы тілдерге аударуға көмектеседі. Қазіргі уақытта Киелі Кітаптың жеке бөлімдері 3000-нан аса тілдерге аударылған.

## Тапсырма

---

**14** Киелі Кітаптың бөлімдерін (үстінде) төмендегі сипаттамаларға (астында) сәйкес салыстырыңыз

- |   |                 |
|---|-----------------|
| ... а) жаңа келісім туралы айтады.      | 1) Көне Келісім |
| ... ә) негізгі бөлігі еврейше жазылған. | 2) Жаңа Келісім |
| ... б) 27 кітап.                        |                 |
| ... в) 39 кітап.                        |                 |
| ... г) грекше жазылған.                 |                 |
| ... ғ) Иса туылғанға дейін жазылған.    |                 |

Кейбір тілдерде Киелі Кітап аудармаларының бірнеше нұсқасы бар. Мәсіхші бағушы немесе ұстаз сіздің тіліңіздегі сізге лайық ең жақсы аударма нұсқасын таңдауға көмектесуі мүмкін. Біздің оқулықтағы барлық Киелі Кітап аяттары Киелі Кітаптың Қазақ тіліндегі Библия 2019 аудармасынан алынған.

## Тапсырма

---

### 15 Киелі Кітап -

- а) тек еврей, арамей және грек тілін білетін білімді адамдарға арналған.
- ә) барлық адамдарға арналған.
- б) тек бағушылар мен қызметшілерге арналған.



## Киелі Кітап сілтемелері

Киелі Кітаптың барлық кітаптары тарауларға бөлінген. Барлық тараулар аяттар деп аталатын ұсақ азат жолдарға бөлінген. Тараулар мен аяттар санмен белгіленген, бұл бізге Киелі Кітаптың қажетті жерін табуды жеңілдетеді. Егер сіз Киелі Кітаптың бір жерін жазып алғыңыз келсе, алдымен кітаптың атын, тараудың санын және қос нүктеден (:) кейін аяттың санын жазыңыз. Мысалы, «Жохан 3:16» – Жохан жазған Ізгі хабар, 3-тарау, 16-аят дегенді білдіреді.

Екі немесе кезексіз келетін бірнеше аятты белгілеу үшін оларды үтірмен айырамыз. Мысалы, «Жохан 3:16, 18, 20» деген Жохан жазған Ізгі хабар, 3-тарау, 16, 18, және 20-аяттар болады.

Аяттардың ортасындағы дефис (-) ортадағы аяттардың барлығы кіретінін білдіреді. Мысалы, «Жохан 3:16-22», демек Жохан жазған Ізгі хабар, 3-тарау, 16-дан 22-ге дейінгі аяттар дегенді білдіреді.

Дефис бірінен соң бірі келетін екі аяттың ортасына да қойылады. Мысалы, «Жохан 3:16-17».

Егер аяттар әр түрлі тараулардан болса, оларды нүктелі үтірмен (;) бөледі. Мысалы, «Жохан 3:16; 6:24» дегеніміз, Жохан жазған Ізгі хабар, 3-тарау, 16-аят және 6-тарау, 24-аят дегенді білдіреді.

## Тапсырма

---

- 16** Матай жазған Ізгі хабар, 6-тарау, 31, 32 және 33-аяттар сілтемесінің дұрыс жазылуын көрсетіңіз.
- а) Матай 31-32 және 33.
  - ә) Матай 6:31-32 және 33.
  - б) Матай 6:31-33.
- 17** «Лұқа 13:18-19; 20:25-26» сілтемесі нені білдіреді?
- а) 13 Тарау Лұқадан, аяттар 18, 19, 20, 25 және 26.
  - ә) Лұқа жазған Ізгі хабар, 13-тарау, 18 және 19-аяттар және 20-тарау, 25 және 26-аяттар.

---

## В. Құдайдың Дауысын Қалай Есту Керек

**4 Мақсат.** Күнделікті Құдайдың дауысын қалай естуді білу.

Біз қайсыбір радиостанцияны тыңдау үшін алдымен радионы қажетті толқынға келтіреміз. Біз өзіміздің рухымыз бен жүрегімізді Құдай даусының толқынына қалай келтіре аламыз? Сізге берілетін бірнеше кеңестер:

- Киелі Кітапты күнделікті оқыңыз.
- Киелі Кітаптан оқығандарыңыз жайлы ойланыңыз. Жазба туралы ойланып-толғаныңыз.
- Қайталап оқуды және өзіңізге ұнаған аяттарды жаттап алуды әдетке айналдырыңыз.

«Киелі жазбалардың бәрі Құдай Рухының жетелеуімен жазылған. Олар тәлім беру, әшкерелеу, түзету әрі әділдікке тәрбиелеу үшін тиімді» (2 Тім. 3:16-17).

Егер сіз Киелі Кітапты алғаш рет оқи бастасаңыз, онда Жаңа Келісімдегі Марқа жазған Ізгі хабардан бастаңыз. Құдай сізге Иса Мәсіхтің Өмірі мен Оның тәлімдері арқылы айқын сөйлеп және сіздің Көне Келісімді түсінуіңізге көмектеседі.

«Өткен заманда Құдай әлденеше рет түрлі жолдармен өз хабарын ата-бабаларымызға пайғамбарлар арқылы жеткізіп отырған. Ал осы соңғы заманда Ол бізге хабарын Өзінің рухани Ұлын жіберіп жеткізді. Құдай Сол арқылы әлемді жаратып, Оны барлығының иесі етіп тағайындады» (Евр. 1:1-2).

- Құдайдың дауысын естуді күтіп, қауымға ұдайы барып тұрыңыз.
- Күнделікті сиыныңыз. Құдайдан сізге тіл қатуын сұраңыз. Сиыну кезінде өзіңіздің ойларыңызды жинақтап және басқа нәрселерге көңіл аудармау үшін көзіңізді жұмуға болады. Сиынған уақыттың бәрінде сөйлей бермеңіз, көп сөзді көпіртіп айта бермеңіз, қайта тыныштықта Құдайдың сізге тіл қатуын күтіңіз.
- Рухани әндер айтып, олардың сөздеріне терең мән беріп ойланыңыз.
- Айналаңыздағы сізді қоршаған барлық нәрседен Құдайдың ізгілігін, сүйіспеншілігін және құдіретін көруді үйреніңіз.
- Мәсіхшілік әдебиеттерді оқыңыз және мүмкіншілігіңіз болса рухани бағдарламаларды тыңдаңыз.
- Басқа мәсіхшілермен Құдай және Оның Сөзі жайлы сөйлесіңіз.
- Құдай сізден нені қалайды, соны істеңіз. Есіңізде болсын, егер Ол сізге жолбасшы болсын десеңіз, сіз Оның артынан еруге дайын болуыңыз керек.
- Осы кітаптағы сабақтарды және өзге де Киелі Кітап сабақтарын дұрыс орындап, Құдайдан солар арқылы сізге тіл қатуын сұраңыз.

## **Тапсырма**

---

- 18** Құдайдың даусын естуге көмектесетін жоғарыда аталған кеңестерді қайталап оқып шығыңыз және орындап жүргендеріңізді белгілеңіз. Тұрақты орындамай немесе ешқашан орындамай жүргендеріңіз болса, сол жайлы сиыныңыз. Іс жүзінде қолданамын деген кеңестердің астын сызып белгілеңіз.





## Өз жауаптарыңызды тексеріңіз

---

**13 а) және б)** сөйлемдері.

**14 а) 2) Жаңа Келісім**

**ә) 1) Көне Келісім**

**б) 2) Жаңа Келісім**

**в) 1) Көне Келісім**

**г) 2) Жаңа Келісім**

**ғ) 1) Көне Келісім**

**1 а)** сізді Көктегі Әкеңіз ретінде жақсы көреді.

**15 ә)** барлық адамдарға арналған

**2 ә) және в)**

**16 б)** Мат. 6:31-33

**12 а)** Құдай Киелі Кітапта не айтатынын зерттеп оқу.

**17 ә)** Лұқа жазған Ізгі хабар, 13-тарау, 18 және 19-аяттар және 20-тарау, 25 және 26-аяттар.

**7 а)** Ізгі хабаршының уағызы арқылы.

**в)** Мәсіхші бағушылар арқылы.

**г)** Мәсіхшілік әдебиеттер арқылы.

# САБАҚ 4 Сіз рухани өскіңіз келе ме?

---

Сіз көктен Құдайдың отбасының мүшесі болып туылдыңыз. Енді сіз рухани өсуіңіз керек. Бұны сіз қалай іске асыра аласыз? Негізінде рухани өсу физикалық өсуге ұқсас. Адам өсу үшін жақсы тамақтануы, қажетті уақыт бөліп тыныштықта демалуы, қауіп-қатерден қашуы және жеткілікті жаттығулар жасауы керек.

Рухани өсу үшін де сіз осы сияқты нәрселерді істеуіңіз керек. Рухани өсу өзінен-өзі іске аспайды. Құдай сіздің өміріңізде жасағысы келетін өзгерістерге сіздің белсенді қатысуыңызды жоспарлаған. Сіз өзіңіздің жаныңызды Құдайдың Сөзімен қоректендіруді, Оның уәделеріне сүйеніп тыныштыққа кенелуді, сіздің рухани саулығыңызға зақым келтіретін нәрселерден аулақ болуды және сізге күш береді деген нәрселерін орындауды таңдап үйренуіңіз керек. Осы шарттарды күнделікті орындасаңыз, Құдайдың Өз балаларына уәде еткен «ағыл-тегіл мол өмірін» табасыз.

Осы берілген сабақ рухани өсудің төрт қағидасын түсіндіреді. Қағидаларды зерттеп оқу барысында оларды өз өміріңізде қазірден бастап қалай қолдануды түсінесіз. Артынан керемет нәтижелер көресіз. Зиян келтіретін іс-әрекеттеріңіз жақсы іс-әрекеттермен алмасып, күннен-күнге Құдай қалайтындай ересек адам боласыз.

## **Сіз осы сабақта келесі тақырыптарды оқып білесіз**

---

- А. Күнделікті өз жаныңызды қоректендіріңіз.
- Ә. Иемізбен бірге тыныштыққа кенеліңіз.
- Б. Рухани саулықты сақтаңыз.
- В. Өзіңіздің рухани бұлшық еттеріңізді жаттықтырыңыз.

### **Сабақтың мақсаттары**

---

1. Рухани өсу жолдарын анықтау.
2. Уайым мен қасіретті жеңу үшін Киелі Кітап құралдарын қолдану.
3. Рухани саулықты сақтаудың маңыздылығын көрсету.
4. Құдайға жақсырақ қызмет ету жолдарын атап өту.

## **А. Күнделікті Өз Жан-Дүниеңізді Қоректендіріңіз**

### **1 Мақсат.** Рухани өсу жолдарын анықтау.

Құдаймен сөйлесу сіздің жан-дүниеңізді қоректендіреді. Құдай сізбен Өзінің Сөзі арқылы сөйлеседі, ал сіз Онымен мінәжат арқылы сөйлесесіз. Ал «Ол былай жауап берді: «Адам тек нанмен ғана емес, Құдайдың аузынан шыққан әрбір сөзімен өмір сүреді» деп (Тауратта) жазылған ғой!» (Мат. 4:4). Петір де былай тәлім берді: «Жаңа туған сәбидің сүтке шөліркегеніндей, әрдайым Құдай сөзінің «таза сүтіне» құштар болындар. Содан нәр алғанда рухани өсіп, күнәнің құлдығынан толығырақ құтқарыла аласындар» (Пет.1 2:2). Құдайдың Сөзі, Киелі Кітап – рухани сүт, сіз оны жиі ішіп тұруыңыз керек.

Киелі Кітапты түсіну сізге қиын сияқты көріне ме? Күнделікті оқу алдында Иемізден Өз Сөзін сізге түсінікті етуін сұраңыз. Сіз басқа мәсіхшілерден немесе өзіңіздің бағушыңыздан түсініксіз жерлерді түсіндіріп беруін сұрай аласыз.

Жексенбілік мектепте, басқа қауым қызметтерінде әлде осы сияқты арнайы курстарда болсын Киелі Кітаптан тәлім алудың әрбір мүмкіншілігін қолданыңыз. Сіз өз жаныңызды рухани әдебиеттер арқылы да қоректендіре аласыз.

Сіз Құдайда болып, тезірек өсуді қалайсыз ба? Онда жақсы қоректеніңіз. Жаңа Келісімнен күнделікті кем дегенде бір тарау оқуыңыз керек. Киелі Кітаптың осы бөлімі Тәңіріміз Иса Мәсіх жайлы және бізге қалай өмір сүру керектігін үйретеді. Өзіңізге ерекше ұнаған аяттарды жаттап алу пайдалы. Осылайша сізде Құдай Сөзіне деген тәбет ашылады.

«Сенің тәліміңді сондай қатты сүйемін! Күні бойы сол жайлы ойланып та жүремін» (Заб. 118:97).

«Қандай тамаша Сенің сөзіңнің дәмі Ол тіпті тіл үйірген балдан да тәтті» (Заб. 118:103).

## Тапсырма

---

**1** Сізге рухани өсуге көмектесетін төменде атап өтілген амалдарды таңдаңыз:

- а) Рухани әдебиеттерді оқу.
- ә) Басқалармен дін жайлы айтысу.
- б) Ұдайы күнәларына өкіну және діни рәсімдерді орындау.
- в) Киелі Кітапты зерттеп оқу және Құдайға сиыну.

**2** Сіз төмендегі уәдеге қол қоясыз ба?

«Ием, мен Сенің көмектесуіңнің арқасында Сенің Сөзіңді өмірімнің әрбір күнінде оқуға тырысамын. Егер өзім оқи алмасам, жаттап алғандарымды есіме алып, болмаса басқалардың оқып беруін сұраймын. Мен өз жанымды Сенің Сөзіңмен қоректендіремін».

Қолы .....

Күні .....



## Ә. ИЕМІЗДЕ ТЫНЫШТЫҚҚА КЕНЕЛІҢІЗ

**2 Мақсат.** Уайым мен қасіретті жену үшін Киелі Кітап құралдарын қолдану

Сіз Құдайдың еркіне сай әрекет етуде, өзіңізді өте әлсіз сезінесіз бе? Жақсы болуға бар күшіңізді салу арқылы немесе істеген игі істеріңіз арқылы көкке бара алмайсыз. Құдайдың баласы

болғандықтан, көкке жетелейтін жолдасыз. Осы жолда Ол сізге қамқор болады. Оның уәделеріне сеніммен сүйеніп тыныштыққа кенеліңіз.

Сіздің Иемізбен жасаған бірінші қадамдарыңыз жасқаншақ болды ма? Сіз сүрініп, құлап, басқаша тырысудың еш пайдасы жоқ деп ойладыңыз ба? Батыл болыңыз. Осы жаңа өмірді берген Көктегі Әкеңіз сіздің қолыңыздан ұстап тұр және сізді қайта-қайта аяғыңызға көтеріп тұрғызады. Оның құзырында тыныштыққа кенеліңіз. Күнделікті сиыну арқылы өзіңізді Құдайға тапсырыңыз, әлсіздіктеріңізді мойындап, әр алуан сынақтарды жеңуге Одан күш сұраңыз. «Ал сенім артқандар Жаратқан Иеге Жаңа күш-қуатты иемденеді де, Қырандай қанаттарын жайып кеңістікке Самғай жөнеледі, алайда талмайды, Жүре береді, бірақ еш болдырмайды» (Иш. 40:31).

Өмірдің кейбір қиыншылықтары сізді мазалай ма? Сіз қорқасыз ба? Шамадан тыс көп жұмыс істегендіктен, көңіліңіз түсе ме? Машақаттарыңыз, уайым-қайғы және қорқыныштарыңыз сіздің рухани өсуіңізге кедергі болмауы үшін Құдайдың құзырында тыныштыққа кенеліңіз.

Иеміздің осындай тыныштығына қалай кенелуді білесіз бе? Сеніміңіз болсын. Құдайдың уәделеріне сенім артып, мұқтаждарыңызға қарамай, қайта Оның жүзін іздеңіз. Исаның төмендегі сөздерін оқыңыз:

«Қиналып қатты шаршап-шалдыққандар, Еңселерін тым ауыр жүк басқандар, Менің қасыма келіндер, бәрің, Жандарыңды Мен рақатқа бөлеймін» (Мат. 11:28).

«Сондықтан не ішіп-жейміз, не киеміз деп уайымдамаңдар! Тәңірге мойынсұнбайтындар барлық сондай нәрселерге ие болуға тынымсыз ұмтылуда. Ал бұлардың бәрінің сендерге қажет екенін көктегі Әкелерің біледі ғой. Ең бастысы, Құдайдың Патшалығының қамын ойлап, Құдайдың әділ еркін орындауға ұмтылындар! Сонда көктегі Әкелерің сендерге бұлардың бәрін қосып береді» (Мат. 6:31-33).

Күнделікті Киелі кітапты оқуға және сиынуға уақыт бөлу – Құдайдың тыныштығына кенелуге көмектеседі. Сиынған кезде

барлық мұқтаждарыңызды Құдайдың қолына тапсырып, Құдай барлығын жақсылыққа айналдыратынына сеніңіз.

## **Тапсырма**

---

**3** Ишая 40:31 аятты жаттап алыңыз. Осы аятта кім

.....,  
жаңа күш-қуатты иемденеді.

**4** Матай 11:28 аятты және 6:31-33 аяттарды мұқият оқып шығыңыз.

**5** Дәл қазір сізді қобалжытып тұрған бір нәрсе бар ма? Осы қобалжытып тұрған уайымыңыздан құтылып, Құдайға және Оның Патшалығына еркін қызмет ету үшін оларды Оның қолына тапсыруға көмек беруін сұраңыз.



## **Б. Рухани Саулықты Сақтаңыз**

**3 Мақсат.** Рухани саулықты сақтаудың маңыздылығын көрсету.

### **Аурудан сақтаныңыз: өзіңізді таза ұстаңыз**

Анасының балаларын тазалықта сақтап, әр қилы ауру тудыратын себептерден қорғайтынындай, Иеміз де біздің жанымызға кері әсер ететін барлық нәрселерден бізді сақтауды қалайды. Құдай сізді құтқарғанда, сіздің күнәларыңызды жуып, сізге таза жүрек берді. Рухани сау болу үшін жүректі тазалықта ұстау өте маңызды.

Иемізге сіздің қасыңызда жүруіне және жетекшіңіз болуына рұқсат беріңіз. Әдепсіз ойын-сауықтар мен азғын өмірден аулақ болыңыз. Иеміз бармайтын жерге сіз де бармаңыз. Өз ойларыңызды, сөздеріңізді және істеріңізді таза сақтаңыз.

## **Тапсырма**

---

**6** Құдай сіздің арсыз ойын-сауықтар мен азғын өмірден өзіңізді алыс ұстауыңызды қалайды, өйткені Ол сіздің ... қаламайды.

- а)** рухани әлсіреп және ауырғаныңызды
- ә)** демалып және өмірге қуанғаныңызды
- б)** өз уақытыңызды сенбеушілермен өткізгеніңізді



Иса былай деп тәлім берді: «Жүректері пәк тазалар бақытты: олар Құдайды көретін болады!» (Мат. 5:8). Сіздің не жайында ойлайтыныңыз да маңызды! Егер сіз лас ой-қиялдарға берілсеңіз, олар сіздің жаныңызды еліктіріп, еркіңізді әлсіретіп, күнәға батуыңызға себеп болады.

Сіз Құдайдан Оның еркіне қарсы келетін істерді жасаудан тежеп отыруын сұрауыңызға болады. Әрине, мұнымен сіздің жауапкершілігіңіз бітпейді. Егер сіз Құдайға жағымды іс істегіңіз келсе, онда мұндай істер жайлы ойлауды да доғаруыңыз керек. Құдайдан лас ойларды үзіп тастауға көмектесуін сұраңыз. Ұятсыз және азғын кітаптарды оқымаңыз, суреттерді қарамаңыз және тұрпайы әңгімелерді тыңдамаңыз.

Сіз өз ойларыңызды қалай бақылай аласыз? Өз ойларыңызды тазалықта сақтау үшін жағымды қадамдар жасауыңыз керек. Киелі Кітап былай дейді:

«Сонымен, бауырластарым, күллі шынайы да қастерлі, әділ де таза, ұнамды да тартымды нәрселер, яғни қандай да адамгершілік және мақтауға тұрарлық қасиет болмасын, солар туралы ойлана беріңдер!» (Філ. 4:8).

Төмендегі аятты күнделікті мінәжатыңызға айналдырыңыз:

«Лайым менің аузымдағы сөздерім Әрі жан дүниемдегі ой-ниеттерім Ұнамды болсын Саған, о, Жаратқаным. Өзіңнің жартастай мықты Қорғаным Іәм Құтқарушым, уа, Жаратқан Ием» (Заб. 18:15).

## ***Тапсырма***

---

**7** Дұрыс сөйлемдердің алдындағы әріптерді шеңбермен қоршаңыз.

- а)** Ойларымызды Құдайдың көмегімен бақылай аламыз.
- ә)** Лас ойларды бақылау мүмкін емес.
- б)** Киелі Кітап ойларымызды жақсы ойлармен толтыруымыз керектігін айтады.
- в)** Мәсіхші адамда ешқашан жаман ойлар туындамайды.
- г)** Лас ойларды тоқтатудың бір ғана жолы бар, ол – Құдайдан оларды алып тастауын сұрау.

**8** Мүмкін сіз жаман ойларыңызбен күресетін боларсыз. Төменде берілген қадамдарды қарап шығыңыз. Қазірден бастап орындаймын дегеннің астын сызыңыз.

Мен Құдайдан көмек сұраймын.

Құдай Сөзі – Киелі Кітапты оқып, оқыған мәтін жайлы ойланамын.

Тек жақсы нәрсені ойлайтын боламын.

Ұятсыз және азғын кітаптардан, журналдардан, суреттерден, телебағдарламалардан, фильмдерден және ғаламтор парақшаларынан өзімді аулақ ұстаймын.



Иемізге толықтай сенім арту Оған жартылай қызмет етуден әлдеқайда жеңіл. Күнәмен ойнамаңыз. Өмірде рухани саулығыңызға кесірін тигізетін барлық нәрседен азат болыңыз.

«Ал егер Құдайға ұқсап нұрда тұрсақ, онда өзара байланыста боламыз және Оның рухани Ұлы Исаның төгілген қаны бізді барлық күнәларымыздан тазартады. Егер «күнәсізбіз» десек, онда өзімізді алдап, бізде шындықтың болмағаны. Егер де күнәларымызды мойындасақ, Құдай сенімді де әділетті болғандықтан оларды кешіріп, бізді барлық әділетсіздігімізден тазартады» (1 Жох. 1:7, 9).

Иса Мәсіхтің қаны бізді алуан түрлі күнәкар ойларымыз бен істерімізден тазартады.

## Аурудан сақтаныңыз: уды қолданбаңыз!

Кейбір ойлар мен сезімдер жан мен тәнді өлімге апаратын у сияқты. Ашу-ыза, уайымшылдық, қызғаныш, өшпенділік, күмән, қорқыныш, реніш және шыдамсыздық асты қорытпаушылыққа, асқазан жарасына, жүрек ауруына және басқа ауруларға себеп болуы мүмкін. Бұлар біздің рухани өмірімізді тұншықтырып, тәкаппарлық, өзімшілдік, сенімсіздік және қырсықтық сияқты көптеген жағымсыз нәрселерге себеп болады. Бұлар сенушінің қуанышын ұрлап, жанын әлсіретіп, ауру мен бақытсыздыққа апарады. Құдайдан осындай удан сақтауын күнделікті сұраңыз.



Егер өзіңізді әлсіз және рухани науқас сезінсеңіз, Иса Мәсіх – біздің Ұлы Дәрігеріміз екенін ұмытпаңыз. Шын жүректен сиыну арқылы Оған келіңіз, Ол сіздің рухыңызға, жаныңызға және тәніңізге шипа береді.

## **Тапсырма**

---

**9** Төменде алшақ ұстау керек дейтін удың қысқаша тізімі көрсетілген. Өзіңізге қиындық тудыратындарының астын сызып, Құдайдан сізге осы уларды қабылдамауға көмектесуін сұраңыз:

Ашу-ыза	Өшпенділік	Реніш
Уайымшылдық	Күмән	Шыдамсыздық
Қызғаныш	Қорқыныш	

---

## **В. Өзіңіздің Рухани Бұлшық Еттеріңізді Жаттықтырыңыз**

**4 Мақсат.** Құдайға жақсырақ қызмет ету жолдарын атап өту.

Әртүрлі жаттығулар біздің тәнімізді нығайтатыны сияқты, Құдайға қызмет ету арқылы біздің жанымыз да нығаяды. Жаңа өміріңіздің бірінші күнінен бастап Иемізге құтқарғаны үшін алғысыңызды білдіретін бірнеше жолдар бар.

Рухани жаттығулардың үлгісі: басқа адамдарға Иса жайлы айту, олар үшін сиынып, оларды қауымға шақыру. Қауымның жұмысына араласу және күнәға қарсы күресу сіздің рухани өсуіңізге көмектеседі. Рухани өсіп және Құдай Сөзін зерттеген сайын Құдай Өзіне қызмет етуіңіз үшін сізге көптеген мүмкіншіліктер және жауапкершілік бере бастайды.

## **Тапсырма**

---

**10** Рухани өміріңізді нығайту үшін осы аптада не істей алатыныңызды жазыңыз.

---

«Сонымен, сүйікті бауырластарым, табанды болып, сенімдеріңнен айнамай, Иеміздің ісін әрдайым мольнан істей беріңдер! Өйткені Иемізбен жүріп атқарған еңбектеріңнің бекер еместігін біліп алдыңдар» (1 Қор. 15:58).

## **Өз жауаптарыңызды тексеріңіз**

---

**6 а)** рухани әлсіреп және ауырғаныңызды.

**3** Тәңір Иеге сенім артқандар

**1 а)** және **в)** әрекеттері сіздің рухани өсуіңізге көмектеседі.

**7 а)** және **б)** сілтемелері дұрыс.

# САБАҚ **5** Жаңа өмір – жаңа іс-әрекеттер

---

Біз бала кезімізде барлық балалар істейтін нәрселерді істедік: ойын ойнадық, айналамызды қоршаған ортаны зерттедік, секіріп, жүгіруді ұнаттық. Біздің міндеттеріміз өте аз болды, өйткені ата-анамыз бізді қамқорлығына алды.

Бірақ біз есейген кезде, өміріміз өзгерді. Біз өз жағдайымызды өзіміз реттедік. Біз де өз отбасымызды құрып, оларды барлық нәрсемен қамтамасыз еттік. Бос уақытымызды да басқаша өткізе бастадық. Біздің қызығушылықтарымыз және дарындарымыз көбейген сайын біздің іс-әрекеттеріміз де өзгерді.

Қазір сіздің рухани өміріңізде де осыған ұқсас өзгерістер орын алып жатыр.

Рухани өміріңіз өріс алып дамып жатыр. Мәсіхте «өсу» барысында ескі қызығушылықтарыңыздың орнын жаңалары алмастырып жатыр. Сізде бұрынғыдан өзгеше, сыйлық және қанағат әкелетін жаңа міндеттер пайда болады. Осы сабақта біз осы ерекше өзгерістер және міндеттерді қарастырамыз. Сіз басқа адамдардың да сіздің осы жаңа міндеттеріңізді бөлісетінін байқайсыз!

## ***Сіз осы сабақта келесі тақырыптарды оқып білесіз***

---

- А. Жаңа қызығушылықтар.
- Ә. Жаңа іс-әрекеттер.
- Б. Жаңа куәліктер.
- В. Жаңа серіктестік.

### ***Осы сабақтың мақсаты***

---

1. Жаңа қызығушылықтарыңызды анықтау.
2. Жаңа қызығушылықтарыңызды бөлісетін басқа адамдарға қосылу.
3. Өзіңіздің Мәсіхке деген сеніміңіз жайлы достарыңызға және көршілеріңізге куәлік ету.
4. Құдаймен серіктес болу жолдарын табу.

## **А. Жаңа Қызығушылықтар**

**1 Мақсат.** Жаңа мақсаттарыңызды анықтау.

### **Өз уақытыңызды қалай өткізесіз?**

Сіз ұйқыға, тамаққа және жұмысқа белгілі бір уақытыңызды жұмсауыңыз керек. Ал қалған уақытыңызды қалай өткізесіз? Адамдардың бос уақытында не істейтіндері өздерінің және отбасының қызығушылықтарына тікелей байланысты. Кейбіреулер әрдайым жұмыс істейді, ал кейбіреулер өз уақытын ойын-сауықпен өткізеді. Кейбір адамдар қауымға барып, қауымның жұмысына қатысады, ал кейбіреулер бұлай істемейді. Мүмкін қалаған нәрсеңіздің бәрін істеуге уақыт жетпейтін шығар, әйткенмен де сіз өзіңізді өте қызықтыратын нәрсеге уақыт табасыз.

### ***Тапсырма***

---

- 1** Адам өзінің бос уақытын қалай өткізуі мынаған байланысты:
  - а) Оның қаншалықты уақыты барына.
  - ә) Оның негізгі қызығушылығына.
  - б) Оны қоршаған ортаның пікіріне.



## Сіздің қызығушылықтарыңыз өзгерген кезде

Енді сіз бала кезіңізде сүйіп ойнайтын ойындармен ойнамайсыз, өйткені сізді қазір қызықтыратын істермен айналысудасыз. Сіздің қызығушылықтарыңыз өзгергенде, сіздің іс-әрекеттеріңіз де өзгереді.

Денсаулығыңызға немесе жаныңызға зиян тигізетін, олармен сізді байланыстыратын нәрселерге енді қызықпайтыныңыз сіздің бұрынғы достарыңызды таң қалдыратын болар. Олар сіздің шынайы рахат беретін, толығымен дұрыс, қанағаттыратын іс-әрекет беретін жаңа өмірді бастағаныңызды түсінбеуі мүмкін.

Сізге қанағат әкелмейтін бұрынғы өмірге қайта оралу қажет пе? Жуындымен қоректенген, сосын бай досының дастарқанынан күнделікті тамақ жеуге шақырылған адамнан сұрасаңыз, ол қайтадан жуындыны жеуге келісе ме?

### **Тапсырма**

---

**2** Иса Мәсіхті өзіңіздің Құтқарушыңыз етіп қабылдаған уақыттан бері сізде қандай жаңа қызығушылықтар пайда болды?

.....  
 .....

**3** Исаны Құтқарушыңыз ретінде қабылдағанға дейін істемеген, бірақ қазір істейтін нәрселерді жазыңыз.

.....  
 .....



### **Басқа мақсат**

Құдайдың баласы ретінде жаңа қызығушылықтарға ие болдыңыз, нәтижесінде бұл қауымдағы қызметтерге қатысу мен жеке жауапкершіліктерге ие болуға түрткі болады. Сіз, әрине, бұрын істеген жұмыс істеу, тамақтану, ұйықтау және үй міндеттерін орындау сияқты істеріңізбен әлі де айналыса бересіз. Дегенмен шынайы өміріңіз жаңа қызығушылықтарыңызға негізделетін болады.


Егер бір адамды сүйсеңіз, әрдайым оның қасында болып, оған ұнауға тырысасыз. Сол сияқты енді сіз Құдайды сүйгендіктен, Онымен қарым-қатынаста уақыт өткізуді қалайсыз және барлық жағдайда Оған ұнауға тырысасыз.

### **Тапсырма**

---

**4** Құдайдың баласы ретінде сіздің жаңа мақсатыңыз-...

- а) көбірек ақша табуға тырысу.
- ә) өзіңіздің және өмірдің жақсы нәрселерінен ләззет алу.
- б) Көктегі Әкеңізбен қарым-қатынаста уақыт өткізу.



Көктегі Әкеміздің Патшалығына және Оның осы жердегі істеп жатқан істеріне қарқынды қызығушылық көрсетеміз. Көктегі Әкеміз қазір іс барысында, Иса Мәсіх жайлы Ізгі хабарды уағыздау арқылы Өзіне көптеген ер адамдарды, әйел адамдарды және балаларды алып келуде. Ол Өзінің қауымын құруда және бізді Өзімен бірге жұмыс істеуге шақырады. Бұдан өткен артықшылық бар ма?

### **Тапсырма**

---

**5** Құдайдың осы жердегі жүргізіп жатқан жұмысына біз ... арқылы қатысамыз.

- а) басқа адамдарға құтқарылу жолын айту
- ә) Құтқарушыға сенбейтіндерді басқару
- б) діни салттар мен рәсімдерді орындау

## **Ә. Жаңа Іс-ӘРЕКЕТТЕР**

**2 Мақсат.** Жаңа қызғушылықтарыңызды бөлісетін басқа адамдарға қосылу.

Сіздің Құдай Патшалығына қатысты жаңа қызығушылықтарыңыз сізді жұмысбасты және бақытты етеді. Төменде сіздің өміріңізге жаңа мән-мағына және жаңа мақсатқа жетелейтін іс-әрекеттер берілген.

## Қауымға бару

Құдай әрбір мәсіхшінің жергілікті қауым мүшесі болуын қалайды. Осы жоспарға сай бір-біріне жақын тұратын мәсіхшілер Құдайға табыну үшін, бір-бірін жігерлендіру үшін, Киелі кітапты оқу және Иса жайлы сенбеушілерге куәлік ету үшін бірге жиналады.

Осындай жиындар немесе Құдайға құлшылық ету біреудің үйінде немесе Құдайға арналған ғимаратта өткізіледі. Сізде осы жиындарға өзіңіздің достарыңызды Ізгі хабар естуге жиі шақырғыңыз келіп тұрады. Сізді Мәсіхтегі бауырларыңызбен қарым-қатынастар рақатқа кенелтеді, ал ең кереметі – осы жиналыстарда қатысатын Иемізбен кездесу.

Сіз осындай Құдайға қызмет ететін және Иса туралы Ізгі хабарды тарататын қауымның мүшесі болуды тезірек қалайсыз. Сіз қауымның бағдарламаларына қатысып, өзіңізге қанағат және қуаныш алыңыз. Осы сабақтар сізге қауымның жақсы мүшесі болуыңызға көмектеседі.

## Тапсырма

---

- 6** Сіз қазір оқып шыққан азат жолда мәсіхшілер бірге жиналғанда, оларды бірлікке жетелейтін төрт қызмет жайлы айтылған. Төмендегі тізімде біреуі жетіспейді. Жетпейтін бөлігін толтырыңыз.
- а)** Құдай Сөзін оқу.
- ә)** Құдайды мадақтау және алғыс айту.
- б)** Сенімдері жайлы куәлік ету.



Егер сізді бағушыңыз немесе басқа бір сенуші абайсызда өкпелетіп қойса, не болар еді? Отбасында бір бала екіншісін өкпелетсе, өкпелеген бала осы үшін үйден кетіп қалмайды. Бірақ қауымда осындай жағдай болса, кейбір сенушілер бүлік шығарып, қауымға келуден бас тартады. Оның орнына олар үйде болуға бел байлап, мұнысын Құдайға үйде табынатындарымен түсіндіреді. Мұндай жағдайдан абай болыңыз! Бұл – шайтанның мәсіхшіні әлсіретіп Иемізден алыстату үшін қолданатын сүйікті әдісі.



Құдай Өз балаларын Өзінің үйінде кездесуге күтетінін есіңізден шығармаңыз. Мүмкін қауымның ғимараты өте әдемі емес шығар. Мүмкін қауымда болып жатқан көп нәрселермен сіз келіспейтін боларсыз, бірақ Иемізге табыну үшін, Құдай Сөзін бірге оқу үшін және бір-біріңізді нығайту үшін Мәсіхтегі бауырларыңызбен кездесіп тұруыңыз керек.

Еврейлерге хат 10:24-25 аяттар мынандай кеңес береді: «Өзара сүйіспеншілік көрсетіп, игілік істеуге қозғау салудың қамын ойлайық. Кейбіреулер сенушілердің жиналыстарына бармай қалуды дағдыға айналдырып алған сияқты. Ал біздер солай істемей, бір-бірімізді одан бетер жігерлендірейік. Иеміздің қайтып келетін күнінің таяп қалғанын білесіңдер ғой».

## **Тапсырма**

---

**7** Егер бағушы сізге ренжітетін бір сөз айтса сіз...

- а)** қауымға бармай қоясыз немесе басқа қауымға кетесіз.
- ә)** басқаларға бағушыңызды жамандайсыз.
- б)** оны кешіріп, қауымға баруды жалғастыра бересіз.

**8** Басқа мәсіхшілермен кездесу маңызды емес деп санайтын сенушіге Киелі Кітаптағы қай нұсқаулықты есіне салу керек:

.....

## **Киелі Кітап оқу**

Біз Киелі Кітапты күнделікті оқудың маңыздылығы жөнінде айтып кеттік. Сіз өзіңіздің отбасыңызбен күнделікті Киелі Кітап оқып және сиына аласыз ба? Біз мұны отбасылық құрбандық шалатын орын немесе жанұя ретінде Құдайға арнаған уақыт деп атаймыз. Осылай жанұяңызбен бірігіп Құдайға уақытыңызды арнап, Сөзін оқу – үйіңізге жарылқау алып келеді. Құдайдың Сөздеріндегі бөліскен ақиқаттар – күнделікті жол көрсетіп, сізді қуаттандырып отырады. Бірге жиналғанда, отбасыңыздың әрбір мүшесінің мұқтажы жайлы сиына аласыз.

## Тапсырма

---

- 9** Мүмкін отбасыңызбен бірге Құдайға арнап уақыт өткізгіңіз келетін шығар. Не істейтініңізді сипаттайтын сөйлемдердің алдындағы әріпті шеңбермен қоршаңыз.
- а)** Күнделікті үйде жиналу.
  - ә)** Бір-бірімізбен мұқтаждарымызды бөлісіп, Құдайдың көмектесуін сұрау.
  - б)** Осы уақытты тек үлкен балалармен өткізу.
  - в)** Аптасына бір рет қауымда жиналу.
  - г)** Әрбір адамның сиынып бастауына жігер беру.
  - ғ)** Киелі Кітап оқу.
  - д)** Құдайға Оның жарылқаулары үшін алғыс айту.



### Сиыну: қай уақытта сиыну керек?

- Сиыну – бұл мәсіхшінің қолынан келетін ең маңызды істердің бірі. Сіз сиынып, Құдай дұғаңызға жауап бергенде, сіз Құдаймен әрекет етесіз.
- Сондықтан сиынуға уақыт бөлуді ұмытпаңыз!
- Ұйқыдан тұрысымен күнді Құдаймен бастағанда, сол күннің мұқтаждарына физикалық, моральдық және рухани күш аласыз.
- Ас алдында Құдайға ризашылық білдіріңіз.
- Отбасыңызбен таңертең немесе кешкісін сиыну үшін жиналыңыз.
- Қауымда жиналыс кезінде және жиналысқа дейін өтетін сиыну уақыттарына қатысуға тырысыңыз. Иса былай дейді: «Оларға: «Киелі жазбаларда: «Менің (киелі) үйім мінажат ететін үй деп аталатын болады!» делінген» (Мат. 21:13).
- Құдайға ризашылық білдіріп немесе Оның көмегіне жүгініп Құдайдың атын шақыра аласыз. Әкеңізбен сөйлескен кезде, әрдайым сөз айтудың қажеті жоқ; Ол сіздің ойларыңызды біледі.
- Ұйқыға жатар алдында Құдайға өткен күн үшін және Оның қамқорлығы үшін алғыс айтыңыз. Егер жөнсіз айтылған сөздеріңіз, істеген істеріңіз болса, сол үшін кешірім сұрап, өзіңізді алдағы түнде Оның қамқорлығына сеніп тапсырыңыз.

## Тапсырма

---

- 10** Жаңа оқып шыққан тізімді мінәжатыңызға арналған жолкөрсеткіш ретінде қолданыңыз. Қазір сиынып жүргендеріңізге қосқыңыз келетіндердің тұсына белгі қойыңыз.



### Сиыну: Қалай сиыну керек?

Мүмкін сіз: «Мен қалай сиыну керектігін білмеймін», – деп ойлайтын боларсыз. Сиыну қиын емес. Өзіңіздің досыңызбен сөйлескеніңіздей, Құдаймен де солай сөйлесеңіз. Киелі Рух сізге көмектеседі.

Құдайдың сіз үшін істеген істері туралы ойланыңыз және Оның жарылқаулары үшін алғыс айтыңыз. Одан өзіңіздің және өзіңізге жақын адамдардың мұқтаждықтары үшін де сұраңыз. Өзіңіздің достарыңыз бен туыстарыңыздың құтқарылуы үшін сиыныңыз. Өзіңіздің бағушыңыз үшін, қауым және Мәсіхтегі бауырларыңыз үшін және Құдайдың бүкіл әлемдегі жұмыстары үшін де сиыныңыз. Жаңадан туылғандар үшін және олардың қиыншылықтары үшін сиыныңыз. Өз еліңіз үшін сиыныңыз. Жай сиынуды бастаңыз, осылайша сіз жақын арада қалай сиынуды үйренесіз.

Иса Мәсіх бізге сиынудың үлгісін берді, сіз оны жаттап алып өзіңіз сиынған кезде қолдана аласыз.

Иеміздің мінәжаты:

«Көктегі Әкеміз!

Сенің киелі есімің қастерлене берсін,

Патшалығың осында орнасын!

Сенің еркін көкте орындалғандай,

Жер бетінде де орындала берсін!

Күнделікті нанымызды бүгін де бере гөр.

Бізге күнә жасағандарды кешіргеніміздей,

Сен де күнәларымызды кешіре гөр.

Азғырылуымызға жол бермей,

Жамандықтан бізді сақтай гөр.

Патшалық, күдірет пен ұлылық

Мәңгі-бақи Сенікі! Амин» (Мат. 6:9-13).

## Тапсырма

---

**11** Иеміздің үйреткен мінәжатын жаттап алыңыз.



## Б. Жаңа Куәліктер

**3 Мақсат.** Өзіңіздің Мәсіхке деген сеніміңіз жайлы достарыңызға және көршілеріңізге айтуды таңдау.

### Куәлік келтіру

Куәлік ету дегеніміз – Құдайдың сіз үшін не істегені туралы басқаларға айту. Сіз мұны үйде немесе көшеде, қауым жиналысында істей аласыз, тіпті хат арқылы да жаза аласыз. Бір кезде сізге басқалар Мәсіх туралы айтқандай, енді сіз де Ол туралы өзіңіздің туыстарыңыз бен таныстарыңызға айта аласыз. Олардың Исаны Құтқарушы ретінде қабылдауы үшін сиыныңыз.

Киелі Кітап басқалар Иса біздің Құтқарушымыз екенін білулері үшін көпшіліктің алдында Мәсіхке деген сенімімізді жариялау қажеттігін айтады. Мәсіх шәкірттеріне куәгерлерім болындар деп бұйырды. Егер батылдық жетпесе, Құдайдан сұраңдар, Ол сендерге береді, деді Ол. Мындаған адамдар бастапқыда мүмкін сіз сияқты Иеміз жайлы куәлік етуге қорыққан болар, бірақ кейін олар қорқынышты жеңіп, Иса Мәсіх туралы куәлік етуге күш алып, үлкен жарылқауларға ие болды. Иса Мәсіх былай деді:

«Сонымен Мені адамдар алдында мойындаған әркімді Мен де көктегі Әкемнің алдында мойындаймын» (Мат. 10:32).

«Себебі кім осы опасыз, күнәкар ұрпақ арасында Мені және айтқан сөздерімді танудан бас тартса, Мен де Билеуші ретінде Әкемнің салтанатты ұлылығымен Оның қасиетті періштелерін ертіп көктен қайтып келген кезімде сол адамды танудан бас тартамын» (Мар. 8:38).

## Тапсырма

---

- 12** Төменде сіз жиі көретін адамдардың тізімі берілген. Олар үшін сиынып, Исаның сіз үшін не істегені туралы олармен бөлісуге Құдайдан көмек сұраңыз.
- а) Сіздің отбасыңыз және туыстарыңыз.
  - ә) Сізбен бірге жұмыс істейтін адамдар.
  - б) Сіздің достарыңыз.
  - в) Сіздің көршілеріңіз.
  - г) Сіз тұратын аймақтағы сатушылар.

---

## Иемізді әнмен мадақтау

Ән жазу және өлең айту – Құдайдың адамдарға берген керемет дарындарының бірі. Үйде, болмаса қауымда Құдайды әнмен мадақтау – сіз үшін және басқалар үшін де үлкен жәрдем, жігер мен жарылқау болып табылады. Егер сіздің даусыңыз ән айтуға келмесе, ол маңызды емес. Ең бастысы сіздің Құдайды шын жүректен мадақтауыңыз болады.

«Мәсіх туралы Ізгі хабарға көңілдеріңнен мол орын беріндер: Забур жырлары, мадақтау өлеңдері және Киелі Рух дарытқан басқа да әндер арқылы бір-біріңе зор парасатпен тәлім-тәрбие және бағыт-бағдар беріндер. Жүректерің ризашылыққа кенеліп, Иемізге арнап ән айтып отырыңдар!» (Қол. 3:16).

## Тапсырма

---

- 13** Тәңірді мадақтап ән айтқанда, адамның ... маңызды.
- а) жақсы жағымды дауысты болғаны
  - ә) басқа адамдардың алдында айта алғаны
  - б) шын жүректен Оны мадақтағаны

## **В. Жаңа Серіктестік**

**4 Мақсат.** Құдаймен серіктес болу жолдарын табу.

### **Ізгі хабарды уағыздау**

Біздің Әкеміз – жомарт. Оның балалары болғандықтан, біз де Сол сияқты әрекет етуді үйренуіміз керек. Біздің құрбандық беруіміздің ең басты себебі осы. Басқаларға беру – біздің Құдайдікі екенімізді көрсететін жолдардың бірі. Біздің құрбандық ретінде қауымда берген ақшамыз көптеген адамдарға көмегін тигізеді. Бұл ақшаның бір бөлігі мұқтаждықтағы бауырларымызға беріледі. Ал бір бөлігі бағушыға, қызметкер ретінде көрсететін міндетін орындауға қолдау болу үшін беріледі. Және бір бөлігі жарықтандыру, су және жөндеу қызметтері сияқты қауымның шығындарына жұмсалады.

Біздің ақшаларымыз Киелі Кітаптар, рухани әндер жинағы, басқа да мәсіхшілік әдебиеттер сағып алу үшін де жұмсалуды мүмкін. Радио және теледидар бағдарламалары арқылы Ізгі хабарды таратуға төлем ретінде қолданылуы мүмкін. Құдай өзінің балаларына өте маңызды іс – адамдарға құтқарылу жайлы айтуды тапсырды. Ақшаларымызды беруіміз арқылы, біз осындай маңызды жұмысқа ат салысамыз.

Киелі Кітап өз табыстарымыздың оннан бір бөлігін (ондық) Құдайдың жұмысына берудің үлгілерін баяндайды. Көптеген мәсіхшілер осыны ұстанады. Олар өздеріндегі бардың бәрі, сондай-ақ табыс табу үшін жұмыс істеуге қажетті күштің де Құдайдан келетінін мойындайды. Оның есесіне олар өз табыстарының оннан бір бөлігін Құдайға қайтарады. Оннан бір бөлігі қауымды қолдауға жұмсалады.

Аянбай жомарт құрбандық беретін мәсіхшілер өздерінің Құдаймен серіктестігінен зор қуаныш табады. Сонымен қатар олар өздерінің де мұқтаждықтарының толықтырылып отырғанын байқайды. Сіз де өз өміріңіз үшін осы жаңалықты аша аласыз!

Иса былай дейді: «Беріндер, сонда сендерге де беріледі» (Лұқ.6:38).  
Сіздің бергендеріңіз үш түрлі жарылқау алып келеді.

1. Рухани жарылқау. Сіз Құдайдың жоспарына сәйкес жомарт адам боласыз.
2. Ішкі дүниедегі қанағаттану. Сіз өз жүгіңіздің үлесін алып жүрген, Құдайдың отбасының сенімді мүшесі болғаныңызға қуаныштысыз.
3. Кепілдік. Құдай сіздің мұқтажыңызды толтыруды уәде етті. Егер сіз Оған мойынсұнсаңыз, Оның сізді қамқорына алатынына сенімді бола аласыз. Мыңдаған мәсіхшілер жеке тәжірбиелерінен Құдайдың оларды еш тастамағанын айтады.

«Киелі үйімде әрдайым тамақ болуы үшін қоймама өнімнің он бөлігінің бірін толықтай алып келіңдер! Менің не істейтінімді осы арқылы сынап көріңдер! — деп ұсынады Әлемнің Иесі. — Сонда Менің аспаннан мол жауын-шашын жаудырып, сендерді жарылқауымның ағыл-тегіл болатыны соншама, оның бәрін жайғастыратын орындарыңның да болмай қалғанын көресіңдер» (Мал. 3:10).

«Әрқайсың жүректеріңнің шешіміне сай, еш ренішсіз, зорлықсыз барларыңмен бөлісіңдер! Құдай қуанышпен беретіндерді ұнатады» (2 Қор. 9:7).

## Тапсырма

---

**14** Төменде құрбандық беру жайлы 3 сөйлем берілген. Қайсы сөйлем мәсіхшінің беруіне маңызды себепкер?

- а) Құдайдың Өзі жомарт және әркімге ең жақсысын береді.
- ә) Құрбандық беретін адамдардың мұқтаждары толтырылады.
- б) Ондық – бұл біздің Құдайдың көмегімен тапқан табысымыздың оннан бір бөлігі.



## Көмек көрсетуге дайын болу

Иеміз үшін істеген әрбір қызметіңіз, қауым жиналатын жерді жуып-жинау болсын, көршілеріңіз үшін жексенбілік мектеп сабақтарын үйде өткізу болсын – рухани өсуіңізге көмектеседі. Сіз бағушыңыздан Құдай үшін не істей алатыныңызды сұраңыз.

## Қауым қызметтеріне қатысу

Қауым өміріне қатысудың бірнеше жолдары бар. Мысалы, жексенбілік мектепке, Киелі Кітапты зерттеу топтарына бара аласыз. Осы жерде сіз Құдай Сөзін жүйелі түрде зерттеуге қатыса аласыз. Осы мүмкіншілікті пайдаланыңыз. Ерлердің, әйелдердің, жастардың және балалардың да өз жиналыстары болады. Өздерінің жиналыстарында олар Иемізге тағзым етіп, Ол үшін алуан түрлі қызметтер атқарады. Осы топтың біріне қосылыңыз. Сізді жылы қарсы алады, оның қызметтеріне қуана қатысасыз. Осы топтар көмекке мұқтаж адамдарға көмек көрсетіп, оларды үйретіп жеткізуге ұмтылады. Жалғыз адам көп нәрсе істей алмайды, сондықтан Құдай өз балаларының бірігіп талпынуы арқылы осы әлемде Өзінің ісін атқаруда.

### Тапсырма

---

- 15** Төменде адамдардың қауым қызметтеріне қатысуының бірнеше түрі атап өтілген. Өзіңіз орындағыңыз келетін қызметтің алдындағы әріпті шеңбермен қоршаңыз. Өзіңіздің көмегіңізді қауым жетекшісіне немесе бағушыға ұсыныңыз.
- а)** Құрбандықты жинау немесе санау.
  - ә)** Тағзым ету кезінде балаларға қарау.
  - б)** Науқас адамдарға барып, олар үшін сиыну.
  - в)** Қарт адамдарды қызметке алып келуге көмектесу.
  - ғ)** Мәсіхшілік сенім туралы сұрақтары бар адамдармен әңгімелесу.
  - ғ)** Қауымның ғимаратын және оған қарасты аймақты күту.
  - д)** Мұқтажы бар қауым мүшелеріне іс жүзінде көмек көрсету.
  - е)** Киелі кітапты оқу қызметтеріне қосылу.
  - ё)** Мадақтау тобында музыкалық аспапта ойнау.
  - ж)** Мадақтау тобына қосылу.
  - з)** Ізгі хабар тарату жиналыстарына және қызметтеріне қатысу.





## Тым көп әрекет пе?

Егер сіз басқалар сияқты қызметке көп уақытыңызды бөле алмасаңыз, уайымдамаңыз. Құдай сізді жақсы түсінеді және сіздің істей алатын жұмысыңызға да көмектеседі.

Сіз жаңа өміріңіздегі қызметтерді ұнатасыз. Адамдардың мәңгілік жазадан құтылып және мәңгілік өмір алуына көмектесетініңізді түсінуіңіз қуаныш алып келеді. Жер бетінде Құдайдың даңқы үшін істеген әрбір ісіңіздің есесін Ол мәңгілікте жомарттықпен қайтарады.

## **Өз жауаптарыңызды тексеріңіз**

---

- 14 а)** Құдайдың Өзі жомарт және әркімге ең жақсысын береді.
- 1 ә)** оның негізгі қызығушылығына.
- 13 б)** шын жүректен Оны мадақтағаны.
- 4 б)** Көктегі Әкеңізбен қарым-қатынаста уақыт өткізу.
- 9** Отбасыңызбен бірге Құдайға арнап уақыт өткізгенде **а), ә), г), ғ)** және **д)**-дегі сөйлемдер не істейтініңізді сипаттайды.
- 5 а)** басқа адамдарға құтқарылудың жолы туралы айту.
- 7 б)** оны кешіріп, қауымға баруды жалғастыра беріңіз.
- 8** Еврейлерге хат 10:25
- 6 в)** «бір-бірлеріңді жігерлендіру» жауабы дұрыс болар еді.

Сіз бірінші тарауды оқып бітірдіңіз. Сіз енді *Әр тарауда алған біліміңізді бағалау* сұрақтарына жауап беруіңізге болады. Осы сұрақтарға жауап берер алдында, өткен сабақтарды қайталап шығыңыз. *Әр тарауда алған біліміңізді бағалау* сұрақтарына жауап бергенде нұсқаулықты мұқият орындаңыз. Содан кейін Екінші тарауды бастауыңызға болады.





---

### **Сабақтар**

- 6** Сіздің ұстанатын жаңа қағидаларыңыз
- 7** Сіздің Көмекшіңіз бар
- 8** Сіздің өміріңіз жарық болып көрінеді
- 9** Отбасыңыздың бақытты болғанын қалайсыз ба?
- 10** Сіздің жаңа еркіндігіңіз

# САБАҚ 6 Сіздің ұстанатын жаңа қағидаларыңыз

---

Адамдар бір-бірімен қатар өмір сүру үшін белгілі бір ережелер немесе қағидаларды ұстануы керек. Мысалы, бірнеше балалы отбасыны көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Үлкен балаларына түнімен шулауға рұқсат етілсе не болар еді? Ешкім дұрыс демала алмас еді. Сондықтан күнделікті өмірімізде белгілі бір ұстанатын қағидалар қажет.

Егер адам ерекше мақсатқа жетуге ұмтылса, оған ұстанатын қағидалар керек. Мысалы, атлеттер өзінің жаттықтырушысының нұсқауларын орындайды. Олардың мақсаты – жүлдені жеңіп алу үшін керекті шеберлік пен күшін дамыту. Мәсіхші бола тұрып, сіз ерекше, жаңа мақсат табасыз: Көктегі Әкеңіз сізді қандай қалыпта көргісі келсе, сондай болу. Бұл сізге жаңадан ұстанатын қағидалардың қажеттігін көрсететін тағы бір себеп.

Көктегі Әкеңіз сіздің Өз отбасының мүшесі болуыңызды және өміріңізге қатысты мақсаттарға жетуіңізді қалайды. Осы сабақ Құдайдың сізге көмектесу үшін берген жаңа қағидаларын түсіндіреді. Осы қағидаларды ұстану сізге үлкен пайда әкеледі.

## ***Сіз осы сабақта келесі тақырыптарды оқып білесіз.***

---

- А. Өмірлік қағидаларды кім орнатады?
- Ә. Осы қағидаларды сіз қайдан табасыз?
- Б. Құдайдың қағидаларына сай қалай өмір сүре аламыз?
- В. Осы қағидалар сізді жетістікке жетелейді.

## ***Осы сабақтың мақсаты***

---

1. Құдайдың сіз үшін орнатқан қағидаларын суреттеу.
2. Құдайдың қағидаларын қалай ұстана алатыныңызды түсіндіру.
3. Құдайдың қағидаларына сай өмір сүру арқылы жететін нәтижелерді атау.
4. Табысты өмір сүруді сипаттау.

## **А. ӨМІРЛІК ҚАҒИДАЛАРДЫ КІМ ОРНАТАДЫ?**

**1 Мақсат.** Құдайдың қағидаларын қалай ұстана алатыныңызды түсіндіру.

Үйде балаларының қалай жүріп-тұратындарын белгілейтін қағидаларды ата-аналары орнатады. Балалар тез арада осы қағидаларға немесе ережелерге сай өмір сүру керектігін меңгеріп алады. Балалар ережелерді бұзған жағдайда, ата-анасы түзетеді. Ал егер де балалары қасарысып, одан әрі тындамаса, онда ата-анасы оларды тәртіпке салуы мүмкін. Дегенмен балалар отбасының мүшесі болып қала береді, бірақ тілазарлығы қиындықтар мен қайғы-қасірет алып келеді.

Біздің Көктегі Әкеміз де Өзінің балаларына не істеу керек және не істемеу керек екенін көрсететін қағидалар орнатты. Кейде Оған да Өз балаларын тәртіпке салуға тура келеді.

## Тапсырма

---

- 1** Жақсы ұйымдастырылған үйде ұстанатын қағидаларды ... орнатады.
- а) балалар
  - ә) көршілер
  - б) ата-аналар
- 2** Мәсіхшілер мінез-құлыққа бізді үйрету құқығы ... тиесілі.
- а) біздің Көктегі Әкемізге
  - ә) біз өмір сүретін мәдениетке
  - б) бізге



## Ә. Осы Қағидаларды Сіз Қайдан Табасыз?

**2 Мақсат.** Құдайдың қағидаларын қалай ұстана алатыныңызды түсіндіру.

Адамның мінез-құлқын бақылау арқылы ұстанатын қағидаларын көреміз. Мәсіхшілік мінез-құлық қағидаларын қалай анықтай аламыз? Біз Иса Мәсіхтің қалай өмір сүргенін бақылау арқылы мәсіхшілік мінез-құлық қағидаларын үйренеміз. Киелі Кітап бізге Исаның өмірін баяндайды. Ол – біздің мінсіз өнегеміз және өмір сүру үлгіміз.

Мәсіхшілік қағидаларын біз Исаның олар туралы айтқан сөздерінен үйрене аламыз. «Таудағы уағызында» (Матай жазған Ізгі хабар 5-7 тараулар) Иса мәсіхшілік мінез-құлық қағидаларын сипаттайды. Бұл Өзінің ұстанатын қағидалары еді. Оның күдіретті күшімен бізде әрекет етуі арқылы сол мінез-құлық қағидалары біздікі де бола алады.

Құдайдың орнатқан мінез-құлық қағидаларын ұстанғандарға Құдай ерекше жарылқау беретінін айтумен Иса Өзінің уағызын бастады. Ол басқа да маңызды тәлімдер берумен жалғастырды. Төменде Оның айтқан кейбір тәлімдері:



## Таудағы уағыз: Матай 5-7

«Құдай алдында құр алақан тұрғандар бақытты:  
Құдайдың Патшалығы сондайларға арналған!

Күнәларына өкініп қайғырғандар бақытты:  
Құдай оларды жұбататын болады!

Кішіпейіл жандар бақытты:  
олар жерді иемденетін болады!

Әділдікті аңсап зарыққандар бақытты:  
олар қанағат табатын болады!

Мейірімділер бақытты:  
Құдайдың мейірімі соларға түседі!

Жүректері пәк тазалар бақытты:  
олар Құдайды көретін болады!

Татуластырушылар бақытты:  
олар Құдайдың рухани балалары деп аталмақ!

Әділдік үшін қудаланғандар бақытты:  
Құдай Патшалығы сондайларға арналған

Сол сияқты, сендердегі «нұр» адамдарға сәулесін төксін. Осылайша олар игі істерінді көріп, көктегі Әкелерінді мадақтап дәріптесін.

Сендер «көзге көз, тіске тіс» дегенді естідіңдер. Ал Мен сендерге айтамын: зұлымдық жасағаннан кек алма!

Сендер «Маңайындағы адамды жақсы көріп, жауынды жек көр!» дегенді де естідіңдер. Ал Мен сендерге айтамын: жауларыңды жақсы көріңдер! Өздеріңді қудалағандар үшін Жаратқан Иеге мінажат етіңдер! Осылайша көктегі Әкелеріңнің рухани балалары боласыңдар.

Жер бетінде өздеріңе дүние-байлық жинамаңдар! Оларды күйе жеп, тот басады немесе ұры бұзып кіріп, ұрлап кетеді. Қайта, өздеріңе байлықты көкте жинаңдар! Сол жерде оны не күйе жемейді, не тот та баспайды, ұры да бұзып кіріп, ұрлап кетпейді. Байлықтарың қайда болса, жүректерің де сонда.

Сондықтан не ішіп-жейміз, не киеміз деп уайымдамаңдар! Тәңірге мойынсұнбайтындар барлық сондай нәрселерге ие болуға тынымсыз ұмтылуда. Ал бұлардың бәрінің сендерге қажет екенін көктегі Әкелерің біледі ғой. Ең бастысы, Құдайдың Патшалығының қамын ойлап, Құдайдың әділ еркін орындауға ұмтылыңдар! Сонда көктегі Әкелерің сендерге бұлардың бәрін қосып береді».

## Тапсырма

---

**3** Кім бізге мінсіз мәсіхшілік өмір үлгісі бола алады?

- а) Сіздің бағушыңыз.
- ә) Қауымның қасиетті адамдары.
- б) Иса Мәсіх.

**4** Төменде бірнеше пікірлер берілген. Жоғарыда оқыған «Таудағы уағызы» аяттарындағы Исаның тәліміне сай келетін сөйлемдердің алдында тұрған әріптерді шеңбермен қоршаңыз.

- а) Егер бір мәсіхші бауырым мұқтаждықта болса, онда мен өз ақшаларымды жинап қоймай, оған көмек беруім керек.
- ә) Егер мен туралы біреу өтірік айтса, мен оны жек көруге құқықтымын.
- б) Егер мен мәсіхші болғаным үшін жұмысымнан айрылсам, мен қуана аламын, өйткені Құдай мені бұл жағдайда да қамқорлайды.



Иса бізге басқа адамдармен қандай қарым-қатынаста болудың негізгі ережесін берді. Көптеген адамдар оны «Алтын ереже» деп атайды. «Барлық істе де басқалар өздеріңе қалай істесін десеңдер, сендер де оларға солай істеңдер! Бұл Таурат пен Пайғамбарлар жазбаларының тәліміне сай» (Мат. 7:12).

Әрине, адамдар басқаларға жамандық жасамаулары керек деген сөзбен бәріміз келісеміз. Көптеген дінбасылары осыны айтқан. Бірақ Алтын ереже одан әлдеқайда тереңірек кетеді! Иса өзгелерге белсенді жақсылық істеу керектігімізді айтады. Өзімізге қандай қатынасты қаласақ, біз өзгелерге бірінші болып сондай қарым-қатынасты көрсетуіміз керек.

Біз өркөкірек, өзімшіл, ерегескіш және сыншыл болмауымыз керек. Біз әуелі арам құмарлықтар мен зұлым құштарлықтарға ойымыздан да орын бермеуіміз керек.

Біздің ең бірінші арманымыз – Құдайға жағымды нәрселерді іске асыру болу керек. Біз жергілікті байлықтарды және Құдайға қызмет етуді бір мезгілде басты мақсат етіп қоя алмаймыз. Егер біз Құдайды бірінші орынға қойсақ, онда Ол біздің мұқтаждарымызды толтыру үшін барлық жағдайды жасай алады. Сонымен бірге біздің Құдай үшін істеген істерімізге бола, көкте мәңгілік байлыққа ие боламыз.

## **Тапсырма**

---

**5** Алтын ережені көбірек ұстанатын адамдар – ...

- а) алдымен басқалардың өздеріне жақсылық жасағанын күтіп, содан соң оларға жақсылықтарына жақсы істерімен қайтарады.
- ә) өзгелерге жақсылық жасау жолдарын іздейді.
- б) өздері қалаған нәрселерді алудың жолдарын іздейді.

**6** Исаның тәліміне қайшы келетін әрекеттеріңіз бар ма? Өміріңізде істегіңіз келген өзгерісті көрсететін сөйлемдердің астын сызыңыз:

- а) Өзіңізге жамандық жасаған адамдарды кешіру.
- ә) Мұқтаждарға жомарттықпен беру.
- б) Сізден сеніміңізге бола бас тартқан адамдар үшін сиыну.
- в) Адамдар үшін жақсылық істеуді ойлану және соны іске асыру.
- г) Өз отбасыңызда және қоғамда татуластырушы болу.

---

## **Б. Құдайдың Қағидаларына Сай Қалай Өмір Сүре Аламыз?**

**3 Мақсат.** Құдайдың қағидаларына сай өмір сүру арқылы жететін нәтижелерді атау.

Иса ешкімнің осы ережелерді Құдайдың көмегінсіз орындай алмайтынын анық білді. Сондықтан Ол шәкірттеріне Көктегі Әкеден сиынып, көмек сұрауды үйретті. Бесінші сабақта сіз сиыну үлгісі «Иеміздің мінәжаты» жайлы үйрендіңіз. Құдай сізге қандай көмек көрсетпек?

Құдаймен өмір бөліскендіктен, сіз Көктегі Әкеңіз сияқты бола аласыз. Қалайша? Сіздің Әкеңіз Киелі Рухын сізде өмір сүру үшін жіберді. Осылай Құдай сізбен өмірімен бөлісті. Менің өмір сүруім Құдайдың қалауындай болмайды деп уайымдамаңыз. Ол Өзі сізге көмектеседі. Бұл туралы келесі сабақтан егжей-тегжейлі үйренесіздер.

## **Тапсырма**

---

**7** Бесінші сабақта берілген «Иеміздің мінәжатын» қайта қарап шығыңыз. Осы мінәжатында Иса бізді ... сиынуды үйретеді.

**а)** әулиелерге

**ә)** Құдайға, біздің Көктегі Әкемізге

**б)** біздің ата-бабаларымыздың аруақтарына



## **В. Осы Қағидалар Сізді Жетістіктерге Жетелейді**

**4 Мақсат.** Табысты өмір сүруді сипаттау.

Өзінің нұсқаулары табысты өмір сүрудің негізгі шарты екенін Иса бізге білдірді. Біздің өміріміз ғимарат іспетті. Біздің ойларымыз, сөздеріміз бен істеріміз – ғимаратқа қаланатын кірпіштерге ұқсас. Осы кірпіштерді Исаның тәліміне сай қаласақ, өмір сынақтарына төтеп бере алатын мінез-құлыққа ие боламыз.

Иса берген қағидаларды ұстанбай, өзінің арманына сай өмір сүретін адам сәтсіздікке ұшырап, дауылдарға төтеп бере алмайды. Егер сіз мәсіхші ретінде табысты өмір сүргіңіз келсе, өз өміріңізді Мәсіхтің тәліміне негіздеп, Оның берген қағидаларын ұстаныңыз. Киелі Рух сізге көмектеседі.

## **Тапсырма**

---

**8** Иса бізге ... шынайы жетістікке жетесің деп үйретеді.

**а)** өмірімізді Оның тәліміне сай құрсақ,

**ә)** Оның бақыттылық туралы не айтқанын білсек,

**б)** күнделікті көптеген мінәжаттарды қайталай берсек,



## **Өз жауаптарыңызды тексеріңіз**

---

- 4 а)** Егер бір мәсіхші бауырым мұқтаждықта болса, онда мен өз ақшаларымды жинап қоймай, оған көмек беруім керек.
- б)** Егер мен мәсіхші болғаным үшін жұмысымнан айрылсам, мен қуана аламын, өйткені Құдай мені бұл жағдайда да қамқорлайды.
- 1 б)** ата-аналар
- 5 ә)** өзгелерге жақсылық жасау жолдарын іздейді.
- 2 а)** біздің Көктегі Әкеміз
- 7 ә)** Құдайға, біздің Көктегі Әкемізге
- 3 б)** Иса Мәсіх
- 8 а)** өмірімізді Оның тәліміне сай құрсақ.

# САБАҚ 7 Сіздің көмекшіңіз бар

---

Құдай сіздің Өзінің көмегінсіз мәсіхші болуыңызды қаламайды. Шынымен де Құдай Киелі Рухының күшімен сізде өмір сүру үшін келді. Сіз жалғыз емессіз!

Кейбіреулер мәсіхші болу – жаңа ережелердің жиынтығын үйрену ғана деп ойлайды. Олар қателеседі. Мәсіхшілік өмір – сіз ұстануға тиісті ережелер жиынтығы емес. Сіздің жақсы болу талпыныстарыңызға да байланысты емес. Мәсіхшілік өмір – ішіңізде пайда болып, сізден ағылып-төгілетін Құдайдан келген жаңа өмір.

Киелі Рухтың сізді жетелеуіне жол берген сайын Құдайдың қағидаларын ұстануды үйренесіз. Киелі Рух сізге күнәға теріс қарап, әділдікті тандауға күш береді. Күнделікті сіз өзіңіздің Көктегі Әкеңізге ұқсай түсесіз.

Иә, сізде керемет Көмекші бар! Осы сабақтан сіз Оның кім екенін және Оның сізге қалай көмектесетінін түсінесіз.

## ***Сіз осы сабақта келесі тақырыптарды оқып білесіз***

---

- А. Киелі Рух – сіздің Көмекшіңіз.
- Ә. Киелі Рухтың жемістері.
- Б. Киелі Рухтың жетелеуімен жүру.
- В. Сізде Киелі Рухтың күші бар.
- Г. Киелі Рухтың дарындары.

## ***Осы сабақтың мақсаты***

---

1. Құдай үшін өмір сүруге Оның сізге беретін күшін анықтау.
2. Өміріңіздегі Киелі Рухтың жұмыс істеуінің әр түрлі әдістерін сипаттау.
3. Киелі Рухтың күшін жеке басыңызбен сезу.
4. Киелі Рухпен шомылдыру рәсімінен өтуді сипаттау.
5. Киелі Рухтың дарындары жайлы ақиқаттарды анықтау.

## **А. Киелі Рух—Сіздің Көмекшіңіз**

**1 Мақсат.** Құдай үшін өмір сүруге Оның сізге беретін күшін анықтау.

Иса Мәсіхтің өмірі мен өлімі арқылы Құдай сіздің құтқарылуыңызға қажеттінің бәрін дайындап қойды. Сонымен қатар Ол сіздің жаңа өміріңізге қажеттіні де береді. Ол осыны Киелі Рух арқылы іске асырады.

Киелі Рух бір мезгілде барлық жерде бола алады. Иса Мәсіх жерде өмір сүрген кезінде, бір уақытта бір ғана жерде бола алды. Иса көкке көтерілгеннен кейін, Ол барлық мәсіхшілермен бірге болу үшін – бізде өмір сүру үшін, бізді жетелеу үшін және көмектесу үшін жерге Киелі Рухты жіберді.

«Мен көктегі Әкемнен сендермен мәңгі бірге болатын Қамқоршыны жіберуін өтінемін, Ол — шындықты білдіретін Киелі Рух, Ал Әкем Менің атымнан Қамқоршыларың — Киелі Рухты жібереді. Ол Менің сендерге айтқан сөздерімнің бәрін естеріңе салып, рухани өмірлеріңе керектің бәрін үйретеді» (Жох. 14:16, 26).

## Тапсырма

---

- 1** Сізбен әрдайым бірге болу үшін Құдайдың жіберген Көмекшісі кім?
- а) Сіздің бағушыңыз.
  - ә) Киелі Рух.
  - б) Сіз тұратын аумақтағы діни қызметкер.
- 2** Мәсіхшілік өмір —... ерекше көңіл бөледі.
- а) ережелер жиынтығына бағынуға
  - ә) әрдайым жақсы болуға тырысушылыққа
  - б) сізде өмір сүретін Киелі Рухқа
- 3** Құдайдың Киелі Рухты жіберу себебі:
- а) сізде өмір сүріп, сізді жетелеу және көмектесу үшін.
  - ә) жерде Исаның орнын басу.
  - б) бір мезгілде барлық жерде болу.



## Ә. Киелі Рухтың Жемісі

**2 Мақсат.** Өміріңіздегі Киелі Рухтың жұмыс істеуінің әр түрлі әдістерін сипаттау.

Сіздің өміріңізде Киелі Рух «Киелі Рухтың жемісі» деп аталатын нәтижелер алып келеді. Киелі Рух сізге дұрыс қадам жасауға ұмтылыс және соған керекті күш береді. Егер сіз Оның жетелеуіне және сізге көмектесуіне жол берсеңіз, Ол сізде керемет мәсіхшілік мінез-құлықты дамытады. Сіздің мінез-құлқыңыз, сөздеріңіз бен істеріңіз сіздің Құдайдың баласы екеніңізді дәлелдейді. Сіздің достарыңыз және отбасыңыздың мүшелері сіздің айналаңызда болуды ұнатса, одан да маңыздысы Киелі Рухтың осындай жемісі сіздің Көктегі Әкеңізді қуантады.

«Ал Киелі Рух өмірлеріңде жетілдіретін игілікті «жеміс» мынадай: сүйіспеншілік, қуаныш, тыныштық, шыдамдылық, қайырымдылық, кеңпейілділік, сенімділік, ілтипаттылық, ұстамдылық. Ешбір заң бұларға қарсы тұрмайды» (Ғал. 5:22-23).



«Егер мол жеміс берсеңдер, Менің шәкірттерім боласыңдар. Сол арқылы Әкемнің ұлылығы анық көрінеді» (Жоқ. 15:8).

## **Тапсырма**

---

- 4** Киелі Рухтың жемісі —...
- а) Ізгі хабарды еститін адамдар.
  - ә) Киелі Кітаптағы рухани ақиқаттар.
  - б) Киелі Рух жетілдірген мәсіхшілік мінез-құлықтың жақсы қасиеттері.
- 5** Ғалаттықтарға хат 5:22-23 бірнеше рет оқып шығыңыз.

## **Б. Киелі Рухтың Жетелеуімен Жүру**

**3 Мақсат.** Киелі Рухтың күшін жеке өміріңізде сезу.

Біздің өз еркімізді орындауымыз қалыпты жағдай. Адамның табиғаты солай. Біз әрдайым дұрыс нәрсені емес, өз қалауымызды істегіміз келеді. Міне, сондықтан да бізге тура жол көрсететін, Құдайдың еркін орындауға ниеттендіретін ішіміздегі Киелі Рухтың даусына құлақ түруіміз керек. Ғал. 5:16, 25 аят былай тәлім береді: «Егер мол жеміс берсеңдер, Менің шәкірттерім боласыңдар. Сол арқылы Әкемнің ұлылығы анық көрінеді... Біз Киелі Рухтың арқасында жаңа өмірге ие болғандай, Оның жетекшілігімен өмір сүре берейік».

Құдайдың Рухы сізді бағыттады және нығайтады, дегенмен де сіз өз үлесіңізді орындауыңыз керек. Сіз Киелі Рухпен ынтымақта болып, Оның сізді бағыттауына мүмкіндік беруіңіз керек. Киелі Кітапта мұны «Киелі Рухтың жетелеуімен жүру» деп айтады. Киелі Кітаптан оқығаныңызды іс жүзінде орындап жүрсеңіз, онда қазірдің өзінде сіз Киелі Рухтың жетелеуімен жүрсіз.

## **Тапсырма**

---

- 6** Ғал. 5:16 аятында айтылған «тән құмарлығының қалаулары» қандай нәтижелерге жетелейді?
- а) Тек қана өзің туралы және өз қалауларыңды ойлау.
  - ә) Өз отбасымызды материалдық жағынан қамтамасыз ету.
  - б) Үйлерімізді және бізді қоршаған нәрсенің бәрін жақсарту.

## **В. СІЗДЕ КИЕЛІ РУХТЫҢ КҮШІ БАР**

**4 Мақсат.** Киелі Рухпен шомылдыру рәсімінен өтуді сипаттау.

Құдайдың ісін атқару үшін шәкірттеріне өз күштерінен асқан күштің қажет екенін Иса білді. Бүкіл әлемде Өзнің куәгерлері болуға қажетті күшті қабылдау үшін Киелі Рухқа толуларын күтуді бұйырды.

«Бірде Иса елшілерімен дастарқан басында жиналған кезде оларға былай деп бұйырды: Иерусалимнен кетпей, Өкенің өз уәдесін орындауын тосыңдар! Мен сендерге сол туралы айтқан едім ғой. Жақияның шомылдыру рәсімі сумен болатын, ал енді біраз күнде сендер Киелі Рухпен шомылдырыласыңдар... Бірақ Киелі Рух өздеріңе қонғанда Оның құдіретін қабылдайсыңдар. Содан сендер Иерусалимде, бүкіл Яһудея мен Самария аймақтарында және жердің шетіне дейін Маған куә боласыңдар» (Елш. 1:4-5, 8).

Жақия Шомылдырушы Иса Мәсіх туралы былай деді: «Жақия бәріне былай деп жауап берді: Мен сендерді суға шомылдыру рәсімінен ғана өткіземін. Ал менен құдіретті Біреу келе жатыр. Оның құлы болып кебісін әперуге де тұрмаймын. Ол сендерді Құдайдың Киелі Рухына және отқа шомылдырады» (Лұқ. 3:16).

Елшілердің істері кітабында Елуінші күн мейрамында Құдай уәдесін қалай орындағаны және одан кейінгі болған керемет істерді әсерлі баяндайды.

«Бәрі Киелі Рухқа кенеліп, Оның өздеріне берген дарынына қарай бөтен тілдерде сөйлей бастады. Сол кезде в Иерусалимде дүниенің төрт бұрышындағы әр елден келген, Құдайды қастерлейтін яһудилер тұратын. Осы шу естілгенде көптеген халық сол жерге жиналып, аңтарылып тұрып қалды. Себебі олардың әрбіреуі тыңдағанда сенушілердің мұның өз тілінде сөйлеп тұрғанын естіді. Халық қатты таңғалып: «Мына сөйлеп жатқандардың бәрі ғалиялықтар емес пе? десті. Бәрі Киелі Рухқа кенеліп, Оның өздеріне берген дарынына қарай бөтен тілдерде сөйлей бастады. Сол кезде в Иерусалимде дүниенің төрт бұрышындағы әр елден келген, Құдайды қастерлейтін яһудилер тұратын. Осы шу естілгенде көптеген халық сол жерге жиналып, аңтарылып тұрып қалды. Себебі олардың әрбіреуі тыңдағанда сенушілердің мұның өз тілінде сөйлеп тұрғанын

естіді. Халық қатты таңғалып: «Мына сөйлеп жатқандардың бәрі ғалилеялықтар емес пе? десті... (яһудилер және яһуди дініне кіргендер, сондай-ақ) криттіктер мен арабтар да бар. Бірақ әрқайсымыз мына кісілердің Құдайдың ұлы істерін өз тілдерімізде жариялап жатқанын естіп тұрмыз» (Елш. 2:4-7, 11).

Киелі Рухқа толу немесе шомылуды «Елулік оқиғасы» деп те айтады, өйткені бұл оқиға алғаш рет Елуінші күн мейрамында болды. Егер адам Киелі Рухтың күшінің жетелеуімен өзі білмейтін басқа тілде сөйлесе бұл «өзге тілде сөйлеу» деп аталады (грекше – «глоссалалия»). Басқаша бұны біз «харизматикалық оқиға» деп атаймыз, грек сөзі «харизма» – «дарын» дегенді білдіреді. Өзге тілде сөйлеу – Киелі Рухтың дарыны және ғажайып жағдай болып табылады.

## **Тапсырма**

---

**7** Киелі Рухқа шомылдыру немесе Киелі Рухқа толу деп – ... айтады.

- а)** суға шомылдыру рәсімінен өтуді
- ә)** Ғал. 5:22-23 аяттарда жазылғандай Киелі Рухтың жемістерін әкелуді
- б)** Елш. 2:4 аятта жазылғандай өзге тілде сөйлеуді

**8** Елуінші күн мейрамында шәкірттер Киелі Рухтың әсерімен ... тілде сөйледі.

- а)** ешкім білмейтін
- ә)** өздері білмейтін
- б)** ешқандай мағынасы жоқ



Өзге тілде сөйлеу – Киелі Рухтың келгендігінің белгісі болды. Бұл тек бастамасы ғана болып табылады. Иса Киелі Рухтың бізге күш беретінін уәде етті. Бұл күш бізге екі мақсат үшін берілді:

1. Иса туралы басқаларға куәлік етуге көмектесу.
2. Біздің тиімді сиынуымызға көмектесу.

Мәсіхшілер Киелі Рухтың күшімен куәлік етіп және сиынған кезде, көптеген жандарды Құдайға бет бұруға жетелейтін керемет жағдайлар болады.

«Сонда Петір өзге он бір елшімен бірге орнынан тұрып, қатты дауыспен халыққа былай деп сөйлеп кетті: Уа, халайық, яһудилер және Иерусалимде тұрып жатқан сендердің барлығың! Сендерге мұның мәнісін түсіндірейін, сөзіме құлақ түріндер!» (Елш. 2:14).

«Петірдің сөзін қабылдағандар шомылдыру рәсімінен өтті. Осылайша бұл күні қауымға үш мыңдай адам қосылды» (Елш. 2:41).

«Олар сиынып болғаннан кейін өздері жиналып отырған жер қозғалып кетті. Бәрі Киелі Рухқа кенеліп, Құдай сөзін батылдықпен уағыздады» (Елш. 4:31).

## Тапсырма

---

**9** Киелі Рухпен шомылдырудың негізгі мақсаты – бұл мәсіхшіге ... күш беру.

- а)** тиімді куәлік ету және сиыну үшін
- ә)** құтқарылуға жету үшін
- б)** сауықтыру кереметін жасау үшін



Құдайдың сол кездегі күші осы біздің заманымыздағы мәсіхшілерге де арналған. XX ғасырдың басынан бастап бүкіл дүние жүзінде әр қилы деноминациялық қауымдарда миллиондаған адамдар осы Елуінші күн мейрамындағы ерекше құбылысты бастарынан өткізіп, Киелі Рухтың күшін қабылдады. Елшілердің істері 2:38-39 аяттарда былай уағыздайды:

«Петір оларға былай деп жауап берді: Әрқайсың күнәларыңның кешірілуі үшін теріс жолдан қайтып, Иса Мәсіхтің атымен шомылдыру рәсімінен өтіңдер! Сонда сендер Құдайдың сыйын — Оның Киелі Рухын қабылдайсыңдар. Себебі бұл уәде сендерге, балаларыңа және алыстағылардың бәріне: Құдайымыз — Жаратқан Ие шақыратын барлығына да арналған».

## Тапсырма

---

**10** Сіз өз өміріңізде Киелі Рухтың осы күшін иемденгіңіз келе ме?

.....

Сіз Иса туралы куәлік ету үшін Құдайдың отын жүрегіңізде иемденуді қалайсыз ба? .....

Бұдан да тиімдірек сиынуды қалайсыз ба? .....



Осы Елуінші күн мейрамындағы керемет оқиға сізге де беріледі. Құдайдан сізді Киелі Рухпен шомылдыруын сұраңыз.

## Г. Киелі Рухтың Дарындары

**5 Мақсат.** Киелі Рухтың дарындары жайлы ақиқаттарды анықтау.

Елшілердің істері кітабы 2:38-39 аяттарында оқығаныңыздай, Киелі Рухтың Өзін «сый» деп атаған. Осы сөз мәсіхшілерге беретін қабілеттерді де көрсетеді. Осы қабілеттер Киелі Рухтың «дарындары» деп аталады. Мәсіх қауымының рухани күшке толуын қалайды және осы мақсатпен Киелі Рух қауымның мүшелеріне әртүрлі ерекше дарындар береді. Осылай қауымның әрбір мүшесі қауымның жұмысына және өсуіне қатыса алады. Пауыл Қорынттағы қауымға былай деп жазады: «Алуан түрлі дарындар бар, бірақ оларды сыйлайтын Киелі Рух Біреу-ақ... Ол өз Рухының өмірлерінде бар екенін әрқайсыңа бәрінің игілігі үшін көрсетеді... Бұлардың бәрін де дәл сол Киелі Рух істейді. Ол дарындарды Өзінің қалауынша әркімге жекелеп үлестіріп береді» (1 Қор. 12:4, 7, 11).

## **Тапсырма**

---

- 11** Төменде Киелі Рухтың дарындары жайлы пікірлер берілген. Дұрыс сөйлемнің алдындағы әріпті шеңбермен қоршаңыз.
- а)** Барлық мәсіхшілер бірдей дарындарға ие.
  - ә)** Кім қандай дарын алу керектігін қауым жетекшілері шешеді.
  - б)** Дарын бір адамға берілгенімен, оны пайдалану көп адамға пайдасын тигізеді.
  - в)** Барлық мәсіхшілер Құдайға қызмет ете алады, өйткені олардың бәрінде Киелі Рухтың дарыны бар.
- 12** Құдайдан бүкіл әлемде Елуінші күндегідей серпілісті рухани жалғастыруын сиынып сұраңыз.
- 13** Киелі Рухтан өзіңізге қызмет ету үшін дарын сұраңыз. Қауымның өзге де мүшелеріне Оның дарындар беруін сиынып сұраңыз.

## **Өз жауаптарыңызды тексеріңіз**

---

- 7 б)** Ел. 2:4 аятта жазылғандай өзге тілде сөйледі.
- 1 ә)** Киелі Рух
- 8 ә)** өздері білмейтін.
- 2 б)** сізде өмір сүретін Киелі Рухқа.
- 9 а)** тиімді куәлік ету және сиыну үшін.
- 3 а)** сізде өмір сүріп, сізді жетелеу және көмектесу үшін.
- 4 б)** Киелі Рух жетілдірген мәсіхшілік мінез-құлықтың жақсы қасиеттері.
- 11 б) және в)** сөйлемдері дұрыс.
- 6 а)** Тек қана өзің туралы және өз қалауларыңды ойлау.

# 8 Сіздің өміріңіз нұр болып табылады

---

Киелі Кітап күнәні, қателікті және Құдайды танымауды түнекпен теңейді. Мәсіхсіз өмір сүретін әр адам қараңғыда қармаланып, адасып, шайтанның шырмауынан шыға алмай, көкке апаратын жолды табуға мүмкіншілігі болмайды.

Бірақ Құдай сол түнекте жүргендерді сүйеді! Ол Өзінің Ұлы Иса Мәсіхті осы әлемге нұр болу үшін жіберді. Иса Мәсіхті қабылдағаннан кейін сіздің өміріңіз нұрға кенеледі. Сіздегі Иса – шамның жалыны немесе сол шамды жандыратын күш. Құдайдың Ұлын қабылдағандықтан, сіз енді Құдайдың шамы, Құдайдың шырағысыз. Құдай сіздің өміріңізде Исаның ізгілігі мен ақиқатының жарқырағанын қалайды.

Сіз айтып жүрген Құдайдың құдіретті күшінің бар екендігіне көз жеткізу үшін көптеген адамдар сізді жан-жақтан бақылайды. Сіздің өміріңіз – Ізгі хабар адамдарды қалай өзгерте алатындығын дәлелдейді. Сөздеріңізден гөрі іс-әрекеттеріңіз Мәсіх жайлы көбірек дәлел болады.

Иса сізде өмір сүргендіктен, өміріңізден көрініп тұрған нұрдың сәулелерін осы сабақта қарастырамыз. Осы сәулелер адамдарға Ізгі хабардың шындығын ашуға көмектеседі.



## ***Сіз осы сабақта келесі тақырыптарды оқып білесіз***

---

А. Сіздің өміріңіз нұр іспетті.

Ә. Нұр болудың сегіз тәсілі.

### ***Осы сабақтың мақсаты***

---

1. Құдайдың нұрын өміріңізде көрсету.

2. Өміріңізде жақсы жетістіктерге жетудің сегіз тәсілін атап өту.

## **А. СІЗДІҢ ӨМІРІҢІЗ НҰР ІСПЕТТІ**

**1 Мақсат.** Құдайдың нұрын өміріңізде көрсету.

Құдайдың Өзінің Ұлы Иса Мәсіхті осы дүниеге жарық болсын деп жібергенін үйрендіңіз. Ол бүкіл адамзатты сүйгендіктен және адамдардың алданып, қорқыныш пен қараңғыда адасуын қаламағандықтан, осылай істеді. Иса былай деді: «Мен дүние үшін Нұрмын. Маған ерген кісі енді түнекте жүрмей, шынайы өмірдің Нұрына ие болады, — деді» (Жох. 8:12).

Енді сіз мәсіхші болғандықтан, осы әлемнің Нұры – Иса Мәсіхтің сіздің өміріңізде екендігін сезе аласыз. Егер сіздің өміріңіз түнекте өтіп жатқандай болып көрінсе торықпаңыз. Құдай сізді өзіңіз тұрған жерге шам етіп қойды. Сіздің өміріңіз айналаңыздағы адамдарға көкке және Құтқарушыға апаратын жолды көрсетеді.

«Сендер дүниеге (Құдай жолын көрсететін) «нұрсындар». Төбе басына салынған қала жасырынып қала алмайды. Ешкім шам жағып, оны ыдыспен бүркеп қоймайды. Қайта, оны шам қойғышқа қояды, сонда оның жарығы үйдегілердің бәріне түседі. Сол сияқты, сендердегі «нұр» адамдарға сәулесін төксің. Осылайша олар игі істеріңді көріп, көктегі Әкелеріңді мадақтап дәріптесін» (Мат. 5:14, 16).

### ***Тапсырма***

---

**1** Жохан 8:12 аятты оқып шығыңыз. Кім шынайы өмірдің нұрына ие болады?

.....

.....

- 2** Сіздің өміріңіз басқа адамдар үшін нұр бола алады, өйткені...
- а) сізде көптеген жарқын ойлар бар.
  - ә) Иса сіздің жүрегіңізде.
  - б) қауымдағы жиындарға қатысасыз.
- 3** Төменде бірнеше сұрақтар берілген. Бос қалдырылған қатарларға өз жауабыңызды жазыңыз:
- а) Исаның соңынан еруге ынтаңызды оятқан біреуді білесіз бе?  
.....
  - ә) Құдайдың жарығы болуды қалайсыз ба? .....
  - б) Құдайдың шамы ретінде жарық беруіңіз үшін Оның сізді ең қараңғы жерге алып баруына келісесіз бе? .....
  - в) Құдайға күн сайын басқаларға көкке апаратын жолды көрсету үшін өміріңізді қолдануын сұрап сиынасyz ба? .....



Адамдар Иса туралы уағыз естуі керек, дегенмен олар мәсіхшілердің әс-әрекеттерін де көрулері керек. Сіздің өміріңіз – басқаларға Ізгі хабардың ақиқатын көрсететін күшті, тірі уағыз бола алады. Енді күнделікті сіздің өміріңізде жарқырап тұратын нұрдың сегіз сәулесін қарастырайық.

## Ә. Нұр Болудың Сегіз Тәсілі

**2 Мақсат.** Өміріңізде жақсы жетістіктерге жетудің сегіз тәсілін атап өту.

### Адал болу

Төлемдеріңізді уақытында төлеу – Ізгі хабардың ақиқатын көрсететін жақсы куәлік. Мәсіхші барлық істерінде адал және әділ болуы қажет. Ол қарыздарын тез арада төлеуі және алған заттарын

каз-қалпында қайтару керек. Ол өзіне шамасы келмейтін қаржылық міндеттерді алмай, өзінің берген уәделерін орындауы керек.

«Жамандыққа жамандықпен қайтармаңдар! Ис-  
эрекеттерінің жұрт алдында ізгі болуына тырысыңдар»  
(Рим. 12:17).

«Әркімге тиістісін беріңдер: алым-салықты —  
салықшыларға, кеден салығын кеденшілерге төлеп, сый-  
құрмет пен қадірді тиістілерге көрсетіңдер. Мәсіхтің қайта  
оралуын асыға күтіп таза өмір сүру жайлы. Қарыздарыңды  
уақтылы өтеп қайтарыңдар, әсіресе, бір-бірінді сүю  
парызын өтеп тұрыңдар. Адамның басқаларды сүюі  
Құдайдың заңын да орындағаны» (Рим. 13:7-8).

## Тапсырма

---

- 4 Сіздің қайтармаған қарыздарыңыз бар ма? Осы жағдайды реттеу үшін не істейтініңізді жазыңыз:

.....



## Құдайдың баласына лайықты сөйлеу

Егер сіз балағаттап жанжалдассаңыз және келіссіз әңгімелер айтсаңыз, адамдар Құдайдың құтқарушы күші туралы не ойлайды? Егер сіз ұрсысып және өсек айтсаңыз, өзіңізді мақтап, ал басқаларды сынап-мінесеңіз, сондай-ақ жалған және әдепсіз сөздер айтсаңыз, Мәсіхтің нұрын көрсете аласыз ба?

Енді бір жағынан көптеген адамдар кейбіреулердің Құдайға бет бұрғаннан кейін сөздерінің өзгергенін көріп, Ізгі хабардың құдіретті күшіне сенім артты. Әрбір адам үшін ең үлкен қиындықтың бірі — өз аузына ие болу. Сіздің сөздеріңіз ғана емес, дауыс ырғағыңыз да адамдарды Мәсіхке жақындатады немесе мәсіхшілікке қарсы қоя алады. Жақ. 1:26 былай ескертеді: «Өзін діншілмін деп санағанмен, тіліне ие бола алмайтын әркім өзін-өзі алдап жүр. Оның діншілдігі еш пайдасыз».

## Тапсырма

---

**5** Өзіңізден: «Менің сөйлеу мәнерім Құдайдың сүйіспеншілігін көрсете ме? Немесе мен адамдарды кемсітемін бе? Айтқан сөздерімде және сөйлеу мәнерімде нені өзгертуім керек?» – деп сұраңыз.

**6** Исадан күн сайын Құдайдың баласына лайықты сөйлеуге үйретуін сұраңыз. Төменде көрсетілген Киелі Кітап аятын мінәжат ретінде қолдана аласыз.

«Лайым менің аузымдағы сөздерім Әрі жан дүниемдегі ой-ниеттерім Ұнамды болсын Саған, о, Жаратқаным. Өзіңсің жартастай мықты Қорғаным Һәм Құтқарушым, уа, Жаратқан Ием» (Заб. 18:15).



## Басқаларға көмектесу

Егер біз жақынымызды шынымен өзімізді сүйгендей сүйсек, онда біз оны іс жүзінде, біздің көмегімізге мұқтаж адамға көмек беру арқылы көрсете аламыз. «Құдай Әкеміздің алдындағы таза да мінсіз діншілдік мынау: мұқтаждық көрген жетім-жесірлердің қамын ойлау және өзін осы дүниелік арамдықтардан кіршіксіз пәк ұстау» (Жақ. 1:27).

## Тапсырма

---

**7** Төменде адамдарға қалай қамқорлық көрсетудің бірнеше үлгісі берілген. Өзіңіз осылай көмектесе аламын деген адамдардың атын сөйлемдердің жанына жазыңыз немесе өзіңіз білетін адамдар үшін тағы не істей аласыз соны жазыңыз:

- Ауру адамның көңілін сұрап бару.
- Түрмеде отырған адамға бару.
- Жұмыссыз адамға тамақпен жәрдем беру.
- Жұмыс табуға көмектесу.
- Қауым жиналысына келуге көмектесу.

- Мүгедек кісінің киімін жууға немесе дүкенге барып керегін әкеліп беруге көмектесу.
- Біреуге үйін жөндеуге көмектесу.
- .....
- .....
- .....

---




---

## Ақылмен істеу

«Жамандықтың қай түрінен де аулақ жүріңдер!» (1 Сал. 5:22). Орынсыз әрекеттер қашан да сіздің Мәсіх туралы куәліктеріңізді жоққа шығарады. Мысалы: мәсіхтегі бауырларыңызға сүйіспеншілік көрсету, әрине, тамаша. Дегенмен теріс әсер қалдыратын әрекеттер жасамауыңыз керек. Басқа адамдар сіздің іс-әрекетіңізді қалай түсінеді? Ақылмен істеңіз. Не істесеңіз де, барлық істе жақсы үлгі қалдырыңыз, сонда сіздегі нұр жарқыраған үстіне жарқырай түседі.

«Істеріңе бола жұрттың Ізгі хабарды ғайбаттауына жол бермеңдер!» (Рим. 14:16).

«Ешкімнің де өзінді жас деп менсінбей қарауына жол берме. Қайта, сенушілерге сөйлеген сөзің, мінез-құлқың, сүйіспеншілігің, сенімің және пәктігіңмен үлгі бол» (1 Тім. 4:12).

## Тапсырма

---

- 8** Көз алдыңызға елестетіп көріңіз, сіз мәсіхшілік туралы көбірек білгісі келетін жас жігітті/қызды кездестірдіңіз делік. Оның ата-анасы сенбеуші. Осы жігіт/қыз түннің бір уақытында Киелі Кітап жайлы сөйлесуге сізбен кездескісі келеді. Ақылмен шешім қабылдау үшін сіз не істер едіңіз? Өз жауабыңызды дәптеріңізге жазыңыз.



## Өзіңіздің денеңіздің саулығын сақтау

Мәсіхші өз үйін таза ұстауда, мұнтаздай таза киінде, ұқыптылықта үлгі бола жүріп, тазалық ережелерін ұстауға ұмтылады. Бірақ «тазалық» деген сөз одан да терең мағынаға ие. Сіздің денеңіз – Киелі Рухтың ғибадатханасы; сондықтан сіз оның ішін де, сыртын да тазалықта ұстауыңыз керек. Сіздің денеңіз қандай да бір зұлымдық немесе азғындық әрекеттермен ластанбауы, әлсіреп, ауру болмауы керек. Қайта денеңізді Құдайға қызмет ету үшін күшті де сау ұстаңыз.

Темекі шегу өкпенің қатерлі ісігіне және басқа ауруларды тудыратын негізгі себеп екендігі баршаға мәлім. Ішімдік пен наша қабылдаудан жыл сайын мыңдаған адамдар өледі. Біз өз өмірімізді күтпеген жерден немесе бірте-бірте келетін өлімге итермеуіміз керек, осылайша біз Құдайдың ғибадатханасын қиратамыз.

«Сендер өздеріңнің «Құдайдың киелі үйі» екендіктеріңді және Құдайдың Рухы өздерінде тұратынын білмейсіңдер ме? «Өзінің киелі үйін» жойғанды Құдай жоймақ. Себебі Құдайдың «киелі үйі» — Оның қасиетті меншігі. Ал осы «киелі үй» — сендерсіңдер!» (1 Қор. 3:16-17).

Киелі Кітап ішімдікке тиым салады. Оның бұйрығына назар салыңызшы:

«Арақ-шарап ішіп, мас болмаңдар, бұл жүгенсіздікке апарады! Қайта, Киелі Рухқа кенеле беріңдер!» (Еф. 5:18). Құдайдың сізге берген денеңізге лайықты түрде қарау арқылы Оған құрмет көрсете аласыз. Өзіңіздің денсаулығыңызды жақсартатын нәрселердің бәрін әдетке айналдырып, ал оған зиян келтіретін нәрселерден бас тартыңыз. Нәтижесінде екі сыйға ие боласыз: денеңізге дұрыс қараудың нәтижесінде физикалық саулық және сіз Тәңірге мойынсұнғандықтан, керемет рухани қуаныш аласыз.

## Тапсырма

---

- 9** Төменде денсаулығымызға әсерін тигізетін кейбір әдеттердің тізімі берілген. Денсаулығымызды жақсартатын әдеттердің астын сызып көрсетіңіз.

Мұнтаздай тазалық	жаттығу жасау
нашақорлық	дұрыс демалу
маскүнемдік	қуатты тамақ
тамақты артық жеу	темекі шегу

---

Иса сізге бостандық және өміріңіздің барлық саласына амандық әкелу үшін келді. Егер өміріңізде қиындық тудыратын жаман әдеттеріңіз болса, бағушыңызбен сөйлесіңіз. Оның және қауымның сіз үшін сиынуын, осылайша Құдайдың сізге жаман әдеттеріңізді толық жеуге күш беруін сұраңыз. Сіздің өміріңіздің өзгеруі – кемістіктер мен күнәнің құлдығынан азат болуын көргіңіз келетін басқа адамдар үшін ғаламат куәлік болары сөзсіз.

## Тапсырма

---

- 10** Егер мәсіхшіге өзінің жаман әдеттерінен арылу қиынға соқса, онда ол былай істеуі керек:
- қауымға баруды доғару керек.
  - өзінің жаман әдеттерін құпия ұстау керек.
  - өзі үшін сиынуды сұрау керек.

## Кішіпейіл болу

Біз сөзімізде, ісімізде, сырт көрінісімізде кішіпейіл болуымыз керек. Кішіпейілділік – тәкаппарлық пен даңққұмарлыққа қарама-қайшы. Егер біз басқалардан өзімізді артық көріп, біз істемейтін нәрселерді істеген адамдарға жоғарыдан қарасак, онда біз оларды Иемізге әкелудің орнына оларды мәсіхшіліктен аластатамыз.

Біз өзіміздегі бар нәрсемен, ісімізбен болмаса, кім екендігімізбен мақтануға еш қақымыз жоқ. Біз Құдайдың бізге берген немесе бізде іске асырғандарының ешқайсысына лайықты емеспіз. Егер Оның мейірімділігі мен Оның күшінің біздің өмірімізге әсері болмағанда, біз бұл өмірде ең жаман да жексұрын күнәкар болып қала берер едік.

Даңққұмар, өркөкірек адам өзгелердің өзін байқауын қалайды. Өзіне назар аударту үшін ол қымбат киімге, әшекей заттар мен сәнқұмарлыққа беріледі немесе өзінің басқалардан жоғарылығын білімде және алғырлықта көрсетуге тырысады. Ол басқа адамдардың назарын белгіленген деңгейден тыс киінуімен немесе мінез-құлықтарымен өзіне аударуға тырысады. Өркөкірек адам тіпті өзінің рухани тәжірибесімен және Құдайға өзін арнауымен де мақтанады. Кішіпейіл адам ондай емес. Ол өзіне басқалардың назарын аударуға ұмтылмайды. Кішіпейіл мәсіхші Құдайдың балаларына лайықты емес, ерсі және жаман мәнердегі киімді киюден қашады.

Киелі Жазба кішіпейілділікке шақырып, даңққұмарлыққа қарсы тұру керектігін айтады. Біз бәріміз де жақсы көрінуге тырысамыз, бірақ кейде соған әдеттегіден көбірек көңіл бөлгіміз келеді. Әрине, Құдай сұлулыққа қарсы емес. Бірақ Ол біздің сұлулығымыздың іштен шығуын, біздің тартымды мінез-құлқымыздан және қуаныш нұрын шашып тұрған жайдары жайлы жүзімізден көрінуін қалайды. Петір былай дейді:

«Сендердің көріктерің сыртқы әшекейлерге: шашты ерекшелеп жинау, алтын әшекей бұйымдар тағып, көз тартарлық әдемі киімдер киюге тәуелді болмасын. Қайта, көріктерің жүректеріңдегі көзге көрінбес ізгі қасиеттеріңнен тұрсын; мейірімді де сабырлы жан дүниелеріңнің мәңгі солмайтын көркі Құдай алдында аса бағалы» (1 Пет. 3:3-4).

## **Тапсырма**

---

**11** Кішіпейіл мінез бағалы, өйткені ол...

- а)** біздің ішкі дүниеміздің сұлулығының жарыққа шығуына жол береді.
- ә)** басқаларға біздің өзімізді төмен бағалайтынымызды көрсетеді.
- б)** бізді Құдайдың көз алдында киелі етіп көрсетеді.





## Жауапты болу

Біз күнделікті нанымызды табу үшін әділ жұмыс істеуіміз керек және ақшақұмарлықтың бізді әр түрлі лотерея және басқа да құмар ойындарға қызықтыруына жол бермеуіміз керек. Біз адамдарға кесірін тигізетін тауарлар мен тамақ өнімдерін шығаруға және сатуға қатыспауға тиіспіз. «Өйткені ақшақұмарлық — әр түрлі жамандықтың түп-тамыры. Кейбіреулер осыған бола сенімдерінен адасып, өздерін көптеген қайғы-қасірет пен өкінішке душар етті» (1 Тім. 6:10).

Құдай біздің жалқау болмай, қайта адал ниетті жұмысшылар болғанымызды қалайды. Адал жұмыс – көптеген пайда береді. Өзі үшін және отбасы үшін жауапкершілік алған адам өзін сыйлай алады. Ол жұмыс берушіге де сыйлы болады. Ешқандай назаланбай, жақсы еңбек ететін мәсіхшілер жұмыс берушілерін Ізгі хабардың шындық екеніне сендірді.

Алғашқы қауым құрыла бастағанда, мәсіхшілер жиі бірге тамақтанатын. Дегенмен араларында кейбіреулері жұмыс істегілері келмей, тек тамақ ішуге келетін еді. Сондықтан қауым жетекшілері былай шешім қабылдады:

«Еңбек еткісі келмеген тамақ та ішіп-жемесін» (2 Сал. 3:10).

«Бірқалыпты өмір сүруді құрметті іс деп біліңдер. Біз сендерге нұсқау бергендей, міндеттеріңді атқарып, өз қолдарыңмен еңбек етіп күндеріңді көріңдер. Сөйтіп қауымнан тыс адамдардың алдында әдепті жүріп, еш нәрседен мұқтаж болмаңдар» (1 Сал. 4:11-12).

Егер сіз жұмыс таба алмасаңыз, бұл туралы бағушыңызға және Мәсіхтегі бауырларыңызға айтыңыз. Сіз үшін олардың сиынуын сұраңыз және кез келген әділ жұмысқа әзір болыңыз. Құдай сіздің мұқтаждығыңызды біледі және сізге көмектеседі.

## Тапсырма

---

- 12** Мәсіхшілердің жұмысқа қалай қатысуы керектігін сипаттайтын сөйлемдердің алдындағы әріпті шеңбермен қоршаңыз.
- а) Жұмыс істеу – міндет емес, өйткені Құдай бізді қамқорлайды.
  - ә) Ақшаны кез келген жолмен табуға болады.
  - б) Әділ, жақсы жұмыс – бұл міндет және куәлік.
  - в) Егер сізге біреу ақша беріп тұрса, онда жұмыс істеу міндетті емес.



## Отбасына жақсы қарау

Сіз отбасыңызға қалай қарайсыз? Сіздің отбасыңыздағы өміріңіз адамдарға жақсы болсын, жаман болсын көп нәрсені көрсетеді. Өзін мәсіхшімін деп атайтын адамдардың отбасындағы ұрыс-керістерді көргендіктен, көптеген адамдардың Ізгі хабарға деген қызығушылықтары жоғалып кетеді. Енді бір жағынан, басында мәсіхшілікке онша көңіл бөлмей, соңынан мәсіхшілердің үйіндегі сүйіспеншілік пен шыдамдылықты, қуанышты көріп, Мәсіхке келген адамдар қаншама?! Осы жайлы келесі сабақта көбірек үйренесіз.

## Тапсырма

---

- 13** Төменде күнделікті өміріңізде нұр болуға көмектесетін сегіз тиімді әдіс аталған. Өзіңіз жүзеге асырамын деген әр істің алдындағы әріптерді шеңбермен қоршаңыз. Тәңірден осылардың бәрін іс жүзінде жүзеге асыруға көмектесуін сұраңыз.
- а) Адал болу.
  - ә) Құдайдың баласына лайықты сөйлеу.
  - б) Басқаларға көмектесу.
  - в) Ақылмен істеу.
  - г) Өзіңіздің денеңіздің саулығын сақтау.
  - ғ) Кішіпейіл болу.
  - д) Жауапты болу.
  - е) Отбасына жақсы қарау.



## **Өз жауаптарыңызды тексеріңіз**

---

- 11 а)** біздің ішкі дүниеміздің сұлулығының жарыққа шығуына жол береді.
- 2 ә)** Иса сіздің жүрегіңізде.
- 9** Дененің саулығын жақсартатын: мұнтаздай тазалық, жаттығу жасау, дұрыс демалыс, қуатты тамақ. Сіз жаман әдеттердің қымбатқа түсетінін байқадыңыз ба? Сол әдеттерден арылған адам бір артықшылыққа ие – ақшасы үнемделеді.
- 1** Исаның соңынан ерген адам
- 10 б)** өзі үшін сиынуды сұрау керек.
- 12 б)** Әділ, жақсы жұмыс – бұл міндет және қуәлік

# САБАҚ 9 Отбасыңыздың бақытты болғанын қалайсыз ба?

---

Бізге Киелі Кітап отбасын Құдай жаратқандығын айтады. Құдай еркек пен әйелді ерлі-зайыпты болып бірге өмір сүргендерін және дүниеге балалар әкелулерін жоспарлады. Осы себептен біз отбасымыздағы барлық істерде Оның көмегіне сүйене аламыз.

Құдайдың Өзі біздің үйімізде бірге тұрып, бізге көмектеседі. Мәсіхшінің үйінің басты Иесі – Иса Мәсіх. Оның бізбен бірге тұруы үйді қуанышқа, тыныштық пен сүйіспеншілікке толтырады.

Құдай бізге отбасылық өмірге қатысты өнеге беру арқылы да көмектеседі. Осы өнегелер жанұяда ерлі-зайыптының, балалар мен ата-ананың қалай қарым-қатынас құруын түсіндіру арқылы көмектеседі. Сол өнегелер туралы сіз осы сабақта үйренесіз.

Бұл дүниеде шынайы мәсіхші отбасында болудан үлкен бақыт жоқ. Мұндай отбасы – тынышсыз әлемнің алапатынан және күнәнің дауылынан қорғаныш бола алады. Балалардың өзін қауіпсіздікте және сүйіспеншілікте сезіне алатын жері – отбасы. Егер Құдайдың айтқандарын орындасаңыз, өз үйіңізді «кішкентай жұмаққа» айналдыра аласыз.

## ***Сіз осы сабақта келесі тақырыптарды оқып білесіз***

---

- А. Отбасыңыздың құтқарылуы үшін сиыныңыз.
- Ә. Отбасыңызда үлгілі мәсіхші болыңыз.
- Б. Некеңізді қасиеттілікте сақтаңыз.
- В. Құдайдың белгілеген отбасылық өмір үлгісіне еріңіз.

## ***Осы сабақтың мақсаты***

---

- 1. Отбасыңыз үшін қалай сиынуды білу.
- 2. Отбасында Мәсіх үшін өмір сүруді сипаттау.
- 3. Жұбайлық қарым-қатынасты жақсарту жолдарын көрсету.
- 4. Берік, бақытты отбасын құруды көрсету.

## **А. ОТБАСЫҢЫЗДЫҢ ҚҰТҚАРЫЛУЫ ҮШІН СИЫНЫҢЫЗ**

### **1 Мақсат.** Отбасыңыз үшін қалай сиынуды білу.

Құдайдың еркі – отбасыңыздың құтқарылуы екенін біліп, сеніммен сиына аласыз. Егер отбасыңыздың мүшелері Құтқарушыны бірден қабылдасамаса, рухыңыз түспесін. Құдай мінәжаттарыңызға жауап береді. Сиынуды жалғастыра беріңіз. «Жаратқан Ие Иса Мәсіхке сен, сонда өзің де, барлық үй-ішің де құтқарыласыңдар» (Елш. 16:31).

## ***Тапсырма***

---

- 1 Егер ... өз үйіңізді «кішкентай жұмаққа» айналдыра аласыз.
  - а) жақсы жиһазға толтыру үшін ақшаңыз жеткілікті болса,
  - ә) көп достарыңызды қонаққа шақырсаңыз,
  - б) отбасылық өмірге қатысты орнатқан Құдайдың ережесін ұстансаңыз,

- 2** Егер сіздің отбасыңыздың мүшелері бірден мәсіхші болмаса, онда сіз...
- а)** олар үшін табандылықпен сиынуды жалғастыра беруіңіз керек.
  - ә)** олар үшін сиынуды доғаруыңыз керек.
  - б)** Құдай оларды құтқармайды деп ойлауыңыз керек.
- 3** Дәл қазір отбасыңыздың мүшелері үшін сиыныңыз. Күнде олар үшін сиынуды әдетке айналдырыңыз.



## Ә. ОТБАСЫНДА ҮЛГІЛІ МӘСІХШІ БОЛЫҢЫЗ

**2 Мақсат.** Отбасында Мәсіх үшін өмір сүруді сипаттау.

Қауымда үлгілі мәсіхші болып көріну қиын емес, бірақ өз үйіңізде қандай мәсіхшісіз?

Төменде Киелі Кітаптан берілген өнеге-ғибраттарды оқып шығыңыз. Үйде осы тәлімдердің деңгейіне қаншалықты сай өмір сүретініңізді ойланыңыз:

«Ал мына қылықтарды енді тастандар: ашу-ыза, кек сақтау, қаралау, бейпіл ауыздық; бір-біріңе өтірік те айтпаңдар!» (Кол. 3:8-9).

«Ал енді, Құдай сендерді сүйіп, өз халқым деп таңдап алғандықтан, ұдайы жанашыр, мейірімді, кішіпейіл, ілтипатты, сабырлы болып, осы қасиеттерге бөленіңдер! Өзара төзімді болыңдар. Егер біреуге реніш сақтап, тағатын кінәларың болса, кешірімді болыңдар: сендерді Иеміз Мәсіх қалай кешірсе, сендер де солай етіңдер! Барлық қасиеттердің бастысы ретінде сүйіспеншілікке бөленіңдер, ол бәріңді толықтай біріктіреді» (Кол. 3:12-14).

Сіз жұбайыңыздың (әйеліңіз немесе күйеуіңіздің) еңбегін; балаларыңыздың немесе аға-әпкелеріңіздің көмегін; ата-анаңыздың сіз үшін жасаған құрбандығын бағалайсыз ба?

Сіз сүйіспеншілік көрсетесіз бе, әлде тек жеке басыңыздың қамын ойлайсыз ба? Сіз айғайлағыш әрі ашуланшақсыз ба, әлде шыдамды да кешірімдісіз бе? Сіз айтқаныңызды істетіп билік

етесіз бе, әлде басқалардың пікірін тыңдауға бейімсіз бе? Сіз ата-ананызды сыйлап, оларға мойынсұнасыз ба немесе өз бетіңізбен тыңдамаушылық көрсетесіз бе?

Сіз жәрдем және құрмет көрсетуге дайынсыз ба, әлде еріншексіз бе? Сіз басқа адамдармен оларды сынамай және арыз-шағымсыз, ынтымақтасып бірге жұмыс істей аласыз ба? Егер жұмысыңыз ойдағыдай жүрмесе, сіз өзіңізді ұстай аласыз ба, әлде сіздің рухыңыз тез арада түсіп кете ме? Басқа адамдарға сіздің жаныңызда өмір сүру оңай ма?

## Тапсырма

---

- 4** Егер сіз бақытты отбасында өмір сүргіңіз келсе, өз кемшіліктеріңізді кішіпейілділікпен мойындауыңыз керек. Содан соң кемшіліктеріңізді жеңуге Құдайдан көмек сұраңыз. Егер өзіңізге тиісті үлесіңізді орындасаңыз, Тәңір Ие сізге міндетті түрде көмектеседі.



## Өзіңіздің күнәларыңыз үшін кешірім сұраңыз

Иса өзіміз ренжіткен адамдардан кешірім сұрауымызды үйретеді. Егер сіз осылай етуді қаламасаңыз, онда бұл сіздің Құдаймен қарым-қатынасыңызға кедергі болады.

«Сонымен сен Құдайға арнаған сый-тартуыңды ғибадатханадағы құрбандық үстеліне алып барғанда, бауырласыңның өзіңе өкпелеп жүргені сонда есіңе түссе, алып келгенінді сол жерде қалдыр да, бауырласыңа барып, онымен татулас! Бұдан кейін қайтып келіп, сый-тартуыңды Құдайға бағыштап ұсын» (Мат. 5:23-24).

Күнәні мойындап, кешірім сұрау әрқашан оңай емес, дегенмен мазалаған ыңғайсыз сезімдерден арылып, үйіңнің тыныштығын сақтап қалудың жолы – осы. Сіздің мінезіңіз қиын ба? Өзіңіздің кемшіліктеріңізді мойындап, жақындарыңыздың сіз үшін сиынуын сұрауыңыз жеңіске жеткізетін жол. «Сондықтан сауығып кету үшін,

жасаған күнэларыңды бір-біріңе айтып мойындап, бір-бірің үшін сиынындар! Әділ адамдардың Құдайға сиынуларының күші орасан зор» (Жақ. 5:16).

## Тапсырма

---

**5** Егер сіз ... отбасыңыз бақыттырақ болады.

- а) өзіңізге жамандық жасаған әркімді өзіңізден кешірім сұрауға күштесеңіз
- ә) өзіңіздің бұрыс істеріңіз үшін жанұя мүшелерінен кешірім сұрасаңыз
- б) өзіңіздің үй қожайыны екеніңізді бәріне көрсетіп, сізден қорқу керектігін дәлелдеуге тырыссаңыз

**6** Жақыптың хатындағы 5:16 аятты бірнеше рет оқып шығыңыз.



## Көңілді болыңыз

Тіпті бәрі түнекте сияқты болып көрінсе де, Құдайға сеніп, мінәжаттарыңызға жауап бергені үшін Оның атын мадақтаңыз. Нехемия былай деді: «Осымен барындар, дәмді тамақ жеп, тәтті сусын ішіңдер! Мерекелік ас дайындамағандарға үлестерін беріп жіберіңдер! Өйткені бүгінгі күн — Иемізге бағышталған қасиетті күн. Сонымен қайғырмандар! Себебі Жаратқан Иеге деген қуаныштарың сендерге күш-қуат беріп, паналарың болады!» (Нех. 8:10).

Егер ұстамды болу сізге әлі де қиын болса немесе мінезіңіздің жаман жақтарынан әлі арыла алмай жатсаңыз, оған бола еңсеңіз түспесін. Сіздің жеңіске деген ұмтылысыңыздың өзі – сіздің Тәңірге деген сүйіспеншілігіңізді білдіреді. Ол сізге рухани өсуге көмектесіп жатыр. Рухани өсу тым жай жүріп жатқан сияқты ма? Өзіңізден гөрі Иемізге көбірек назар аударыңыз, сонда Жаратушы Иенің сіздің үйіңіздің мәселелерін қалай шешіп жатқанын байқап таңырқайсыз. Құдай – сіздің сүйікті Әкеңіз және Ол сізді қамқорлайды.



## Тапсырма

---

- 7** Сіз отбасыңыздың мүшелеріне қалай қарайтыныңыз жайлы ойланыңыз. Алдымен сізге нені өзгерту керек?

.....

Енді Құдайдан осыны істеуге сізге көмектесуін сұрай беріңіз.

## Б. НЕКЕҢІЗДІ ҚАСИЕТТІЛІКТЕ САҚТАҢЫЗ

- 3 Мақсат.** Жұбайлық қарым-қатынасты жақсарту жолдарын көрсету.

Құдай сіздің бақытты отбасында болғаныңызды қалайды. Оның Сөзі некеңізді бақытты етуге көмектесетін өнеге береді.

«Алайда жаратылыстың басталуында-ақ «Құдай адамды бірін еркек, бірін әйел қылып жаратты». «Сондықтан еркек әке-шешесін тастап, әйеліне қосылады, сөйтіп екеуі біртұтас болады» (деп те Тауратта жазылған). Осылайша олар енді екеу емес, біртұтас! Сонымен Құдай қосқандарды адам баласы ажыратпасын» (Мар. 10:6-9).

Қаншама жұптар некеге тұрмай-ақ бірге өмір сүре бастайды. Мәсіхші болғаннан кейін адам өзінің некесін заңды етуге тырысады. Осылайша ерлі-зайыптылар өз елінің заңы арқылы отбасын қорғап, сенімдеріне сай куәлік болып, Мәсіхті даңқтайды. Егер керекті заңды құжаттар туралы кеңес керек болса бағушыңызбен сөйлесіңіз. Ол сізге бұл істе қуана көмектеседі.

«Жамандыққа жамандықпен қайтармандар! Ис-әрекеттеріңнің жұрт алдында ізгі болуына тырысыңдар» (Рим. 12:17).

«Құдайға мойынсұнбайтын халықтар арасында адал өмір сүріңдер! Олар сендерді жамандық жасаушылар деп айыптайды. Алайда Құдай бізді құтқаруға келген күні олар өз көздерімен көріп жүрген игі істеріңе бола Оны мадақтайтын болады» (1 Пет. 2:12).

Құдай Сөзі некеден тыс жыныстық қатынастарға қарсы. Ерлі-зайыптылардың некеден тыс басқа біреуге қылымсып қырындауына және басқа адаммен ойнас жасауына тиым салады. Еврейлерге арналған хат 13:4 аят былай ескертеді: «Некеге барлығың да құрметпен қарап, жар төсегін былғамандар! Азғындар және неке адалдығын бұзғандар Құдайдың сотына түспек».

Өзінің некелік уәделеріне адал болған жұбайлар үлкен жарылқауларға ие болады. Мұндай жұптарда жұбайлар бір-біріне сене алады, өйткені олар ойларында, сөздерінде және істерінде де бір-біріне адал екендерін біледі. Ерлі-зайыптылар Жаратқан Иеге бірігіп қызмет еткенде, үйлері кішкентай жұмаққа айналады. Олардың қарым-қатынасы көп отбасылардың қирауына себеп болатын өтіріктен, күмәншілдіктен, қызғаныш пен опасыздықтан азат.

## Тапсырма

---

- 8** Төменде отбасындағы қарым-қатынастың бірнеше үлгісі берілген. Мәсіхшілік тәлімге сай келетін сөйлемдердің адындағы әріпті шеңбермен қоршаңыз.
- а)** Некеге тұрмай тұрып, бір-біріне сай келетінін білу үшін қосылып бірге өмір сүру керек.
  - ә)** Бір-бірін шын сүйетін жұптарға заң жүзінде некеге тұру маңызды емес.
  - б)** Бір-біріне және Құдайға құрмет көрсеткісі келетін жұп заңды некеге тұрады.
  - в)** Некеден тыс ойнас жасау құпия болып қалса ғана рұқсат етіледі.

## Тек мәсіхшімен неке құрыңыз

Сіз Мәсіхті өміріңіздің Иесі ретінде қабылдадыңыз. Егер күйеуіңіз немесе әйеліңіз Құдайға қызмет етуден бас тартса, өзіңіздің оларға қарсы бағытта жүріп бара жатқаныңызды көресіз. Сіз әрдайым екі оттың ортасында боласыз: бір жағынан, барлық жағдайда Мәсіхке ұнамды болғыңыз келеді, ал екінші жағынан, жұбайыңызға ұнауды қалайсыз.

Мәсіхші болғандықтан, сіз Құдайға ұнамды болуды қалайсыз. Қауымға барып, басқа мәсіхшілермен қарым-қатынаста болып, қауымның қызметіне араласу арқылы Оған пайдалы болғыңыз келеді. Сіз өз үйіңізде жанұяңызбен бірге сиынып, Жаратушы Иені мадақтап, Оған отбасыңызбен бірге қызмет еткіңіз келеді.

Құтқарылмаған күйеудің немесе әйелдің осыларға деген қызығушылығы болмайды. Кейде ол сізбен қауымға барғанның өзінде де, сізден өзімен бірге мәсіхші үшін еш келіспейтін ойын-сауық орындарына баруыңызды қалайды. Немесе әркім өз бетімен кетіп, сіздің отбасылық өміріңіз бақытсыздыққа тап болады. Бұдан да сорақысы, көптеген мәсіхшілер жұбайларына өздерін Жаратушы Иеден алыстатуларына жол береді.

Құдай шайтанның көптеген мәсіхшілердің өмірінде қолданған шырмауына түскеніңізді қаламайды. Құдайдың Сөзі сенбеушімен некеге тұрмауды айқын ескертеді. Төмендегі Киелі Кітаптың аяты сіздің болашақ күйеуіңізді немесе әйеліңізді таңдауыңызға қатысты: «Сенбейтіндермен қоян-қолтық бірге жүріп, жаман ниеттеріне ортақтаспаңдар! Себебі әділдік пен заңсыздық арасында ортақ не бар? Яки жарық пен түнек қалай тығыз байланыста тұрмақ?» (2 Қор. 6:14).

Егер сіз басқа дінді ұстанатын адаммен некеге тұрсаңыз, бұл сізге көптеген қиындықтар алып келеді. Балаларыңызды діни тәрбиелеуде қалай бір пікірге келе аласыз? Сіз оларды Тәңірге қызмет етуге қалай үйрете аласыз?

Әрине, егер сіз қазір некеде болсаңыз және сіздің әйеліңіз әлде күйеуіңіз сенуші болмаса, мінәжат ету және оны Мәсіхке жақындатуға тырысу – сіздің міндетіңіз. Сіз жұбайлық уәдеңізге адал болуыңыз керек, осылайша сіздегі Құдайдың нұры үйіңізде жарқырасын. Бірақ сіз әлі отбасын құрмасаңыз, енді некеге тұруға дайындалып жүрсеңіз, тек мәсіхшімен ғана некеге тұруды таңдаңыз. Бұл – отбасында тыныштық пен түсіністікті сақтаудың жалғыз мүмкіншілігі.

## Тапсырма

---

- 9 Сіздің мәсіхші досыңыздың Құдайға сенбейтін сүйікті қызы бар делік. Досыңыз сізден Киелі Кітап сенбеушілермен некеге тұру жайлы не айтатынын сізден сұрады. Сіз оған қалай жауап бересіз?



## В. Құдай Белгілеген Отбасылық Өмір Үлгісіне Еріңіз

**4 Мақсат.** Берік, бақытты отбасын құруды көрсету.

### Жақсы ата-ана болыңыз

Ата-аналар бала тәрбиелеуде Құдай алдында жауапты. Олар отбасының материалдық және рухани мұқтажын қамтамасыз етуге тиіс. Олар балаларына сүйіспеншілікпен қамқорлық көрсетулері керек. Қауымның жұмысы ата-ананың отбасы алдындағы жауапкершілік міндетінен босатпайды. «Туысқандарының, әсіресе үй ішінің, қамын ойламайтын адам сенімінен бас тартқан, ол тіпті Құдайға сенбейтіннен де жаман» (1 Тім. 5:8).

### Балаларыңызды Құдайды сүйуге үйретіңіз

Егер сіз балаларыңызды жас кезінен Құдайды сүйіп, Оның Сөздерін тыңдауға үйретсеңіз, өзіңізді және балаларыңызды да өскенде көптеген күйзелістен сақтайсыз. Отбасыңызбен күнделікті сиынып, Киелі Кітап оқуға бірге жиналыңыз. Әрқайсысына өз үлесін қосуға мүмкіншілік беріңіз. Отбасыңыздың әрбір мүшесінің мұқтажықтары үшін Құдайға сиыныңыз. Құдайдың жарылқаулары үшін бірге алғыс білдіріңіз.

Жексенбілік мектепке және қауым жиналыстарына бірге қатысыңыз. Балаларыңызды жастайынан өмірлерін Иемізге арнауға жігерлендіріңіз. Құдайды бірге мадақтап, Оған қызмет етсеңіздер, онда Оның сүйіспеншілігі отбасыңыздағы қарым-қатынасты нығайтады. «Бірге мінәжат еткен отбасы бірге қалады» дегендей болсын. Пауыл былай деп жазады: «Ал ата-аналар, балаларына шектен тыс ұрыспандар, керісінше, ақылмен жөн сілтеп, Иемізбен жүргендерге лайықты тәрбиелендер!» (Еф. 6:4).

## Өз отбасыңызды сүйіңіз

Құдай – сүйіспеншілік. Құдай қаншалықты сіздің өміріңізді толтырса, соншалықты сіз өз отбасыңызды сүйе аласыз. Ал сіз отбасыңызды қаншалықты сүйсеңіз, отбасыңыз соншалықты қуанышты және бақытты болады. Балаларыңыз тентектік жасаса, ашуланбай, оларды сүйгендіктен тәртіпке салыңыз.

«Сүйіспеншілік шыдамды да қайырымды, Еш қызғанбайды, мақтанбайды, панданбайды, Әдепсіз, өзімшіл, ашушаң да болмайды, Ол көрген жәбірін есінде сақтамайды, Әділетсіздікті еш құптамайды, Қайта, ол ақиқатқа сүйіседі, Дәйім қорған болып, ұдайы сенеді, Үмітін еш үзбей, бәріне шыдайды» (1 Қор. 13:4-7).

## Тапсырма

---

- 10** Құдайдың отбасылық өмір үлгісіне сай берілген жауаптардың алдындағы әріпті шеңбермен қоршаңыз.
- а)** Арман өзінің Құдай сөзін уағыздауға шақырылғандығын сезеді. Ол әйелін және балаларын қалдырып, ізгі хабаршы ретінде жолға шықты
  - ә)** Мариям өзінің балаларына Құдай жайлы тек қауым жетекшілері үйрету керек деп санайды.
  - б)** Асқар мен Сәния балаларына күн сайын Киелі Кітап оқып, олармен бірге сиынады.
  - в)** Берік өзінің балаларын әділеттікпен жазалайды. Ол олардан не күтетінін түсіндіреді.



Егер сіздің балаларыңыз болса, олардың әрқайсысы үшін қазір сиыныңыз. Жаратушы Иеден сізге шыдамды әрі түсінгіш ата-ана болуға көмектесуін сұраңыз. Отбасыңыздың мүшелері бір-бірін бұдан да қатты сүйулері үшін өтініңіз.

## **Өз жауаптарыңызды тексеріңіз**

---

- 10 б)** Асқар мен Сәния балаларына күн сайын Киелі Кітап оқып, олармен бірге сиынады.
- в)** Берік өзінің балаларын әділеттікпен жазалайды. Ол олардан не күтетінін түсіндіреді.
- 1 б)** отбасылық өмірге қатысты орнатқан Құдайдың ережесін ұстансаңыз.
- 9 2** Қор. 6:14 аятта сенбеушілермен бірге бөтен мойынтұрыққа мойынсұнбаңдар деп айтылған деп жауап беруіңіз керек. Мәсіхші сенбеушіге үйленетін болса, онда ол осы бұйрықты орындамағаны. Сіз де досыңыздың өз мәселесі үшін сиынып, Құдайдан мәсіхші қызды жар етіп беруін сұрауы керектігіне оның көзін жеткізуіңіз керек.
- 2 а)** олар үшін табандылықпен сиынуды жалғастыра беруіңіз керек.
- 8 тек б)** мәсіхшілік ілімге сай.
- 5 ө)** өзіңіздің теріс істеріңіз үшін отбасы мүшелерінен кешірім сұрасаңыз.



# САБАҚ 10 Сіздің жаңа бостандығыңыз

---

Адамдардың көпшілігі бостандықта өмір сүргенді қалайды. Біреулер қатаң заңдар мен қатыгез өктем әміршіден бостандық алғысы келеді. Ал басқаларға бостандық қалағанын сөйлеп, ұнағанын іске асыру үшін керек. Дегенмен шынайы бостандық дегеніміз не? Түрмеде отырған адам еркіндікке ие бола ала ма? Әділетсіз қоғамда адам өзін еркін сезіне ала ма?

Осы сұрақтарға жауап «Иә». Шынайы бостандық – бұл адамның сырт көрінісінде емес, ішкі жан-дүниесінде орын алады. Елші Пауыл Киелі Кітапта былай деп жазады: «Солай бола тұра, Құдай бізге болашақта жаратылыс та өткіншіліктің құлдығынан босатылып, Құдайдың рухани балаларының салтанатты ұлылығы мен бостандығына жетеді деген үміт берді» (Рим. 8:21). Тек Құдайдың балаларында ғана шынайы бостандық бар.

Осы сабақ Құдайдың баласы болғандықтан ие болған бостандығыңызды түсіндіреді. Яғни күнәнің үрейлі салдарынан және Құдайдың алдында ешқандай ісіңізбен ақтала алмайтыныңызды білдіретін қорқыныштан бостандық. Осы бостандық сізге рухани қателіктер мен адасушылықты жеңуге көмектеседі. Иса Мәсіхтің арқасында сіз осы жарылқаулардың бәріне ие болдыңыз. Бұл тек бастамасы ғана. Сіздің жаңа өміріңіздегі еркіндік мәңгілікке созылады.



## **Сіз осы сабақта келесі тақырыптарды оқып білесіз**

---

- А. Күнәдан бостандық.
- Ә. Қорқыныштан бостандық.
- Б. Адасушылықтан бостандық.
- В. Түсінбестіктен бостандық.
- Г. Уайымнан бостандық.
- Ғ. Болашақтағы еркіндік.

### **Осы сабақтың мақсаты**

---

1. Құдайдың баласы ретінде сіздің қазір және болашақта иемденетін ұлы бостандығыңызды сипаттау.

## **А. Күнәдан Бостандық**

- 1 Мақсат.** Құдайдың баласы ретінде сіздің қазір және болашақта иемденетін ұлы бостандығыңызды сипаттау.

Иса сізді кінәлі сезімнен, күнәнің жазасынан, билігінен босату үшін және күнәнің өміріңізде орын алмауы үшін жанын қиды.

- *Кінәлі сезім:* Ол сіздің жасаған барлық жамандықтарыңыздың кінәсін Өзіне алды.
- *Жаза:* Өзіңіздің барлық қылмыстарыңыз үшін өлім жазасына кесілгенсіз, бірақ Иса сіз үшін өлді. Исаны Құтқарушы ретінде қабылдауыңыз арқылы өлім жазасынан бостандық алдыңыз.
- *Билік:* Иса шайтанды жеңді және сізге үстемдік ететін күнәнің билігін талқандады.

«Өйткені адам өлгенде күнәнің билігінен босатылады. Ендеше, біз Мәсіхпен бірге рухани өлгендіктен, Онымен байланыста өмір сүретінімізге де кәміл сенеміз» (Рим. 6:7-8).

«Сендер де өздерінді «күнәға жоқпыз, енді Құдайдың құрметі үшін Иса Мәсіхпен тығыз байланыста өмір сүреміз» деп есептеңдер!» (Рим. 6:11).

«Енді сендер күнәнің үстемдігінен босатылып, Құдайдың қызметіне кірдіндер. Бұның өнімі — Құдайға бағышталған қасиетті өмір. Ал түпкі нәтижесі — мәңгілік өмір» (Рим. 6:22).

«Енді Иса Мәсіхпен тығыз байланыстағы адамдарға Құдай жазалау үкімін шығармайды» (Рим. 8:1).

## Тапсырма

---

**1** Сіз кінәдан, жазадан және күнәнің билігінен ... арқылы бостандық алдыңыз.

- а)** күнәларыңызды мойындап, тәубеге келу
- ә)** осы сәттен бастап жақсылыққа бет бұруға шешім қабылдау
- б)** Иса Мәсіхті өзіңіздің Құтқарушыңыз етіп қабылдау

- *Күнәға азғырылу:* Кейбір адамдар Иса Мәсіхті өзінің Құтқарушысы етіп қабылдаған сәттен бастап-ақ өзінің жаман әдеттерінің бәрінен бостандық алады. Кейбіреулері темекі, наша немесе басқа жаман құмарлықтарымен айлап, жылдап күреседі; бірақ олар үнемі сиынып және Құдайға сенсе, Ол оларға жеңіс береді.

«Сонымен егер Құдайдың рухани Ұлы сендерді азаттыққа жеткізсе, шынымен азат боласындар» (Жох. 8:36).

«Сонымен, Құдайға мойынсұныңдар! Әзәзіл шайтанға қарсы тұрындар, сонда ол сендерден қашып кетеді» (Жақ. 4:7).

Егер әлі де жаман әдеттеріңізбен күресіп жүрсеңіз, еш берілмеңіз! Шайтан сізді азғырған кезде, Мәсіхтің берген бостандығын сеніммен жариялаңыз. Жаратқан Иені берген бостандығы үшін мадақтай бастаңыз, солай сіз азғырылуды жеңесіз. Бағушыңыз сізбен бірге қуана сиынып, сізге көмегін аямай береді.

Әлі де осы жерде өмір сүріп жатқандықтан алуан түрлі азғырушылықтармен соқтығысуға тура келеді. Бірақ осындай азғырушылықтар – сізге рухани жетілуге көмектесетін сынақтар. Өрқашан соларға қарсы тұрып, жеңіске жеткен сайын күштірек боласыз. Осылайша жердегі өміріңіз бітіп, көкке барғанда, Құдайдың өміріңіздегі жұмысы аяқталады: барлық күнәкар пейілдеріңізден мәңгілікке азат боласыз.

## Тапсырма

---

- 2** Жохан жазған Ізгі хабар 8:16 аят пен Жақыптың хаты 4:7 аятты мұқият оқып шығыңыз.
- 3** Жақыптың хаты 4:7 аятына сүйенсек, төменде берілген сөйлемдердің қайсысы дұрыс?
- а)** Шайтанға қарсы тұруға әрекет етсеңіз, ол сізді жеңеді.
- ә)** Егер сіз шайтанға қарсы тұрсаңыз, ол сізден безіп кетеді.
- б)** Сіздің қарсы әрекетіңіз шайтанға еш әсерін тигізбейді.

- 
- *Күнәнің өміріңізде орын алуы және оның салдары:* Қазір айналадағы күнә мен оның салдарын көресіз, оның нәтижесі азап, қайғы-қасірет және өлім әкеледі. Мәңгілік үйімізге баратын және күнә атаулыдан, оның салдарынан, тіпті естеліктерінен азат болатын қуанышты күндер жақындап келеді.

## Тапсырма

---

- 4** Төменде күнәдан азат болудың бірнеше түрі көрсетілген. Әрбір сөйлемнің алдында тұрған әріптің алдына сай келетін төменде көрсетілген сөйлемдердің алдындағы санды жазып жұптастырыңыз.

- |  |   |
|--|---|
| ... <b>а)</b> күнәнің айыбынан бостандық.                | 1. Қазір және болашақта иемденетін бостандық. |
| ... <b>ә)</b> күнәнің барлық салдарынан бостандық.       | 2. Тек болашақта иемденетін бостандық.        |
| ... <b>б)</b> күнәнің билігінен бостандық.               |   |
| ... <b>в)</b> күнәнің жазасынан бостандық.               |   |
| ... <b>г)</b> күнәнің өмірімізде орын алуынан бостандық. |   |

- 5** Енді сіз мәсіхші болсаңыз да, Құдай неге сіздің азғырылуыңызға жол береді?
- .....
-

## Ә. ҚОРҚЫНЫШТАН БОСТАНДЫҚ

Сіз басқа адамдар өзіңізге жамандық істейді деген қорқыныштан азатсыз. Сіздің өміріңіз енді Құдайдың қамқорлығының аясында, «Ал Мәсіхпен бірлесіп сүрген жаңа өмірлерің ел көзінен таса, Құдайдың алдында» (Қол. 3:3). Сіз Мәсіхтің атына бола азап шегуіңіз, өлуіңіз де мүмкін, бірақ Ол сіздің өміріңіздің әр сәтінде сізбен бірге болады. Құдайдың еркінсіз сізге ештеңе де болмайды. Пауыл былай деп жазады: «Құдай жақтаса, бізге кім қарсы шыға алады?!» (Рим. 8:31).

Сіз енді сиқыршылықтан, әр қилы дуа, қарғыс, көз тиюшіліктен немесе сәтсіздіктер әкелетін ырымдардан азатсыз. Сіздің жүрегіңізде Иса Мәсіх өмір сүріп, сізді қорғайтындықтан, өзіңізді қорғау үшін алуан түрлі тұмарлардың, сиқырлы заттардың, суреттің алдына су құйылған ыдыс қоюдың, балаңыздың қолына немесе мойнына көз тимеу үшін бір нәрсе тағудың, қорғаушы періштелердің немесе басқа да түрлі кескіндердің керегі жоқ. Ондай нәрселерді үйде де сақтамаңыз. Сіздің осындай заттарға үміт артқаныңызды Тәңір жақтырмайды. Ол сізді қорғаймын деп уәдесін берді.

«Ақшақұмар болмай өмір сүріп, қолдағы барды қанағат тұтыңдар! Құдай: «Мен сені ешқашан тастап та кетпеймін, жалғыз да қалдырмаймын», — деген ғой. Сондықтан да біз: «Ием маған жар, мен қорықпаймын ешбір жайттан, не істей алады адам баласы маған?» деп нық сеніммен айтамыз» (Евр. 13:5-6).

«Ал, балаларым менің, сендер Құдайдансыңдар, жалған пайғамбарларды жеңіп шықтыңдар. Өйткені сендердегі Киелі Рух күнәкар дүниені билеп тұрған шайтаннан күдіретті» (1 Жох. 4:4).

### Тапсырма

---

**6** Қорқыныштан арылудың ең жақсы әдісі – ...

- а)** күшті сиқыршылықтарды пайдалану.
- ә)** Құдайға сенім арту.
- б)** «қолдаушылардың» кескіндерінің алдына шам қою.



## Б. АДАСУШЫЛЫҚТАН БОСТАНДЫҚ

Шайтан миллиондаған адамдарды жалған діндерге еліктіріп әкетіп жатыр. Ол өлімнен кейін көкке қалай жетуге болатындығы жайлы адамдарға жаңсақ ойлар беріп жатыр. Адамдар күнге және айға, тастарға, өзендер және ағаштарға табынып, ақиқатты түстерден және аяндардан іздейді. Олар өлгендердің аруағына сиынып, солардан көмек сұрайды. Олар алтыннан, күмістен, ағаштан, тастан және балшықтан жасаған пұттардың алдына шам жағып, хош иісті заттар түтетеді. Олар аруақтарға сиынып, құрбандық шалып, олардың көмегін сұрайды.

Көкке жетелейтін шынайы жолды көрсетуші – адамның ойдан шығарғаны емес, Құдайдың Сөзі ғана. Құдай Сөзін оқи отырып, сіз одан шындықты табасыз және осындай қателіктерден азат боласыз. Жохан жазған Ізгі хабар 8:31-32 аяттар былай дейді: «Сонда Иса Өзіне сенген яһудилерге былай деді: «Сонда Иса Өзіне сенген яһудилерге былай деді: Егер сендер айтқандарымды естеріңе сақтап, жүзеге асырсаңдар, шынымен Менің шәкірттерім боласыңдар. Сонда ақиқатты біле түсесіңдер, ал ақиқат сендерді азаттыққа жеткізеді».

### Тапсырма

---

**7** Біз адасушылықтан ... арқылы азаттық аламыз.

- а) түсімізде аян алу
- ә) көк туралы басқа адамдардың түсініктері
- б) Киелі Кітаптан үйренген ақиқат

Төменде келтірілген Киелі Кітап аяттарында Құдай өлгендердің аруағын шақырудың барлық түріне және пұтқа табынушылыққа қарсылық көрсетіп тыйым салады. Енді сіз өміріңізді Жаратқан Иеге тапсырғаннан кейін, Оның өсиеттері сізге арналады, бұрын Құдайды танымаған кезіңізде жалған нәрселерге деген сеніміңізден бұл әлдеқайда маңызды. Құдайдың осы өсиеттері, сізді бұрынғы әр түрлі пұттарға, аруақтар мен жалған құдайларға берген барлық уәделеріңіз бен анттарыңыздан азат етеді.

«Сенің Менен басқа ешқандай тәңірлерің болмасын! Аспанда, жерде не суда бар нәрселердің ешқайсысынан өзіңе тәңір бейнелерін жасама! Сондайларға бас иіп табынып, құлшылық етпе! Мен сенің Құдай Иеңмін, Өзімнен басқа тәңірлеріңнің болуына еш төзбеймін. Мені менсінбейтіндерді немерелері мен шөберелеріне дейін жазалаймын» (Мыс. 20:3-5).

«Араларыңдағы ешқайсың ұл-қызын оттан өткізіп (жалған тәңірге құрбандыққа ұсынбасын)! Бал ашып, жауырынға қарап, не құмалақ салып сәуегейлікпен де айналыспаңдар! Сикырлау, дуалап үшкіру және теріс бата берумен де шұғылданбаңдар! Аруақтарды шақырып, олармен тілдесуші, ақыл-кеңестерін сұраушы да болмаңдар! Араларыңда осылай істейтіндер болмасын! Бұндай істермен айналысатын әркім Жаратқан Иеге жек көрінішті. Осындай қылықтарына бола Құдай Иеміз сол азғын халықтарды алдарыңнан қуып шығады» (Заң. 18:10-12).

Сіз жалған тәңірлер мен аруақтарға қызмет етуден азатсыз, өйткені жалғыз шынайы Құдайдың меншігісіз. Сіз зұлым рухтардан, олар сізге кесірін тигізеді деген қорқыныштан да азатсыз. Сіздің жүрегіңіздегі Құдайдың Киелі Рухы, сізге кесірін тигізгісі келетін барлық зұлым рухтардан әлдеқайда құдіретті.

## Тапсырма

---

- 8** Сіз бұрынырақ осы сабақта немесе Киелі Кітапта айтылған жалған тәңірлерге сенім артып табындыңыз ба? Егер жауабыңыз «иә» болса, төмендегі мінәжатты оқып сиыныңыз. Бұрын сенім артқан барлық жалған сенімдеріңізді атап шығыңыз. Құдайдан сізді олардан босатуын және олардан шығу қорқынышынан босатуын сұраңыз.

*Көктегі Әке, Сен – жалғыз шынайы Құдайсың. Сен жердегі және көктегінің бәрінен де құдіреттісің. Мен .....*

.....

*бас тартамын және бұдан былай осылардың ешқайсысын қайталамаймын. Жалғыз Ұлың Иса Мәсіх, менің Тәңірім және Құтқарушыым арқылы тек Саған табынамын. Амин.*

## В. ТҮСІНБЕСТІКТЕН БОСТАНДЫҚ

Киелі Кітаптың Көне Келісім деген бөлімінде көптеген заңдар жазылған. Кейбір адамдар осы заңдардың бүгін бізге қалай қатысты екенін түсінбеуі мүмкін.

Бұл заңның көпшілігі Құдайдың көптеген жылдар бұрын еврей халқымен жасаған келісіміне қатысты және салтанатты сипатқа ие. Мұса Мысырдан шыққан халық үшін Құдайдан осы өсиеттің шартын қабылдап, олар үшін барлық ережелер мен нұсқауларды алды. Бұл заңға құрбандыққа қатысты нұсқаулар және мейрамдарға, Құдайға тағзым етудің түрлеріне, тағамға және тазаруға қатысты нұсқаулар кіреді. Құдай бұл заңды Мұса арқылы бергендіктен, кейде бұл заң «Мұсаның Заңы» деп аталады.

Көне Келісімдегі осы діни нұсқаулардың барлығы Иса Мәсіхтің және Ол арқылы келетін құтқарылудың белгісі іспетті. Иса Мәсіх халықтың күнәсін өтейтін мінсіз құрбандық болуға тиіс болды. Ол Заңның барлық талаптарын орындап және Исаны өзінің жалғыз Құтқарушысы етіп қабылдаған әркіммен, яһуди немесе басқа ұлттар болсын, келісім орнату керек еді.

Осылайша Мұсаның заңы яһуди халқына қатысты және Мәсіх жерге келгенше ол күшінде болды. Иса келген кезден бастап біз жаңа өсиеттің, Жаңа Келісімнің ережелерімен өмір сүреміз.

### Тапсырма

---

9 Мұсаның заңы ... дейінгі уақыт аралығын қамтиды.

- а) жаратылыстың басынан Мұсаға
- ә) Мұсадан Мәсіхке
- б) Мәсіхтен күні бүгінге дейін

Кейбір адамдарда осы туралы түсінбестіктер болады, Мұсаның заңында көрсетілгендей діни демалыс күні сенбі күнін қастерлеп ұстануымыз керек деп санайды. Дегенмен аптаның бірінші күні – Исаның өлімнен тірілген күнінен бастап, мәсіхшілер Оның қайта Тірілу күнін еске алу үшін жексенбі күні жинала бастады. Сол кезден бастап осы күн Тәңірдің Күні деп аталады.

Біз Құдайға сиыну үшін аптаның бір күнін бөліп, бірге жиналамыз. Біз мұны белгілі бір ережелерді немесе нұсқауларды орындауға міндетті болғанымыз үшін істемейміз, біз Құдайды сүйгендіктен және Киелі Рухтың жетелеуімен Мәсіхтегі бауырларымызбен қарым-қатынаста болу үшін істейміз.

Мұсаның заңы бойынша кейбір жануарлардың етін тамаққа пайдалануға тыйым салынған еді. Жаңа Келісім бізді осы ережеден босатты. Бізде қазір, Мұсаның заңына дейін, бастапқы адамдарда болған бостандық бар. Құдай Нұхқа жануарлардың қанын шығармай тұрып, етін жеуге тыйым салды, біз осы тыйым салуды Жаңа Келісімде де көреміз. Бірақ біз тамаққа кез келген етті қолдана аламыз.

«Қимылдап жүргендер мен кеудесінде жаны барлардың бәрі сендерге қорек болады. Өсімдіктерді бергенім сияқты, қазірден бастап сендерге бәрін де беремін. Алайда қанын шығармай тұрып, олардың етін жеуші болмаңдар, жаны қанында ғой» (Жар. 9:3-4).

«Құдай жаратқандардың бәрі де адал; шүкірлік етіп қабылданған тамақтарға тыйым салуға болмайды. Олар Құдайдың сөзін оқып, Оған сиынуымыз арқылы Оған бағышталып адал болады» (1 Тім. 4:4-5).

«Базарда сатылатын еттің бәрін құрбандыққа шалынғандығы жайлы еш сұрақ қоймай ар-ұждан алдында қысылмай-ақ, жеулеріңе болады... Сол сияқты, егер Құдайға сенбейтін біреу дәмге шақырып, онысын құп алсаңдар, онда еш сұрақ қоймай ар-ұждан алдында қысылмай-ақ, жей беріңдер» (1 Қор. 10:25, 27).

«Сондықтан ешкім сендерді белгілі тағамдар мен сусындарды ішкендерің, немесе бір мерекені, айдың басын не діни демалыс күнін сақтамағандарың үшін айыптамасын!» (Қол. 2:16).

## **Тапсырма**

---

**10** Дұрыс қағидалардың алдындағы әріптерді шеңбермен қоршаңыз.

**а)** Мұсаның Заңындағы діни нұсқаулар Иса Мәсіхтің мінсіз құрбандығының үлгісі болды.

**ә)** Біздің заманымыздағы мәсіхшілер Құдайға сенбі күні табынулары керек.



- б) Біздің заманымызда мәсіхшілерге еттің барлық түрін жеуге болады.
- в) Яһуди мерекелеріне қатысты нұсқаулар біздің заманымыздағы мәсіхшілерге де қатысты.

---

## Г. ТҮСІНБЕСТІКТЕН БОСТАНДЫҚ

Көктегі Әкеңіз сізді сүйеді және Ол сіздің мұқтаждықтарыңызды қамтамасыз етеді. Оған сенім артыңыз.

«Барлық уайымдарыңды Құдайға сеніп тапсырыңдар, себебі Ол қамдарыңды ойлайды!» (1 Пет. 5:7).

«Сондықтан не ішіп-жейміз, не киеміз деп уайымдамаңдар! Тәңірге мойынсұнбайтыңдар барлық сондай нәрселерге ие болуға тынымсыз ұмтылуда. Ал бұлардың бәрінің сендерге қажет екенін көктегі Әкелерің біледі ғой. Ең бастысы, Құдайдың Патшалығының қамын ойлап, Құдайдың әділ еркін орындауға ұмтылыңдар! Сонда көктегі Әкелерің сендерге бұлардың бәрін қосып береді» (Мат. 6:31-33).

### Тапсырма

---

- 11** Петірдің 1-хаты 5:7 аятын қайта оқып шығыңыз. Бір нәрсеге тынышсызданып тұрсыз ба? Бұл туралы Көктегі Әкеңізге айтыңыз. Оған жауабы үшін алдын-ала алғыс білдіріңіз.

---

Ауру біздің өмірімізге көптеген қобалжушылық пен қорқыныштар алып келеді. Осындай уайымдарыңызды да сіз Көктегі Әкеңізге бере аласыз. Иса Мәсіх – біздің Ұлы Емдеушіміз, сіздің ең жақын досыңыз болады. Ол сізді сүйеді. Өзінің жерде жүргенде науқастарды сауықтырғанындай, Ол қазір де адамдардың мінәжаттарына жауап беріп, оларды науқастарынан айықтырады. Киелі Кітап науқастанып қалсаңыз, қауым ақсақалдарын (бағушы мен жетекшілерің) шақырып, денсаулығыңыз үшін сиынуларын сұрауыңыз керектігін айтады.

«Қайсыбіреуің ауырып қалса, қауым жетекшілерін шақыртсын. Олар соның маңдайына Жаратқан Иенің атынан май жағып, оның үстіне қолдарын жайып сиынсын. Сеніммен сиынғандарыңа бола Иеміз науқастың денсаулығын қайтадан қалпына келтіріп, сауықтырмақ. Егер ол күнә жасаған болса, кешірілмек» (Жақ. 5: 14-15).

Сіздің бағушыңыз және қауым жетекшілері сізге қол қойып немесе Жаратқан Иенің сізге қолын қойып, науқастан сауықтыруын сұрай алады. Олар сізге киелі май жағуы мүмкін; олар мұнымен Киелі Рухтың емдеуші күшіне деген сенімдерін білдіреді.

## Тапсырма

---

**12** Сіз бір науқастан сауыққыңыз келе ме? Бағушыңыздан сіз үшін сиынуын сұраңыз. Егер сіз осы курсты сырттай оқып жүрген болсаңыз, осы оқудың қызметкерлері сіз үшін қуана сиынады. Өз жауабыңызды жібергенде, мұқтаждықтарыңыз туралы да жазып жіберуіңізге болады.



Көптеген адамдар Құдайдан керемет сауығу алды. Кейде Құдай адамды бірден сауықтырмайды. Мысалы, елші Пауыл өзінің бір мұқтажы үшін үш рет Құдайға сиынып сұрады. Құдай оның мінәжатын естіді, бірақ Ол Пауылдың ауруын алып, оны босатқан жоқ. Ол Пауылға былай дейді: «Менің рақымым саған жетер: күшсіз жағдайыңда Менің күдіретім толықтай іске аса алады». Сондықтан Мәсіхтің күдіретінің бойымда орнығуы үшін, күшсіздігіме қуана мақтанамын» (2 Қор. 12:9).

Қандай жағдай болмасын, сіз Құдайға толық үміт арта аласыз. Уақыты келгенде, Ол біздің денемізді Иеміз Исаның денесіне ұқсас етіп өзгертеді. Сіздің жаңа денеңіз мүлтіксіз болады! Содан кейін сіз ешқандай аурудан, не кемтарлықтан, не әлсіздіктен қиналмайсыз.

## Ғ. БОЛАШАҚТАҒЫ БОСТАНДЫҚ

Қазіргі сіздегі бар бостандық өте тамаша. Дегенмен Құдай сізге бұдан да асқан керемет болашақ дайындап қойды. Біздің Ұлы Азаткеріміз – Иса Мәсіх Өзіне тиесілі адамдар үшін жерге қайтып

келеді. Сол кезде ақырында сіз Құдайдың балаларының кемеліне толған және салтанатты бостандығын танып-білесіз. Иса сізді Көктегі үйге алып кетеді. Жаратылыс атаулының бәрі күнәдан және оның кесірінен толық бостандық алады.

«Ол барлық көз жастарын сүртіп тастап жұбатады. Енді қайтып өлім, жоқтау, зар еңіреу мен ауру болмайды. Себебі бұрынғы әлем құрып, жоқ болды» (Аян 21:4).

«Болашақта біз үшін анық көрінетін салтанатты ұлылықпен салыстырғанда, қазіргі заманның азаптарының түк емес екендігіне әбден сенемін» (Рим. 8:18).

«Өйткені жаратылыс өз еркімен емес, Құдайдың үкімімен өткіншілікке бағынды. Солай бола тұра, Құдай бізге болашақта жаратылыс та өткіншіліктің құлдығынан босатылып, Құдайдың рухани балаларының салтанатты ұлылығы мен бостандығына жетеді деген үміт берді» (Рим. 8:20-21).

## Тапсырма

---

- 13** Аян 21:4 аятты қайта оқып шығыңыз. Құдайға осы хабары үшін, Оның сізге дайындаған керемет болашағы үшін алғыс айтыңыз.

Иса келіп, бізді Әкеміздің үйіне алып кеткенше, біз шайтанға қарсы күресуіміз қажет. Азғырулар мен сынақтар болады, бірақ біз берілмеуге, бостандығымыздан айрылмауға тиіспіз. Ғалаттықтарға хат 5:1 аят былай ескертеді: «Мәсіх бізді еркін өмір сүрсін деп азат етті. Енді табанды болып, құлдықтың қамытын қайта кимеңдер!»

«Құдай оларға осы құпия хабарда басқа ұлттар үшін қаншама мол жарылқау бар екенін білдірмек болып шешті: Мәсіх жүректеріңнен орын алды, сол себептен болашақ ұлылықтан үміттісіңдер» (Қол. 1:27).

«Сонымен, біреу Мәсіхпен тығыз байланыста болса, сол — жаңадан жаратылған адам. Ескі өмірі өтіп кетіп, міне, жаңасы пайда болды!» (2 Қор. 5:17).

«Енді мен емес өмір сүретін, бірақ менің бойымда Мәсіх өмір сүреді. Ал қазір тәнде өмір сүріп жатқаным, мені сүйіп және Өзін мен үшін берген, Құдайдың Ұлына деген сеніммен өмір сүрудемін» (Ғал. 2:20).

## **Тапсырма**

---

**14** 1 Қор. 5:7 мен Ғал. 2:20 аятты қайталап оқып шығыңыз.

**15** Сіздің жаңа мәсіхшілік өміріңіз және бостандығыңыз ... негізделген.

- а)** әр түрлі ережелер мен бұйрықтарды орындауыңызға
- ә)** қаншалықты жақсы болуға тырысуыңызға
- б)** мәсіхшілік діндегі біліміңізге
- в)** Мәсіхтің сіздің жүрегіңізде өмір сүруіне



Сіз Мәсіхте керемет жаңа өмірге – Құдайдың баласының салтанатты бостандығы бар мәңгілік өмірге ие болдыңыз. Өмірдегі барлық нәрседен оны артық бағалаңыз. Күннен күнге осы өмірдің рахатын көресіз.

## Өз жауаптарыңызды тексеріңіз

---

- 6 ә)** Құдайға сенім арту.
- 1 б)** Иса Мәсіхті өзіңнің Құтқарушың етіп қабылдау
- 7 б)** Киелі Кітаптан үйренген ақиқат.
- 3 ә)** Егер сіз шайтанға қарсы тұрсаңыз, ол сізден безіп кетеді.
- 4 а) 1)** Қазір және болашақта иемденетін бостандық  
**ә) 2)** Тек болашақта иемденетін бостандық  
**б) 1)** Қазір және болашақта иемденетін бостандық  
**в) 1)** Қазір және болашақта иемденетін бостандық  
**г) 2)** Тек болашақта иемденетін бостандық
- 10 а) және в)** жауаптары дұрыс.
- 5** Құдай біздің сенімімізді сынау үшін қиындықтар жібереді және соларды жеңу арқылы бізді күшті болуға үйретеді.
- 15 в)** Мәсіхтің сіздің жүрегіңізде өмір сүруіне.

### ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Сіз осы курсты бітірдіңіз. Осы сабақтар сізге үлкен көмек болды деп үміттенеміз. Бірінші және екінші тараудағы сабақтарды бір қайталап шығып, *Екінші тарауда алған біліміңізді бағалау* сұрақтарына жауап беріңіз. Бағалау сұрақтарына жауап бергеннен кейін, бағалауды өткізу барысында нұсқаулықты мұқият орындаңыз.

# ӘР ТАРАУДА АЛҒАН БІЛІМІҢІЗДІ БАҒАЛАУ СҰРАҚТАРЫ

## Бағыттар

Кітаптың әрбір Тарауының сабақтарын оқып аяқтаған соң, Тараулардың әрқайсына берілген Әр тарауда алған біліміңізді бағалау сұрақтарына Жауап беруге арналған парақшада жауаптарыңызды жазып толтырыңыз. Толтырылған Жауап беруге арналған парақшаны жақын арадағы ХСИ бөліміндегі өзіңіздің нұсқаушыңызға жіберіңіз.

Сұрақтарды мұқият оқып шығыңыз. Төмендегі сұрақтың бір ғана дұрыс жауабы бар. Өзіңіз таңдаған жауаптың орнын бояңыз. *Жауабыңызды кестеде белгілер алдында, оның алдында тұрған сан әр тарауда алған біліміңізді бағалау сұрағының санымен бірдей болуы керек.*

### Мысалы:

**1** Қайта туылу мына мағынаны білдіреді;

- а)** жасы жағынан кіші болу.
- ә)** Исаны Құтқарушы деп қабылдау.
- б)** жаңа жылды бастау.

Дұрыс жауап: **ә)** Исаны «Құтқарушы» ретінде қабылдау керек сондықтан, бос кеңістікті келесідей бояңыз:

**1**    (A)    ●    (Б)

## БАҒАЛАУ

Осы курсты аяқтаған соң, екі тараудағы есеп беру нұсқасына жауап беріп, жауап парақшасын оқытушыңызға немесе біздің кеңсемізге жіберуіңізді сұраймыз.

# ЖАУАП БЕРУГЕ АРНАЛҒАН ПАРАҚШАЛАР

«Сіздің Жаңа Өміріңіз» бағдарламасы

Студент жайлы мағлұмат

Курстың аты: .....  
(бас әріптермен жазуыңызды өтінеміз)

Аты-жөні: .....

Студенттік нөміріңіз: .....  
(білмесеңіз, орынды бос қалдырыңыз)

Мекен-жайыңыз: .....

.....  
.....

Елді мекені: .....

Пошта (E-mail): .....

**Тиісті сұрақтың нөмірінен кейін орналасқан үш  
тік төртбұрыштың дұрыс жауабын бояңыз.**

## 1 ТАРАУ

- |    |     |     |     |    |     |     |     |
|----|-----|-----|-----|----|-----|-----|-----|
| 1  | (A) | (Ә) | (Б) | 11 | (A) | (Ә) | (Б) |
| 2  | (A) | (Ә) | (Б) | 12 | (A) | (Ә) | (Б) |
| 3  | (A) | (Ә) | (Б) | 13 | (A) | (Ә) | (Б) |
| 4  | (A) | (Ә) | (Б) | 14 | (A) | (Ә) | (Б) |
| 5  | (A) | (Ә) | (Б) | 15 | (A) | (Ә) | (Б) |
| 6  | (A) | (Ә) | (Б) | 16 | (A) | (Ә) | (Б) |
| 7  | (A) | (Ә) | (Б) | 17 | (A) | (Ә) | (Б) |
| 8  | (A) | (Ә) | (Б) | 18 | (A) | (Ә) | (Б) |
| 9  | (A) | (Ә) | (Б) | 19 | (A) | (Ә) | (Б) |
| 10 | (A) | (Ә) | (Б) | 20 | (A) | (Ә) | (Б) |

**ХСИ ҮШІН ТОЛТЫРЫЛАДЫ**

Күні: ..... Баға: .....

## 2 ТАРАУ

Берілген сандардағы дұрыс орынды бояңыз. Барлық сұрақтардың реттік саны жауап беруге арналған парақтағы кестенің алдындағы санмен бірдей.

- |    |     |     |     |    |     |     |     |
|----|-----|-----|-----|----|-----|-----|-----|
| 1  | (А) | (Ә) | (Б) | 11 | (А) | (Ә) | (Б) |
| 2  | (А) | (Ә) | (Б) | 12 | (А) | (Ә) | (Б) |
| 3  | (А) | (Ә) | (Б) | 13 | (А) | (Ә) | (Б) |
| 4  | (А) | (Ә) | (Б) | 14 | (А) | (Ә) | (Б) |
| 5  | (А) | (Ә) | (Б) | 15 | (А) | (Ә) | (Б) |
| 6  | (А) | (Ә) | (Б) | 16 | (А) | (Ә) | (Б) |
| 7  | (А) | (Ә) | (Б) | 17 | (А) | (Ә) | (Б) |
| 8  | (А) | (Ә) | (Б) | 18 | (А) | (Ә) | (Б) |
| 9  | (А) | (Ә) | (Б) | 19 | (А) | (Ә) | (Б) |
| 10 | (А) | (Ә) | (Б) | 20 | (А) | (Ә) | (Б) |

### ХСИ ҮШІН ТОЛТЫРЫЛАДЫ

Күні: ..... Баға: .....



# 1 ТАРАУДА АЛҒАН БІЛІМІҢІЗДІ БАҒАЛАУ СҰРАҚТАРЫ

- 1 Сіз ... сәттен жаңа өмір бастайсыз.
  - а) жақсы адам болуға шешім қабылдаған
  - ә) Мәсіхтің жүрегімізде өмір сүріп бастаған
  - б) мәсіхші болу туралы бәрін түсінген
- 2 Алдымен ... арқылы мәсіхшілік жаңа болмысыңызды дамытасыз.
  - а) Исаға дәлме-дәл еліктеу
  - ә) басқа мәсіхшілер сияқты болу
  - б) Исамен күнде тығыз қарым-қатынаста болу
- 3 Жаңа өміріңізде Құдай сіз үшін –
  - а) сізден алыс Біреу.
  - ә) сүйюші Әкеңіз.
  - б) тапсырманың орындалуын қадағалайтын мырза.
- 4 Жаңа өміріңізде жүруді үйрену үшін ...
  - а) өзіңізге және өз қабілетіңізге сенімді болу.
  - ә) қолыңызды Оның қолына беріп, Оның көмегіне сүйенуіңіз керек.
  - б) не істеу керектігін білгенше күтуіңіз керек.
- 5 Көктегі Әкеңіз шайтаннан әлдеқайда күшті және ...
  - а) сізге көмектесу үшін жаныңызда болады.
  - ә) көмектесуге тырысады, бірақ әрқашан көмегін бере алмайды.
  - б) Ол ешкімді жазаламайды, тіпті жазаға лайық болса да жазаламайды.
- 6 Тәубе ету дегеніміз – ...
  - а) діни қызметкердің алдында барлық күнәларыңды мойындау.
  - ә) өзіңнің өзгергің келетіні жайлы басқа адамдарға айту.
  - б) істеген күнәларға өкініп, олардан теріс айналу.
- 7 Құдай сізбен сөйлескісі келеді, өйткені Ол...
  - а) бардың бәрін жаратты.
  - ә) сізді Көктегі Әкеңіз ретінде жақсы көреді.
  - б) не қаласа, соның бәрін істей алады.

- 8** Құдай Өзінің Сөзін халқына ... арқылы жеткізеді.
- а) мәсіхші бағушылар
  - ә) медиум-спиритистер
  - б) балгерлер
- 9** Киелі Кітапта алпыс алты кітап және ...
- а) тек қана бір тақырып бар.
  - ә) қатты шатасқан.
  - б) қарапайым мәсіхшілер түсінбейді.
- 10** Құдайдың дауысын еститін жолдың бірі:
- а) басқаларды елемеу.
  - ә) әрбір ойымыздың Құдайдан келетініне сену.
  - б) Киелі Кітап аяттарын қайтара оқып, жаттап алуды әдетке айналдыру.
- 11** Сізге ... рухани өсуге көмек болады.
- а) Басқалармен дін жайлы айтысу
  - ә) құпия діни рәсімдерді орындау
  - б) Киелі Кітапты зерттеп оқу және Құдайға сиыну
- 12** Уайым-қайғы мен қапаны... арқылы жеңе аласыз.
- а) ішкі күштеріңізге үміт арту
  - ә) уайымдамай, бақытты болу үшін бар күшіңізді салу
  - б) Құдайдың уәделеріне сеніп, үміт арту
- 13** Ой-санаңызды таза ұстаудың дұрыс жолы:
- а) көзіңізді жұмып, құлағыңызды жабу.
  - ә) жаман ой келген сайын өзіңіздің жаныңызға бататын әрекет жасау.
  - б) Киелі Кітап тәлімдеріне бағынып, Құдайға ұнамды болуға ұмтылу.
- 14** Ойыңыздан аулақ ұстау керек рухани улардың бірі –
- а) өшпенділік.
  - ә) Құдайдың қуанышы.
  - б) басқаларға деген сүйіспеншілік.

- 15** Денеміз жаттығулармен нығаяды; жанымыз ... арқылы нығаяды.
- а) Құдайға қызмет ету
  - ә) Құдай үшін уайымдау
  - б) Құдайға ұнамсыз істер жасау
- 16** Адам өзінің бос уақытын қалай өткізуі мынаған байланысты:
- а) оның негізгі қызығушылығына.
  - ә) оны қоршаған ортаның пікіріне.
  - б) оның қаншалықты уақыты барына.
- 17** Құдайдың баласы ретінде ерекшеленетін жаңа мақсатыңыз:
- а) көбірек ақша табуға тырысу.
  - ә) өмірдің жақсы нәрселерінен ләззат алу.
  - б) Көктегі Әкеңізбен қарым-қатынаста уақыт өткізу.
- 18** Егер бағушы сізге ренжітетін бір сөз айтса, сіз...
- а) басқаларға бағушыңызды жамандайсыз.
  - ә) қауымға бармай қоясыз немесе басқа қауымға кетесіз.
  - б) оны кешіріп қауымға баруды жалғастыра бересіз.
- 19** Жиі кездесетін адамдар және кімге Иса туралы айта аласыз?
- а) Сіздің отбасыңыз және достарыңыз.
  - ә) Атақты адамдар мен әлем билеушілері.
  - б) Қайтыс болған сүйіктілеріміздің рухы.
- 20** Мәсіхшілер қандай маңызды себепке негізделіп құрбандық береді?
- а) Өйткені олар бай болғысы келеді.
  - ә) Құдай іспетті жомарт болу үшін.
  - б) қауымына құрбандық бермейтін адамдарды Құдай жазалайды.

## 2 ТАРАУДА АЛҒАН БІЛІМІҢІЗДІ БАҒАЛАУ СҰРАҚТАРЫ

- 1 Жақсы ұйымдастырылған үйде ұстанатын ережелерді ... орнатады.
  - а) балалар
  - ә) көршілер
  - б) ата-аналар
- 2 Кім бізге мінсіз мәсіхшілік өмір үлгісі бола алады?
  - а) Сіздің бағушыңыз.
  - ә) Иса Мәсіх.
  - б) Қауымның қасиетті адамдары.
- 3 «Иеміздің мінәжатында» Иса бізді ... сиынуды үйретеді.
  - а) әулиелерге
  - ә) біздің ата-бабаларымыздың аруағына
  - б) Құдайға, біздің Көктегі Әкемізге
- 4 Иса бізді ... шынайы жетістікке жетесің деп үйретеді.
  - а) бақытты болу үшін күш салсақ,
  - ә) күнделікті көптеген мәніжаттарды қайталай берсек,
  - б) ойымызды, сөзімізді және іс-әрекеттерімізді Оның тәліміне сай құрсақ,
- 5 Құдайдың Киелі Рухты жіберу себебі:
  - а) бір мезгілде барлық жерде болу.
  - ә) жерде Исаның орнын басу.
  - б) сізде өмір сүріп, сізді жетелеу және көмектесу үшін.
- 6 Киелі Рухтың жемісі дегеніміз –...
  - а) Киелі Кітаптағы рухани ақиқаттар.
  - ә) Киелі Рух жетілдірген мәсіхшілік мінез-құлықтың жақсы қасиеттері.
  - б) Иса Мәсіх туралы Ізгі хабарды еститін адамдар.
- 7 Киелі Рухпен шомылдырудың негізгі мақсаты – бұл мәсіхшіге ... үшін күш беру.
  - а) тиімді куәлік ету және сиыну
  - ә) құтқарылуға жету
  - б) сауықтыру кереметін жасау

- 8** Киелі Рухтың дарындары дегеніміз – ...
- а) қауым жетекшілері беретін ерекше дарын.
  - ә) әркім қауымға ақша беру арқылы алынатын рухани қабілет.
  - б) бәріне пайда әкелу үшін қолданылатын Киелі Рухтың біреуге беретін рухани қабілеті.
- 9** Сіздің өміріңіз басқа адамдар үшін нұр бола алады, өйткені...
- а) дарындысыз және сізде көптеген жарқын ойлар бар.
  - ә) Иса сіздің жүрегіңізде.
  - б) жергілікті қауым жиындарына қатысасыз.
- 10** Құдай қазіргі айналаңызда ... мүмкіндігін береді.
- а) түнекте өмір сүретіндерге нұр болу
  - ә) қорқынышта өмір сүріп, бірақ жақсы болашаққа үміт арту
  - б) достарыңызға қарағанда, азырақ уайымшыл болу
- 11** Сіздің өміріңіз айналаңыздағы адамдарға ... көрсетеді.
- а) қалай бақытты болуды
  - ә) қалай ашушаң және көңілсіз болуды
  - б) Құтқарушы мен көкке апаратын жолды
- 12** Көптеген адамдар... көргеннен кейін Ізгі хабардың күшіне сене бастайды.
- а) мәсіхші болғаннан кейін сөйлесу мәнерінің өзгергенін
  - ә) мәсіхші болғаннан кейін киіну мәнерінің өзгергенін
  - б) мәсіхші болғаннан кейін табыстарының өскенін
- 13** Егер мәсіхшіге өзінің жаман әдеттерінен арылу қиынға соқса, онда ол былай істеуі керек:
- а) арнайы сиынуларын сұрауы керек.
  - ә) қауымға баруы керек.
  - б) жаман әдеттерін құпия істей берулері керек.
- 14** Егер сіздің отбасыңыздың мүшелері бірден мәсіхші болмаса, онда сіз...
- а) олар үшін сиынуды доғаруыңыз керек.
  - ә) олар үшін табандылықпен сиынуды жалғастыра беруіңіз керек.
  - б) Құдай оларды құтқармайды деп ойлауыңыз керек.

- 15** Егер сіз ... отбасыңыз бақыттырақ болады.
- а)** өзіңіздің бұрыс істеріңіз үшін жанұя мүшелерінен кешірім сұрасаңыз,
  - ә)** өзіңіздің үй қожайыны екеніңізді бәріне көрсетіп, сізден қорқу керектігін дәлелдеуге тырыссаңыз,
  - б)** өзіңізге жамандық жасаған әркімді өзіңізден кешірім сұрауға күштесеңіз,
- 16** Некеге адалдық уәделерін ұстанатын жұптар ...
- а)** олардың махаббаттары іш пыстырады.
  - ә)** қазіргі заманғы шындықты білмейді.
  - б)** өзара сенімділіктің берекесін және көктің қуанышын көрсетеді.
- 17** Сіз кінәдан, жазадан және күнәнің билігінен ... арқылы бостандық алдыңыз.
- а)** осы сәттен бастап жақсылыққа бет бұруға шешім қабылдау
  - ә)** күнәларыңызды мойындап, тәубеге келу
  - б)** Иса Мәсіхті өзіңнің Құтқарушың етіп қабылдау
- 18** Күнәға азғыратын жаман әдеттеріңізден бірден бостандық ала алмасаңыз,
- а)** жаман әдеттен еш арылмайсыз.
  - ә)** жаман әдетіңізді басқа жаман әдетпен айырбастап көріңіз.
  - б)** Құдай бостандық беретініне сеніп сиына беріңіз.
- 19** Қорқыныштан арылудың ең жақсы әдісі – ...
- а)** күшті сикыршылықтарды пайдалану.
  - ә)** Құдайдың көмектесетініне сенім арту.
  - б)** «қолдаушылардың» кескінінің алдына шам қою.
- 20** Сіздің жаңа мәсіхшілік өміріңіз және бостандығыңыз ... негізделген.
- а)** Мәсіхтің сіздің жүрегіңізде өмір сүруіне
  - ә)** әр түрлі ережелер мен бұйрықтарды орындауыңызға
  - б)** қаншалықты жақсы болуға тырысуыңызға

## СОҢҒЫ СӨЗ

Осы оқу құралы сізді Құдаймен қарым-қатынасыңыз жайлы ойландырады деген үміттеміз. Бұл курсты бітіргеннен кейін және «Мен шынымен де мәсіхшімін бе? Құдайды танимын ба? Құдай менің өмірімде орын ала ма?» деген сияқты толғандыратын сұрақтарға жауап алғаннан кейін, сізге Құдаймен жақын қарым-қатынаста болу мүмкіншілігін бергіміз келеді.

Бәріміз қателіктер немесе жамандықтар жасадық. Осылайша біз өзімізге және басқаларға зардап шеккіздік. Киелі Кітап оны күнә деп атайды және бәріміз кінәліміз: «бәрі де күнә жасап, Құдайдың өздеріне белгілеген ұлылығынан құр алақан қалды» (Рим. 3:23). Біздің күнәларымыз Құдайды сүйіспеншілікке толы Әке ретінде білуден тоқтатады. Құдай біздің күнәларымызға қарамастан, бізді сүйеді. Бізді соншалықты сүйгендіктен, Ол біз үшін өлімге Өзінің жалғыз Ұлын жіберді: «Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады» (Жох. 3:16). Иса өлген кезде, біздің күнәларымыздың жазасын Өз мойнына алды.

Исаны өз Құтқарушыңыз ретінде қабылдағыңыз келе ме? Бұл өте оңай:

- Өзіңіздің Құдайдан алыстап кеткен, Оған мұқтаж күнәкар екеніңізді мойындап, Одан өзіңізді кешіруін сұраңыз.
- Бүкіл жүрегіңізбен Исаға сенім артып, Оны Құтқарушы ретінде қабылдағаныңызды айтыңыз.

Құдайға өз сөзіңізбен төмендегі сияқты мінәжат арқылы сиына аласыз:

*Құрметті Иса, күнәкар екенімді білемін. Өтінем, мені кешіре гөр. Мен Сенің Құдайдың мәңгілік Ұлы екеніңе сенемін. Менің күнәларым үшін айқышта өлгеніңе алғысымды білдіремін. Маған келіп, өмірімде орын ала гөр! Бүгіннен бастап өмірімнің Иесі болшы. Мені құтқарғаныңа рақмет!*

Сіз осылай шын жүректен сиынсаңыз, сіздің күнәларыңыз кешіріліп, мәңгілік өмірге ие боласыз. Иса – өміріңіздің Иесі. Киелі Кітап былай дейді: «Егер де күнәларымызды мойындасақ, Құдай сенімді де әділетті болғандықтан оларды кешіріп, бізді барлық әділетсіздігімізден тазартады» (1 Жох. 1:9).

# ОҚУШЫ САУАЛНАМАСЫ

Оқуға тіркелген немесе тіркелмеген болсаңыз да, келесі парақтағы сауалнаманы оқып толтырған соң, ХСИ бөліміндегі өзіңіздің нұсқаушыңызға жіберіңіз. Құдай сіздің сенім сапарыңызды жарылқасын!

Бұл кітап сізбен керекті мағлұматтарды бөлісу үшін жазылған. Сіз бұл кітаптың келесі негізгі ақиқаттарға негізделгенін байқайсыз:

1. Сіз Құтқарушыға мұқтажсыз. Оқыңыз: Рим. 3:23, Езк. 18:20.
2. Сіз өзіңізді құтқара алмайсыз. Оқыңыз: 1 Тім. 2:5, Жох. 14:6.
3. Құдай бүкіл әлемнің құтқарылуын қалайды. Оқыңыз: Жох. 3:16-17.
4. Құдай Исаны құрбандыққа берді, Оған сенген әркімнің жаны құтқарылатын болады. Оқыңыз: Ғал. 4:4-5, 1 Пет. 3:18.
5. Киелі Кітап бізге құтқарылу жолын көрсетеді және мәсіхшілік өмірде қалай өсуді үйретеді. Оқыңыз: Жох. 15:5, 10:10, 2 Пет. 3:18.
6. Мәңгілікте сіздің тағдырыңыз қандай болатынын өзіңіз анықтайсыз. Оқыңыз: Лұқ. 13:1-5, Мат. 10:32-33, Жох. 3:35-36.



## Оқушы Сауалнамасы

«Сіздің жаңа өміріңіз» бағдарламасы

Аты-жөніңіз: .....

Мекен-жайыңыз: .....

.....

Пошта (E-mail): .....

Телефон нөміріңіз : .....

**1** Осы курсты өту барысында Иса Мәсіхті Құтқарушыңыз және Иеңіз ретінде алғаш рет қабылдадыңыз ба?

иә       жоқ

Егер жауабыңыз «иә» болса, қалай болғанын айтып беріңіз .....

.....

**2** Осы курс басқа адаммен Иса туралы бөлісуге көмектесті ме?

иә       жоқ

**3** Осы курс сізді мәсіхші ретінде нығайтты ма?

иә       жоқ

Егер жауабыңыз «иә» болса, қалай? .....

.....

**4** Осы курсты өтіп шығуды басқаларға ұсынасыз ба?

иә       жоқ

Достарыңыздың байланыс деректерін беріңіз, осы курсты қалай өтуге болатыны жайлы мағлұмат жібереміз.

Досыңыздың аты-жөні: .....

Мекен-жайы: .....

.....

Пошта (E-mail): .....

Телефон нөмірі: .....

**Осы курстан кейін «Мәсіхшілік өмір сериясының»  
келесі курсын өтуіңізге болады немесе  
жетекшіңізден осыған ұқсас қандай оқу құралын  
өтуге болатынын сұраңыз.**